

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

C.Қ. Алтайбаев

КРИМИНОЛОГИЯ

Оқу құралы

ҚАРАҒАНДЫ
2022

ӘОЖ 343.9 (075.8)

ҚБЖ 67.51 я73

A 46

*Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша басылды*

Рецензенттер: Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды университетінің қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасының профессоры, з.ғ.к., доцент **А.Ж. Машабаев**, Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті з.ғ.к. **Б.Б. Кощегулов**.

C.K. Алтайбаев

A 46 Криминология. Оқу құралы. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2022. — 141 б.

Оқу құралында криминологияның жалпы бөлімнің теориялық ережелеріне негізделген жеке қылмыс түрлерінің сипатын ықшамдап қарастырады. Криминология пәні бойынша оқу құралы Қазақстан Республикасында осы саладағы бірден-бір басты басылым болып табылады және бұл басылым бекітілген оқу пәні бағдарламасына сәйкес дайындалған.

Оқу құралында зандық білім беретін оқу орындарының курсанттары мен студенттеріне, магистранттар, докторанттар мен оқытушыларға және тәжірибелік қызметкерлерге арналған.

Оқу құралы қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастамасымен дайындалды.

ӘОЖ 343.9 (075.8)

ҚБЖ 67.51 я73

ISBN 978-601-7499-16-7

© Қазақстан Республикасы ПМ

Б. Бейсенов атындағы

© Қарағанды академиясы, 2022;

© С.К. Алтайбаев

KIPICPE

Криминология пәні бойынша оку құралы Қазақстан Республикасында осы саладағы бірден-бір қажетті басылым болып табылады және бұл басылым болып табылады және бұл басылым бекітілген оку пәні бағдарламасына сәйкес дайындалған.

Осы оку құрал қылмыстың барынша өршіп тұрған теңдесі жоқ кезеңінде қолға алынғандықтан, автор бұрынғы оку материалдарын қайта қарауды, оның кейбір концептуальды тұжырымдарын қайта бағалауды талап етті. Бұл басылымның қажеттілігі «Криминология» курсына тән мәселелер бұрынғы ғылыми басылымдарда әр қылыштың көрініп, мазмұнында қарама-қайшылықтар көп болуы себепті оку процесінде тікелей пайдалануға жарамсыз қалған-ды. Осыған орай, курсанттардың криминология курсын менгеру барысында бірқатар қындықтар туындастырынын да жадында ұстаган жөн. Өйткені, қылмыс секілді әлеуметтік келенсіз құбылысқа қарсы күрестің нәтижелі болуы үшін бұған барынша шығармашылық тұрғыда келген дұрыс. Әсілінде, Қазақстан Республикасы ПМ-не қарасты оку орындарының курсанттары үшін криминологияның ғылыми негіздерін білу — білім алудың қажетті бір элементі ғана емес, сонымен бірге болашақ кәсіби қызметінде неізге алар ұстанымы да бола алады. Криминологиялық білімсіз қазіргі құні қылмысқа қарсы күрестің тиімді болатынын елестету мүмкін емес. Сондай-ақ мұндай білім қофамдағы әлеуметтік процесстерді басқаруда, заң шығармашылығы және құқық қолдау қызметінде өте-мөте қажет.

ХХ гасырда криминология өзінің жеке-даралығын және ғылыми маңыздылығын дәлелдеп берді. Криминология қылмыс туралы жалпы теориялық ғылым бола тұра, оның іс жүзіндегі практикалық маңызы да зор, өйткені ол қылмыстылықтың түбебейлі мәселелерін пайымдауға, қылмыспен куреспен күрестің айла-тәсілдерін анықтауға, қылмыстың қазіргі көрсеткіштері негізінде заннаманың негізгі бағыттарын жетілдіруге, қылмыс секілді әлеуметтік құбылысқа қарсы күрестің маңызды деген бағыттарында құқық қорғау органдарының басты құштерін жинақтауға, қоғамға қарсы қылмыс жасаушы тұлғаларға қарсы алдын алу алудың тиімді сақтық шараларын өткізуғе және жұмысты ойдағыдай үйімдастыруға мүмкіндік береді. Бұл жерде әрі қылмыстылықтың сипатын, оның сол аймакқа тән өзгешелігін, қылмыс пен оны жасаушылардың ерекшеліктерін есте ұстаган жөн. Сонымен қатар, криминология — қылмыстық жолға түсушінің алдын алу мақсатында сақтық шараларын қалыптастыратын гуманитарлық ғылым.

Осыған байланысты автор оку құралын жазу барысында криминологияның практикалық жағына басты назарды аударып, материалдарды

ұғымға женіл, мазмұнды етіп, курсанттар біліміндегі олқылықтарды толтыруға ұмтылды. Басқаша айтқанды, автор оку құралында криминологияны ғылым ретінде құрайтын негізгі бөліктерге — қылмыстырыққа, қылмыскер тұлғасына, қылмыстырықтың себептері мен шарттарына талдау жасай алу әдістемесін менгеру бірден-бір қажеттілік екенін пайымдайды.

Автор аталған оку құралымен танысу курсанттардың қылмыстырық проблемаларын тереңнен қаузап оқып-білуін, Қазақстан Республикасы ПМ-не қарасты оку орындарын бітіруші түлектердің кәсібі дайындық деңгейін көтеруге көмек болады, сонымен бірге криминология бойынша кеңінен дайындықты қылмыс пен басқа да құқық бұзушылыққа қарсы қүресті жүзеге асыратын құқық қорғау органдары қызметкерлерінің барлық категориялары алулары тиіс деп біледі.

1. КРИМИНОЛОГИЯНЫҢ ПӘНІ, ӘДІСІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕСІ

1.1 Криминологияның үғымы және әдісі

Криминология — (латынша «*crimen*» — қылмыс, «*logos*» — ғылым) — қылмыс туралы, кең мағынада — *қылмыстылық туралы ғылым*.

Бұл терминді 1879 жылы алғаш рет итальяндық ғалым **Топинар** қолданған, **Рафаэля Гарофало** 1885 жылы «Криминология» деп аталған монография шығарылған.

«Криминология» сезі тікелей алғанда «қылмыстың себептері туралы оқу» дегенді білдіреді.

Алайда мұндай анықтама осы саладағы ғылыми білімнің бар мазмұнын толық аша алмайды.

Криминология қоғамтанудың құрамдас бөлігі ретінде қоғамдық құбылыстар мен процестерді көзінен қарастырады, тек қылмысқа қатысты ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік шынайылықтың да заңдылығын зерделейді. Ол қылмыстың алдын алу шаралары туралы ғылыми білімнің белгілі бір жүйесін танытады.

Криминология — өз алдына жеке-дара әлеуметтік құқықтық ғылым, оның жеке өзінің зерттеу пәні бар.

Криминология пәні — қылмыстың зан нормаларын бұзушылыққа байланысты туындаитын *mіnez-құлыш, жүріс-тұрыс*.

Криминология адамның мінез-құлқын, жүріс-тұрысын қарастыратын өзге жаратылыс ғылымдары мен қоғамдық ғылымдардан осынысымен өзгешеленеді. Сонымен бірге белгілі бір әлеуметтік құбылыстың заңдылығын пайымдайтын криминология қоғам мен адам туралы ғылыми көзқарастарды қалыптастыруға өз үлесін қосып та отыр. Ғылым ретіндегі оның теориялық потенциялы едәүір қомақты. Криминология туралы *тұңғыш оқулық-та* оның пәні қылмыстың феноменологиясын — көріну түрі, қалпы, құрылымы, динамикасын (қарқынын) көрсетумен толық-тырылған¹. Кейіннен криминология пәнінің жеке-дара элементі ретінде қылмыскердің жеке тұлғасы да аталағы. Бірқатар ғалымдар криминология пәніне қылмысты оқып үйрену әдісіне — криминология әдістемесін, қылмысты болжай алу, онымен қарсы күресті жоспарлау, әлеуметтік жүріс-тұрыс түрлерін және қылмысқа қатысты «құбылыс корларын», тағы басқаларын кіргізеді.

Мұндай жағдай кез келген ғылымның пәні ғылымның дамуына байланысты ұдайы өзгерістерге үшірап, жаңа элементтермен толықтырылып

¹ Криминология — М., 1966.

отыратындығымен түсіндіріледі. Бұл әсіресе соңғы онжылдықтарда қар-
қынды даму үстіндегі криминологияга тән құбылыс.

Осылайша криминология, **біріншіден**, әлеуметтік потология қатарына
жатқызылатын қылмыстың әлеуметтік ортаға тән тарихи өзермелі құбылыс
екендігін, оны теріс бағалауды оқып-үйретеді. Қылмыс түсінігі белгілі бір
зандылыққа бағынған қылмыстардың жиынтығын қамтиды, криминоло-
гияда қарастырылатын белгіленген сипаттамасы (қалпы, құрылымы мен
динамикасы) болады. Қылмыстың аталған жақтарын оқып-үйрену, оның
пайда болу себептері мен шарттарын түсінуге қажеттілігі сөзсіз.

Екіншіден, криминология қылмыстың детерминантын, оның туу төр-
кіндері мен бастауларын қарастырады. Оған алдымен қылмыстың пайда
болуы, оған түрткі болу себептері жатқызылады. Криминологиялық тал-
даудың пәніне қылмыс себептерімен қатар — өз алдына қылмысты туғыз-
байтын, бірақ себепке салдар болып, есер ететін құбылыстар мен процестер
жатады.

Үшіншіден, криминология қылмыскердің жеке тұлғасын қарастырады.
Мұндай жеке тұлғаны оқшаулау заңгерлік және әлеуметтік (әлеуметтік-
психологиялық) өлшемдер негізінде жүзеге асырылады. Заңгерлік өлшем
негізінде қылмыстық тұлға ретінде қылмыс жасаған адам түсініледі. Соны-
мен қатар, зандық өлшем әлеуметтік өлшеммен, яғни қылмыскердің даму
денгейі оның қоғамдық ортаға тән емес белгілерімен толықтырылуы қажет.

Криминологияның мақсаты қылмыстың алдын алуы және ПО қызмет-
тінің сақтық шараларын қамтамасыз етуімен өлшенеді. Олардың қылмы-
стық занды бұзбаған, бірақ әкімшілік құқық бұзушылық секілді қоғамға
қарсы пікір туғызып, қылмыстық жолға түсуі мүмкін тұлғаларды да тексе-
руі қажеттілігімен де өлшенеді.

Төртіншіден, криминология қылмыстың алдын алу проблемасын
қарастырады.

Криминология пәнінің элементтерін тек осы пән ғана қарастырып қой-
майды. Алайда криминология қылмысты және оған қатысты құбылыстарды
әлеуметтік-құқықтық шындық ретінде қарастырады. Криминология үшін
қылмыс пен қылмыскер тұлғасын мейлінше кен, жүйелі әлеуметтік тұрғыда
зерттеу тән.

Криминологияның ерекшелігі әлеуметтік-құқықтық құбылыстар мен
процестердің себептерін тереңнен толғап қарастыруда жатыр. Жалпы кри-
минологияның дамуы — оның басты міндесі — қылмыска қарсы қуресте
қылмыстың алдын алуына байланысты. **Қылмыстың алдын алу** тұжыры-
мы криминологияның құқықтық талдауға ғана қатысып қоймай, сондай-ақ
қылмыска қарсы қурестің басқа да жолдарын (әлеуметтік-мәдени, тәлімдік-
тәрбителік, т. б.) анықтауды қарастырып, дами түсініне кепіл бола алады.

Қылмыстың алдын алу — криминология пәнінің ең басты элементі. Ол зерттелу көлемі бойынша криминология ғылымының жүйесінде үлкен орынга ие.

Қылмыстың алдын алуына байланысты қарастырылуы қажетті әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық, адамгершілік және басқа процестер мен құбылыстар, криминология пәнін құрайтын мәселелерге қарағанда анғұрлым ауқымды келеді.

Криминология пәнінің бөлігін қоғамдағы барлық криминальды құбылыстардан тұратын **виктимология** да (қылмыстың құрбаны туралы ілім) және тарихы да (динамикасы мен құрылымы) құрайды.

Сонымен **криминология** — қылмыстың мәні мен заңдылығын, сондай-ақ көріну түрлері мен туындау себептерін (детер-минанттарды), қылмыскердің тұлғасын және қылмыстық жолға түсіү мүмкін тұлғаларды, қылмыстылықтың алдын алу жүйесін тексеретін әлеуметтік-құқықтық ғылым. Криминология қылмысқа әсерін тигізетін алдын алудың жалпы теориясы және криминологиялық сактық шараларын қарастырады.

Қылмыстан тікелей туындастырылған қоғамдық қатынастар қылмыстық құқық пен қылмыстық іс жүргізуде қарастырылады.

Криминологияның жан-жақты толық анықтамасын Г. А. Аванесов береді².

Криминология – ғылым атаулының элементі ретінде белімнің өз алдына бөлек жүйесі, сондай-ақ қылмысты әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретінде танитын, оның ағымдары мен заңдылығын, қылмыстың себептерін, қылмыскер тұлғасын, қылмыстың алдын алу шаралары мен қылмыстың сактық шаралары (қылмыспен курестің теориясы мен практикасын жетілдіру мақсатындағы) ғалымдар мен ғылыми мекемелерін біріктіретін, адам қызметінің айрықша түрі.

Криминология қылмыс пен оның әлементтерін қофам мен табиғатты танудағы жалпы әдіс, соның ішінде криминология пәніне қатысты қылмыстың заңдылығын тануда, диалектикалық және тарихи материализмді негізгі әдіс ретінде пайдаланып, философия түрғысынан қарастырады. Материализмнің принциптері мен категорияларын шығармашылық турде қолдану — криминологиялық зерттеулердің нәтижелілігінің қажетті шарты.

Криминология философијамен салыстырылғанда, қылмысты нақты жағдайларда және белгілі бір уақыт пен кеңістіктің аралығында қарастырады. Қылмыстың жалпы заңдылығы табиғат пен қофамның жалпы заңдылығына қатысты философијалық ізденулерге қызмет етеді.

² Криминология и социальная профилактика. — М., 1980.

1.2 Криминология жүйесі, оның басқа ғылымдармен байланысы

Ғылыми білімнің ерекшелігінің бірі — логикалық тұрғыда реттелген, жүйеленген сипатта болуы. Криминологияның да *өзінің төл жүйесі* бар. **Криминология жүйесі** оның пәніне тікелей тәуелді болып келеді, оның құрылымын көрсетеді. Криминологиялық ілімнің жүйесінде **торт түрлі негізгі оқу бағыттары** бар: *қылмыстылық туралы, қылмыстылықтың дегерминанттари туралы, құқық бұзушының тұлғасы туралы және қылмыстылықтың алдын алу туралы*. Эр түрлі негіздеуге сай құрылымның басқа да элементтері ерекшеленіп көрінеді: жеке теориялар, мәселелер, тұжырымдар және т. с. с. Соның ішінде оған қатыстысы: криминологияның ғылымтану мәселелері, оның даму тарихы, қылмыстың жеке түрлерінің криминологиялық сипаты, қылмыстылықтың қарастыруды ұйымдастыру мен әдістемесі, криминологиялық дамуды көре білу және жоспарлау.

Санамалап келтірілген мәселелер криминологияның маңызды болігі — **Жалпы болімге жатқызылады**. Ал **Ерекше болімі** мынадай тақырыптардан құралады: *қайталанылатын қылмыстылықтың алдын алу мен криминологиялық сипаттамасы; кәмелетке толмагандардың арасындағы қылмыстылық; қасіби және ұйымдастық қылмыстылық; байқаусыздығы қылмыстылықтың алдын алу мен криминологиялық сипаттамасы; әйелдер арасындағы қылмыстылық; пайдадабы жолындағы қылмыстылық; алкоголь мен маскунемдікке байланысты қылмыстылық*.

Криминологияның ерекше болімі нақты материалдардың жинақталуы мен мәселердің өзектілігіне байланысты жаңа тақырыптармен толықтырылып, жаңарып отыратынын есте ұстau қажет. Мәселен, экологиялық және халықаралық, кибер қылмыстылыққа криминологиялық сипаттама беру ете қажет. Келешекте криминология жүйесінде оның үшінші бір болігі де ерекшеленуі тиіс — қылмыстың кей жеке түрлерінің (үрлік, кісі өлтіру, немікүрайды карау, қашу және тағы басқа) криминологиялық сипаттамасы мен алдын алу жолдары. Жекенің, ерекшенің, жалпының зандаудығының көріну логикасы осыған саяды.

Криминология жүйесі догма емес. Даму барысында ол толықтырылып, өзгеріліп отырылады. Алайда, криминология жүйесі барлық жағдайда оның пәніне сәйкес келіп, соғай сай көрініп тиіс.

Қылмыстық құқықтың пәні — қылмыс пен оны жасағаны үшін занда бекітілген қылмыстық жауаптылық болып табылады, ал криминологияның пәні — қылмыстылық бұл әлеуметтік құбылыс және осы құбылысқа қарсы күрес түрлері. Қылмыстық құқық нақты қылмыс жасаған тұлға мен мемлекет (құқық корғау органдары) арасында туындастын қоғамдық қатынастар-

ды қарастырады. Қылмыстық құқық нақты бір тұлғаның қылмыстық мінездүкілік, қылмыс жасау механизмінің себептеріне, жекеленген қылмыстық жауапкерлігіне қатысты келеді.

Криминология қылмыстылықты туғызатын қоғамдық қатынастарды, сондай-ақ қылмыстың бар екендігін айфақтайдын фактілер және оған әлеуметтік тұрғыда әсер етуге (олардың алдын алу, азайтып барып біртіндеп жою) байланысты қарастырады.

Қылмыстық құқық қылмыстың құқықтық салдарын, басқаша айтқанда оны жасағаннан кейін неге әкеліп согатынын, жасалған әрбір қылмысқа қоғам мен мемлекеттің соған сәйкес қарсы әрекетін қамтамасыз етеді. Ал *криминология* болса, қылмыстылықтың себебі мен шарттарын, яғни қылмыс жасауға тұрткі болатын жағдайларды қарастырады. Осындағы қызметтімен криминология келешектен нақты орнын алып, қылмыстың алдын алушмен айналысады.

Қылмыстық құқық қылмыстың алдын алушы қылмыстық *жазалау арқылы* және тек жасалған қылмысқа байланысты ғана жүзеге асырылады.

Қылмысқа деген қылмыстық-құқықтық әрекет қылмыстық-құқықтық заңды бұзған жеке тұлғаға қатысты жинақталса, ал криминологиялық әрекет бұл сияқты келенсіз әлеуметтік құбылысты тудырып, нәр беретін *барлық шарттардың жиынтығына бағытталған*. Осыдан келіп, қылмыстық құқықтың бөлігін криминология емес, қылмыстылыққа белгілі бір әлеуметтік деңгейде әсер етуші қылмыстық құқық құрайды, ал криминология қылмыстылықтың жалпы негіздерін қарастырады. Бұл ғылымдарының әдістерінен де жеке-дарапық көрінеді. Қылмыс пен қылмыстық жауаптылық — заң категориялары болғандықтан, қылмыстық құқықта зерттеудің заңдық әдістері басым болады. Алайда, әлеуметтік тұрғыдан келу де кеңінен колданылады. Қылмыстылық (оның себептері мен шарттары) — әлеуметтік құбылыс болғандықтан, криминологияда зерттеудің социологиялық әдіс, амалдары басым келеді, бірақ бұл қылмыстылыққа нәр беретін және алдын алу әрекетіне қатысты заңдық-нормативтік материалдарға заңдық тұрғыда талдау жасауды жоққа шығармайды. Ендеше бұл ғылымдардың жеке-дарапық ап-айқын.

Әсілінде, криминологиялық әдебиеттерде бір-бірімен өзара тығыс байланысты аралас ғылымдар ішіндегі криминологияның орны туралы мәселе *үш тұрғыдан* анықталған. **Біріншіден**, қылмыстың әлеуметтік құбылыс ретіндегі социологиялық, экономикалық, психологиялық, педагогикалық аспектілерін қарастыргандықтан, криминология **жалпы-әлеуметтік ғылым** болып табылады. **Екінші** бір тұрғыдан қарастырганда, криминологияны заң ғылымдарынан, соның ішінде қылмыстық құқықтан тыс шығармау ләзім. Криминология — **қылмыстық-құқық ғылыминың құрамдас бөлігі**.

Үшіншіден, криминология — әлеуметтік-құқықтық ғылым. Мұны галымдардың көп бөлігі жақтайды. Олар криминологияның негізгі құрылымдық элементтері (қылмыстың себептері, қылмыскердің тұлғасы, қылмысқа қарсы сақтық шаралары) құқықтық құбылыстар мен қатынастар аясынан тыс жатыр, десек те негізгі бөліктері (соның ішінде қылмыс пен қылмыскер, құқықтық, әкімшілік жазалау шаралары бар қылмыстылықтың алдын алуудың құқықтық шаралары) құқық саласымен, ең алдымен қылмыстық, қылмыстық-процессуальдық құқыпен сәйкестілігімен айқындалады. Ендеше, криминология әлеуметтік-құқықтық ғылым ретінде **екі қоғамдық ғылымның** (социология мен құқық) тоқайласқан жерінде көрінеді.

Осындаған алғанда, криминология **кешенді ғылым** деп те аталаады.

Криминология басқа ғылымдармен де тығыз байланысты. Криминологиялық мәселелерді қарстыру үшін философия ережелеріне де сүйенеміз.

Қолданбалы социология әр тарихи кезеңдердегі өмір сүру саласына қатысты қоғамның қызыметі мен дамуындағы жалпы заңдылығының жүзеге асу механизмі мен көрініс түрлерін зерттейді. Қолданбалы социология белгілі бір дәрежеде криминологиялық белгісі бар қоғамдық құрылымдардың әр түрлі элементтерін – енбек, білім беру, мәдениет және көптеген басқа да әлеуметтік құбылыстарды қарастырады.

Криминологияның экономика ғылымдарымен өзара байланысы қылмысқа түрткі болатын көптеген құбылыстар мен процестер экономика арқылы айқындалуынан көрінеді.

Статистика қылмыстылық туралы, оған қарсы курс етілгенде мен шаралары, сондай-ақ қылмыскер тұлғасы туралы мағлұматтарды жүйелейтін негізгі қайнар көз болып табылады. Әрі криминология статистиканың демографиялық және экономикалық әдістері мен көрсеткіштерін пайдаланаады.

Психологияның қылмыстылықтың субъективті шарттарын, құқық бұзуышының тұлғасын, қылмыстық мінез-құлық механизмін, сондай-ақ маңызды криминологиялық сақтық шараларының кей аспектілерін қарастыру үшін үлкен мәні бар.

Педагогика ғылымының ережелері мен шешімдерінің көмегімен тәртие мен білім алушының көмекшіліктер, тұлға ретінде қалыптасуға мүмкіндік бермеген отбасындағы, мектептегі, қоғамдық ортаның басқа да түрлеріндегі келенсіз жағдай секілді түрткі болатын қылмыстылықтың детерминанты қарастырылады.

Қылмыстылықтың шарттары мен себептерін талдау үшін қылмыскердің әлеуметтік-демографиялық сипаты келтірілген қылмыстар туралы мағлұматтарға (жынысы, жасы, білімі, әлеуметтік, отбасылық жағдайы, мекен-

жайы және т. б.), елдің, оның өлкелік, аймақтық бөліністерде әлеуметтік-демографиялық криминологиялық ақпараттар бағасына салыстырулар жүргізген жөн. Қылмыстылықты болжап-білу, оған қарсы куресті жоспарлау демографиялық процестер, заңдылықтар мен ағымдарды есепке алуды қажет етеді.

Ғылымның даму процесі криминологияның *математикамен* байланысын көңейту мен бекітуді керек етті. Криминология *генетикамен де, психиатриямен де, кибернетикамен де* және тағы басқалармен де байланысты.

Криминология өзге де **зан ғылымдарымен** етене тығыз байланысты. Қебіне, жоғарыда айтқандай, криминология мен қылмыстық құқықтың пәні мен міндеттері өзара сәйкес келеді. Қылмыстық құқықтың көптеген нормалары криминологиялық сақтық шараларын заңды түрғыда негіздеуге пайдаланылады.

Қылмыстық-атқару құқығы мен криминологияның байланысы оларға ортақ болып келетін қылмыстық рецидивтің алдын алу мәселелерінде көрінеді. Криминологияның жазаны атқару, жазасын өтеу мекемелерін жетілдіру мәселелерін оңтайлы шешуде қызметі мол.

Криминология сондай-ақ **қылмыстық іс жүргізу** ғылымымен де етене байланысты келеді, өйткені қылмыстық-процесуальдық әрекеттер нақты қылмыс, олардың детерменанттары, қылмыскер тұлғасы туралы мағлұмндар алудың тиімді жолдарының бірі болып табылады. Криминологиялық зерттеулерде қылмыстық істердің материалдарын зерттеу кеңінен қолданылады.

Криминологияның қылмысты тергеудің әдісі мен тактикасының технологиясын қарастыратын, қылмыстылық пен оның алдын алу туралы криминологиялық зерттеу ыңғайындағы **криминалистикамен** де жақын тұратын тұстары да баршылық. Криминология ережелері криминологиялық теорияларда, қылмысты тергеуде жоспарланатын тергеу жорамалдарында пайдаланылады.

Криминология **жедел іздестіру қызметінін** (ЖІК) теориясы мен тәжірибесіне де жақын тұр. Жедел іздестіру қызметкерлері қазіргі қылмыстылықтың заңдылығы туралы дұрыс түсінік алу, оған тән ағымдар, қылмыстық әрекеттің нақты түрлері, қылмыскер тұлғасының өзіндік ерекшелігі түрғысынан келуі керек.

Бұл жерде криминология адамдардың қылмыстық жолға түсулеріне тұртқи болатын әр түрлі жасалған қылмыстардың себептері мен шарттары туралы мағлұмндарды терендедүде ЖІК-нің тәжірибесін пайдаланады.

Криминологияның **мемлекеттік құқық** ғылымымен де байланысы жоқ емес. Өйткені Қазақстан Республикасы Конституциясының көптеген ере-

желері занды құрметтеуге қатысты азаматтарды тәрбиелеуге тікелей қатысы бар.

Криминология әкімшілік құқықпен де байланысты, өйткені әкімшілік құқық бұзушылықтың көптеген түрлері (бұзакылық, маскунемдік, өрт және көлік қауіпсіздігінің ережелерін бұзу) қылмыстық мінез-құлық түрлерін айғақтап, криминологиялық сақтық шараларының нысандары болып табылады. Барлық әкімшілік заңнамасының сақтық шараларына бағытталған айқын реңктері бар.

Криминология сондай-ақ азаматтық, отбасылық, еңбек құқықтары мен де тығыз байланысты, өйткені осы заң салаларымен сәйкестелген қоғамдық қатынастарда белгілі бір қылмыс түрлері жасалып қана қоймай, осы қылмыстардың туындауды түрткі болатын себептері мен шарттары бар. Сондай-ақ азаматтық-құқықтық деликт, отбасылық құқық бұзушылықтың біркатор жағдайларда қылмыстық немесе тұлғаға антиәлеуметтік белгілер тән (мәселен, кәмелетке толмаған балаларды немесе еңбек стүге жарамайтын ата-анларды асырамау, жұмысындағы маскунемдік) сипаты бар.

Криминология осындай қылмыс пен құқық бұзушылықтың байланысын анықтап, оларды криминологиялық сақтық шараларының нысаны ретінде таниды және құқықтық ғылым салаларын бұл сияқты құқық бұзушылыққа тиімді бағыттап, оларды құқықтық тұрғыдаға емес, сонымен бірге әлеуметтік ортасын, себептері мен шарттарын зерттеп реттеуге пайдаланады.

1.3 Криминологияның әдістемесі мен міндеттері

Криминологияның міндеттері оның пәнін негіздейтін білімнен курадады. Криминология қылмысқа қатысы бар белгілі әлеуметтік өмір шынайылығы фактілерін, олардың ерекшелігі мен қатынастарын көрсетіп, ғылыми тұрғыда негіздел, анықтайды.

Эмперикалық мәліметтердің және теориялық тұжырымдардың негізінде зерттеу нысандарының, атап айтқанда, қылмыстылықтың зандылығы, қылмыскер тұлғасының қалыптасуының шарттары мен себептері, қылмыстың алдын алу жүйесінің қызметтінің мәнін ашады.

Мәнді криминологиялық құбылыстар мен процестердің бағыттары және келешектегі өзгерістерін зерттеу барысында криминология оның болшақтағы қалпы мен ағымдарын алдын ала болжасап біледі. Криминологияға идеологиялық қызметте тән.

Криминологиялық білімнің құндылығы қымыл-әрекетке баарда оларды басшылыққа алуға, қылмыстың алдын алу мәселелерін тиімді шешуде көрінеді.

Қылмыстың алдын алу мәселелері ішіндегі қызмет аумағындағы анағұрлым маңыздысы сыртқы экономикалық, шаруашылықтағы жеке және мемлекеттік секторлардағы инвестициялар, акционерлік бірлестіктер, сауда құрылымдары, біріккен шағын қесіпорындар, қаржы, несие, салық төлемдері және т. с. с. болып табылады.

Экологиялық қылмыс себептеріне криминологиялық талдау жасау маңызды міндет болып қала береді. Бұл аспектілер еліміздің экологиялық зардапқа ұшыраған бірқатар аймақтарының (Семей полигоны, Арал, Балқаш) бар болуы себепті әлі де өзекті болып тұр.

Халықаралық қылмыстарға, әсіресе наркобизнеске, жезек-шелікке, мәдени және рухани құндылықтарды ұрлауға, жалдамалы кісі өлтірушілерге, т. б. қарсы жақын және алыс шет елдермен бірігіп құресу үшін жаңаша пайым керек.

Сыйбайлас жемқорлық пен үйімдасқан қылмысқа қарсы құрес, компьютерлік техника саласындағы, жарнама ісіндегі, жастар мен кәмелетке толмағандардың құлқы, нашақорлыққа, маскүнемдікке байланысты туындаityн қылмыстар өзіне айрықша қоңыр болуді қажет етеді.

Барлық қылмыстылыққа қарсы құресте құқық бұзушылықтағы *сақтық шараларды* негізге алу керек. Бұл, ғылыми негізделген шаралар жүйесін жасауды және оларды тиімді түрде жүзеге асыруды қажет етеді.

Аталған мәселелерді теориялық және әдістемелік тұрғыда негіздеу — криминологияның қызын да күрделі міндетті.

Криминологияны қарастыруда *философиялық заңдар мен* категориялардың маңызы зор. Осылайша, бірлік пен қарама-қайшылық заңына сәйкес криминология қылмыстылыққа орын берген белгілі бір қоғамдық қарама-қайшылықтарды тану құралы болып табылады.

Диалектикалық қарама-қайшылық қылмыстың алдын алу жүйесіне гана емес, жүйенің өзі де тән. Мәселен, қылмыстық сактық шараларының міндеттері кейде ескі құралдар мен тәсілдер арқылы шешіледі, осы салада қалыптасқан сактық шаралардың алдыңғы катардағы тәжірибелері мен көнерген дәстүрлерде қарама-қайшылықтар бар. Криминология осы қарама-қайшылықтарды жою жолдарының ғылыми негізdemесін табуы тиіс.

Қылмыстылық пен қылмыскер тұлғасын криминология саннан сапаға айналатын және керісінше болатын заңға сәйкес қарастырады. Қылмыстылық пен оның себептері және соған байланысты туындаityн келенсіз әлеуметтік құбылыстар философияның жоққа шығару заңының мазмұнын

құрайтын өзіндік ерекшелігімен көрінеді. Мұнда криминологиялық сақтық шаралары осы заңға сәйкес дамиды.

Философияның себеп пен салдар категориялары, жоғарыда айтып откендей, қылмыстылықтың детерминантын тануда негізгі мағынаны үстейді.

Криминология өзінің қарастыратын құбылыстар мен процестерді философияның жалпыдан, ерекшеден жекеге категорияларына сүйеніп, баяндап, түсіндіріп, болжам жасайды. Осылайша, **қылмыс атаулының бәрі — жалпы, жекеленген қылмыстар — жекеше**. Олардың арасында келтірілген философиялық категориялармен айқындалатын күрделі диалектикалық байланыс бар.

Философияның қажеттілік және кездейсоқтық категорияларымен өлшесек, кей қылмыстар кездейсоқтыққа жатады.

Криминология сондай-ак философияның мүмкінділік *пен шындық категорияларына* сүйенеді. Тарихи дамудың осы кезеңінде қылмысты толығынан жою – мүмкінділік ретінде ұғынылады, ол шынға айналуы үшін объективтік себептер мен алғы шарттар қажет. Қылмыстын себептері мен алғы шарттары кей жағдайларда шындыққа, шынайылыққа, кей жағдайларда мүмкінділікке айналады.

Криминология үшін философияның *мазмұн мен тур, мән мен құбылыс секілді категориялардың* үлкен маңызы бар. Атап айтқанда, криминологиялық сақтық шаралардың тиімділігі, алдын алу шаралары түрлерінің, олардың максаттары мен мазмұнына тікелей тәуелді болатынында. Мәселен, жекелеген ауданда ұрлау дәлелдері аз тіркелетінін анықтап, криминолог бұдан бұл ауданда ұрлау түбірімен жоқ деген шешімге келмейді. Ол алдымен ұрлауга карсы күрестегі құқық корғау органдарының белсенділігі қажетті деңгейде еместігін анықтауга тырысады.

Криминология әлеуметтік құбылыстарды қарастыруына байланысты, тарихи материализмнің занңдары мен категориялары да маңызды роль атқарады. Ең алдымен тарихи қоғамдағы объективтілік *пен субъективтіліктің* сәйкестілігі, қоғамдық болмыс *пен сана, қоғамдық сананың даралығының* қатыстылығы және т. с. с. туралы. Қылмыстылық *пен детерминантын мәдениет, саяси идеология, қоғамдық психология, мораль* және басқа да құбылыстармен байланыссыз ұғу есте де мүмкін емес.

Криминологиялық тану құралдарына жалпылықпен қатар жалпылымынан әдістер де: формальды логика, талдап қорыту, абстракциялау (декрекіздену), анализ берін синтез (талдау мен жинақтау), индукция мен дедукция, аналогия, модельдеу, жүйелік түрғыда келу және басқалар кіреді.

2. КРИМИНОЛОГИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ, ДАМУЫ ЖӘНЕ ТАРИХЫ

2.1 Қылмыстырық ілімінің тарихы

Адамзат тарихы қаншама үзак болатын болса, криминология ілімінің де тарихы соншама үзак.

Қылмыскер мен жазалануши туралы түсініктер үнемі өзгеріп отырды. Мәселен, ерікті азаматты өлтіруге тыйым салынса, құлды өлтіруші жазаланбады. Қылмыстық жазага тартылудан қорыққандықтан жүктілікі қолдан тыйуға тыйым салынды, ал басқа замандарда бұл қалыпты жағдай еді.

Қылмыс дегеніміз не, қылмыстық жасалуы неліктен, оны жасағандарға не істей керек дейтін сауалдар көне дәуірден-ақ философтарды, саясаткерлерді, жазушылар мен ақындарды толғандырмай қоймаған. Ұақыт оза келе: *адамдар неге қылмыс жасауга барады* дейтін сауалдар нақты сипат тапты.

Көне дәуірді алатын болсақ, **Платон мен Аристотель** идеялары үлкен қызығушылық тудырады.

Платон қылмыстың себептеріне үңіліп, қылмыстық ниеттерге талдау жасады. Ол ашу, қызғану, ләzzat алуға ұмтылу, адасушылық, білмеушілік туралы жазды. Жазаның жекелік принципін жақтады. Платонның ойы бойынша ол қылмыстың жасалу сипатына сәйкес болып қана қоймай, кінәлігে тұрткі болған не нәрсе, зұлымдық, катыгездік те есепке алынуы керек. Жазаның қажеттілігі жалпы және жекелік ескертумен қаматамасыз ету міндеттерімен негізделді. Әуелгі еңбектерінде Платон жаза — қылмыскер үшін игілік, оның ішкі жан дүниесінің келісімін қалыптастыруға себеп боллады деп жазды. Платон заңнамалық процестерге көп көңіл бөлді, қылмыстың алдын алудың қажеттілігі туралы айтты, жазаланудың нәтижесінде адам жақсара түсітінін ерекше атап көрсетті. Ол өлім жазасының болу мүмкіндігін сөз етті. Платон жазаның жеке сипатын ерекше атап көрсетті, яғни мемлекетті тәртіпке қарсы шықса да жаза оның ұрпақтарына таралмауы керек. Сонымен бірге ол жәбірленушіге келтірілген шығын қайтарылу керектігін айтты. Ізгі Платон жамандық тұмысынан емес, тәрбиеден деп білді: «жаксы адамнан жаман бала, жаманнан жаксы бала туатынына таң қалмау керек». **Аристотель** өзінің еңбектерінде заң алдында барлық азаматтардың тен құқықтылығына айрықша назарын аударды. Соның ішінде ол қылмыстың алдын алудың орны бөлек екенін атады, өйткені теріс қылышқа адамдар үлкен мұраттар көздегеннен емес, жазадан қорыққандықтан тартынады. Аристотель пікірі бойынша, қылмысқа барғаннан талқан пайда, олжа, содан ракаттанушылық қаншама мол болса, жаза да соншама қатаң

булуы керек. Ол қылмыскер өзінің еркіне бағынып барып бұзылады, бірақ оның рухы тәнінен, қожасы құлдан биік тұратында, ақылы сезімнен биік тұруы керек дегенінде нық тұрды. Алайда Аристотель қылмыскерге жанама түрде сырттай тұртқи болатын себептерді де атады: мемлекеттегі тәртіп-сіздік, ұрлағанды тез жасыру мүмкіндігі, шексіз байлық пен шегіне жеткен кедейліктен туындайтын қолдан жасалған қажеттілік, жәбірленушінің қорықканнан шағымданбауы, жазаның жеңіл болуы, сottардың сатқындығы мен опасыздығы және т. с. с.

Жазаны белгілегендеге Аристотель қылмыс жасаудың мән-жайын ескеrudі және адамның табиғи құшін артығымен қолданған (құқық бойынша жүріп-тұру қаһармандықты талап етпейді) қылмысы үшін жазаламауды ұсынды. Сонымен қатар жазаны белгілегендеге мәнді деп есептелінетіні: қылмыстың қайталануы, кінәлінің айрықша қатыгездігі, келтірілген зиянды етемеуі және т. с. с.

Аристотель теріс қылық пен оны жасаған адамдарға берілетін бағаны шектеуді, сыртқы мән-жайлардың ықпалының рөлін, құқыққа карсы мінез-қылық механизміндегі құқық бұзушының өзінің рөлін ескеруді ұсынды. Ол былай деп жазған еді: «Алдын ала шешім қабылдамай-ақ, алайда саналы түрде әрекет жасаса, ол сottың құзырында емес: өйткені қатты ашуға мін-ген не басқа жайттар адамдарды кейде келеңсіз іске баруға мәжбір етеді. Осындаі келеңсіз қылыққа барған адамдар залал келтіріп, заңға қайшы әрекет істейді, бірақ олар табиғатында зиянкес емес. Гәп мынада: келтірілген залал олардың бұзықтығынан емес. Адам залал келтірген уақытта өзінің табиғатында бұзылған емес еді. Ашу үстінде істелген іс қасақаналық емес, өйткені оған себепші бол, тұртқи болған келеңсіздікке бой алдырған адам емес, ашуын туғызған адам»³. Сонымен бірге Аристотель сottардың зорлық-зомбылығына қарсы шығып, олардан заңың құлдарын көруге шақырды. Ол «әділестіздік жасамай, адамға емес, заңға билік беру ләзім, егер адамға билетсек, ол өзіне көп көніл аударып, жендетке айналады» деп жазды. *Ошибка! Закладка не определена.*

Осылайша қылмыстың себептері, олар үшін жауаптылық принциптері туралы көптеген негізгі идеялар адамзат тарихының бастауында-ақ туындаған еді. Өкінішке орай оларды білу, сол ізben журумен үнемі қабыса бермді.

XV ғасырдың аяғына дейін қылмыстық-құқықтық ілім шіркеуге бағынышты болды, бірақ сонынан зайырлы зангерлер сословиесі, соның ішінде криминалистер сословиесі құрылды. Алайда сол уақыттарда криминалистер жінішке сурлеулі мақсаттар көзделеп, материалдарды жүйелесе де, із

³ Аристотель. Соч. Т. 4. Никомахова этика. — М., 1984.

жүзіндегі тәжірибеден биік тұруға ұмтылмады. Соның салдарынан бірқатар галымдар бұл кезеңге құлдырау кезеңі деп баға берді.

Отпелі кезең аталағын немесе Қайта өрлеу кезеңінде (XV–XVII ғғ.) криминалистер, бейнелеп айтқанда, «көрітартпалықта» болып, ал жаңа деңгей идеяларды философтар мен жазушылар айтты.

XVIII ғасырдан бастап қылмыс туралы, оған қарсы әрекет ету туралы ғылымдардың дамуы басталады.

Монте́ске әлемдегінің бәрінің, соның ішінде адам әрекетінің де заңды түрде дамуы идеясын жетілдірілді.

Чезаре Беккария 26 жасында «Қылмыс мен жаза» (1764 ж.) атты кітабын жазды. Бұл тарихта тұнғыш рет осы тақырыпқа арналған еңбек болды.

Қылмыстылықтың себебі мен оған қарсы құрес шаралары жөнінде, сондай-ақ Локк, Гельвеции, Гольбах, Дидро, Вольтер, Бентам және тағы басқалары қалам тербереген және қоғамның әлеуметтік жағынан тәртіпке келтірілгенен және қылмыстың алдын алудың қажеттілігін олар ерекше атап өткен.

XVIII ғасырдың сонына қарай классикалық мектептің екі бағыты айқындалды: *метафизикалық және утилитарлық*. *Аралас* теориялардың да бар екендігі айғақталды.

Метафизикалық бағыттың жарқын өкілдері — кантиандық және гегальяндық мектептер авторлары болды. Таза метафизиктер мен тарихи-философиялық ынғайдағы метафизиктер, С.В. Познышевтің айтатыныңдай, абсолюттік әділеттілік идеясына сүйене отырып, мәңгілік шынайы қылмыстық құқық жүйесін құруға ұмтылды. Алайда бұл бағыттың үшінші түрі де болды, ол кейіннен шынайы қылмыстық құқықты табу мүмкіндігінен, жағымды қылмыстық заңнаманы талдауға көшкен позитивизм бағытына құйылды.

XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басындағы орыстың заңгер-криминалистері классикалық позитивисттік бағытты ұстанған немесе құқық саласындағы әлеуметтік бағыттағы заңгер-криминалистер болды⁴.

2.2 Криминологияның ғылым ретінде қалыптасуы

Жоғарыда айтылғандардың бәрі де криминологияның тарихи алғы шартты еді. Оның тарихы қоғам, адам, бұқіл құбылыстар мен процестердің өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігі туралы көпке мәлім диалектика-

⁴ Таганцев Н. С. Русское уголовное право. — М., 1902, Т. 2; Казмер М. Э. Социологическое направление в русской дореволюционной правовой мысли. — Рига, 1983.

лық-материалистік ілімнің қарқынды түрде дамуы кезеңінен басталады. Ғылымдардың қарқынды дамуы жаратылыс ғылымның кеңінен қолданылуы әкеліп соқты.

Криминологияның қалыптасуына XIX ғасырдың бірінші жарытсында, жоғарыда атап өткендей, философиялық, саяси, құқықтық ғылымдардан басқа, нақты әсер еткені 1) антропологиялық; 2) статистикалық; 3) әлеуметтік-экономикалық және социоло-гиялық; 4) әлеуметтік-құқықтық зерттеулер.

Антропологиялық зерттеулердің негізін салушы френолог Галль болды. Ол қылмыс жасаған адамдарды үш категорияға бөліп, қылмыскерлерді биологиялық түрғыда саралаудың негізін салды. *Бірінші* категорияға ол жаман қылықтар мен азғыруға қарсы туғаннан қалыптасқан мінезі арқылы өзімен өзі қурес жүргізе алатын қылмыскерлерді жатқызды. Мұндай тұлғалар өз әрекеттерін заңмен ғана емес, жоғары идеалдармен де сәйкестендіре алады. *Екінші* категорияны әуелден кем туылып жаратылғандар құрайды. Туа біткен жаман қылықты адамдар қылмыспен айналысуга тез-ақ барады. *Үшінші* категориядағылар осы екеуінін арасындағылардан тұрады. Бұл категориядағы адамдар тұмысынан қылмысқа бейім, бірақ табигат бұларға жақсылықты да, жамандықты да қатар берген, сондыктан олар қоршаған ортасына қарай қылмыстық жолға түседі. Галльдің пікірінше, «қылмыс, оны жасаушы жеке тұлғалардың өнімі болып табылады, сол себепті оның сипаты жеке тұлғалардың табигатына, және ол тұлғалардың өмір сүру жағдайына байланысты; олардың ішкі табигатын, өмір сүру салтын ескере отырып, қылмысқа дұрыс баға беруге болады»⁵.

Кейіннен түа біткен қылмыстылықтың болуын бұрынғы түрме дәрігері, итальяндық сот медицинасының профессоры Цезарь (немесе Чезаре) Ломброзо негіздеді: «Кенеттен желтоқсан айының ала көлеңке таңында, каторжниктің бас сүйегінен төменгі сатыдағы омыртқалыларға тән бірқатар кемшілікттер андадым. Бұл кемшілікттер санамда қаранғыда кең жазықтықты тіліп өткен жарық сәуледей жарқ етті. Мен үшін енді қылмыстылықтың пайда болу негізі, мәні түсінікті болды». «Қылмыскер болып тудады», — деді Ломброзо өзінің алғашқы еңбектерінің бірінде, кейіннен ол туғаннан қылмыскер болатындардың қатарына өмір сүру ортасы мен жағдайларға байланысты қылмыскер болатындар да барышылық екенін мойыннады. Ломброзоның бұл алғашқы еңбегі көп дау-дамай туғызды: ғалымдардың бір бөлігі Ломброзоны жақтаса, екінші бір бөлігі, қылмыс жасағандарды зерттей келе, оның тұжырымдарын жоққа шығарды. XIX ғасырдың соны

⁵ Gall. Sur les fonctions du cerveau. 1825. Т. 1. Цит. по: Чубинский М. П. Курс уголовной политики. — СПб., 1912.

мен XX ғасырдың басында Ломброзо теориясын сынаған қылмыстық антропология бойынша бірнеше халықаралық конгрестер өткізілді.

Ломброзоның көзқарасын оның шәкірттері – итальяндық белгілі ғалымдар Рафаэль Гарифало және Энрико Ферри одан ері дамытты. Бірақ олар қылмысты туғызуға түрткі болатын әлеуметтік факторға басты назарларын аударды. Ферри болса, антропологиялық мектептің айрықша белгісі қылмыскердің кәдүілгі адамдардан өрісінің тарлығы мен психологиялық белгілерінің өзгешеліктерін мойындауды атады, сондай-ақ та біткен қылмыскерлер мен өсір сүре келе болатын қылмыскерлерді адамзат түрінің өзгеше бөлігі деп есептеді⁶.

XIX ғасырдың соына қарай криминология қылмыстық құқықтан жеке отау көтеріп түпкілікті бөлініп шықты. Алайда, XIX ғасырдың екінші жартысында, дәстүр бойынша, қылмыстық құқыққа қылмыстар, қылмыскерлер, қылмыскерлерді жазалау туралы ілімдер жатқызылатын, ал криминологияғының ретінде қалыптаса бастаганда бұл бөліктер кіргізілмеді.

2.3 Криминологияның дамуы және қазіргі жағдайы

Қылмыстылықты қарастыру Кеңес мемлекетінің алғашқы жылдарында ақ жалғасын тапты. Қылмыстылыққа, оның себептеріне, қылмыскердің жеке басына қатысты талдау жұмыстарын әділет, полиция органдары, мемлекеттік аппарат қызметкерлері, ғылыми қызметкерлер, когамдық үйымдар және студенттер жүргізді. Криминалистік зерттеу жұмыстарын жүргізуін ғылыми-әдістемелік қорын моральдық статистика атаптатын сала кіретін статистикалық мекемелердің мәліметтері, сондай-ақ елдің ірі қалаларындағы ведомстволар мен мекемелер жаңындағы қылмыстылық пен қылмыскердің жеке басын зерттейтін кабинеттер құрады. (Моральдық статистика бөлімдері ОСБ РСФРО (РСФСР) 1918 жылы, ал ОСБ КСРО-да 1923 жылы құрылды.

1950 жылдардың соында арнаулы заң әдебиеттерінде, авторлары қылмыстылыққа қарсы құрес жүргізу бойынша көкейкесті мәселелер қозғаған ғылыми мақалалар пайда бола бастады⁷.

1957 жылдан бастап криминология мәселелерімен Ленинград, Воронеж және Латвия университеттерінің заң факультеттерінің ғалымдары, Харьков,

⁶ Ferri. La sociologie criminelle. — Paris, 1905.

⁷ Шаргородский М. Д. Некоторые задачи советской правовой науки в настоящее время // Ученые записки ЛГУ. — 1955 — № 187. — С. 5; Кудрявцев В. Развивать науку советского уголовного права // Социологическая законность. — 1956. — № 1.

Саратов, және Свердлов заң институттары, бірқатар одактас республикалардың ғылыми академиясының философия және құқық секторлары, қоғамдық тәртіпті қорғау жөнінде мектептерінің галымдары айналыса бастады.

Кеңестік (Советтік) криминологиялық негіздері алғаш рет 1964 жылы Москва университеті және Свердлов институттының заң факультеттерінде оқытылды.

60-жылдардың басында криминология мәселелері бойынша алғашқы теориялық еңбектер жарық көре бастады: А.Б. Сахаров «О личности претупника и причинах преступности в СССР» (1961 ж.), А. А. Герцензон «Предмет и метод советской криминологии» (1962 ж.), Г. М. Миньковский, В. К. Звирбуль және басқалары «Предупреждение преступлений» (1962 ж.) және т. б.

Мақсатты криминологиялық зерттеулерді А. А. Герцензон басқарған (Ярослав облысындағы қылмыстырылғыты зерттеу), В. Г. Танаевич басқарған (мемлекеттік және қоғамдық мүлікті үрлау себептерін зерттеу) шағын галымдар топтары ғана жүргізіді.

1963 жылы қылмыстырылғытың алдын алу шаралары мен себептерін талдау бойынша Жалпыодақтық институт құрылды. Бұл криминологияның дамуындағы маңызды кадам болды. Институт алдында осы бағыттағы жүргізілген зерттеулерді біркітіріп, басқару міндеті тұрды. Институт құрамында бірнеше секторлар құрылды: қылмыстырылғытың алдын алу және оның жалпы әдістемесін зерттеу (А. А. Герцензон); социалистік мәншікті үрлаудың алдын алу шаралары мен себептерін зерттеу (В. Г. Танаевич); жеке тұлғаға қарсы қылмыс (С. С. Степичев); кәмелетке толмаған-дардың қылмыстары (Г. М. Миньковский); алдын ала тергеу (А. И. Михайлов); прокурорлық қадағалау (В. К. Звирбуль); криминалистік техника (Н. А. Селиванов). Институттың бірінші директоры болып И. И. Карпец, орынбасарлығына В. Н. Кудрявцев және Г. И. Кочаров тағайындалды.

Егер 60–70 жылдары қылмыстырылғыты қоғамдық өнім ретінде және қылмыстырылғытың жалпы алдын алушы қарастыруға баса назар аударылса, 80-жылдары қылмыстырылғытың сипаттамасын талдауға, оның өзді-өзін детерминациялау және тұрмыс-тіршіліктің әртурлі саласына әсеріне көніл бөлінді. Қылмыс туралы заңнамада криминологиялық алдын алу мәселелері талданып, сондай-ақ алдын алу және құқық қорғау шаралары мазмұнын құрайтын қылмыстырылғықа қарсы қырес бағдарламалары құрастырылды.

Криминология өз алдына жеке дара ғылым ретінде, қылмыстық саясат, нормативтік шығармашылықтың және іс жүзінде қылмысқа қарсы қүрестің ғылыми-әдістемелік негізі үшін ғылыми база ретінде бірте-бірте айқындалатысп.

1966 жылы қылмыстырылғытың себептері мен алдын алу шараларын қарастыратын, уш рет қайта басылып шыққан, кеңестік (советтік) ғылым

тарихында Криминология курсына алғаш негізі болған, Бұқілодактық институт дайындаған криминология бойынша алғашқы отандық окулық жарайқ көрді.

Қазақстанда профессор Е. И. Қайыржановтың еңбегінің арқасында, криминология және экономикалық-күқықтық талдау кафедрасы өз жемісін беруде. Айрықша ескерте кетерлігі, Е. И. Қайыржанов «Криминология (Жалпы бөлім)» окулығын жазып шыгарды.

Криминологияның дамуына басқа да қазақстандық зангер ғалымдар қомақты үлестерін қосуда. Профессор Б. Ж. Жұнісов Қазақстан Республикасының қылмыстық-күқықтық саясатының мәселелері жөнінде жұмысын жазды. Академик И.Ш. Борчашвилидің монографиясында экология және экологиялық қылмыстар (қылмыстық-күқықтық және криминологиялық аспектілер) мәселелері қарастырылады. Профессор Н. М. Әбдіров есірткіге қарсы құрес мәселелері бойынша өзіндік ғылыми мектебін қалыптастыруды. Қылмыстылық мәселелерімен айналысатын қазақстандық ғалымдар тізімі мұнымен шектелмек емес.

Қылмыстылықтың есебі мен талдауына қатысты мәселелермен айналысатын криминологиялық мәліметтер орталығы, ПБ, ҚР ПМ, Қазақстан Республикасының Прокуратурасының аналитикалық талдау жасау штабтары белгілі бір үлесін қосуда.

Соңғы жылдары қылмыс жасағандардың өзіне тән белгілерін, қылмыстық мінез-қылық себептері мен механизмдерін терендең зерттейтін криминологияның барынша қарқынды дамуы байқалады (М. Ю. Антонян, М. И. Еникеев, Г. Х. Ефремова, М. М. Коченов, В. В. Гульдан, Е. Г. Самовичев, А. Р. Ратинов, А. М. Яковлев және басқалары).

Осындай зерттеулер жүргізудің арқасында бүгінгі таңда жеке адамдарға қарсы ауыр қылмыс жасаудың және басқа қылмыстардың табигаты, ниеті мен себептері туралы ғылыми түрде негізделген мағлұматтар жүйеге келді.

Криминологиялық зерттеулердің бір жүйеге түсіріп, үлестірудегі, ғалымдардың қылмыстылыққа қарсы күрестегі тәжірибелі ұсынымдар мен теориялық ережелерді талдау-ларындағы үлкен рөлді криминологиялық ассоциация атқарады.

Еліміздің нарыққа қарай бет алуы, экономикадағы құлдырау, саяси және әлеуметтік теке-тірес қылмыстың құрт өсуіне экеліп соғып, оны тубегейлі зерттеуге қындық тудырса, екінші жағынан, практикадағы әрі аралық ғылымдар мамандарымен бірге зангер ғалымдарды қарқынды түрде зерттеуге міндеттеп отыр. Сонымен бірге көптеген қалыптастып қалған, таптаурын болған пайымдаулар қайта қарауды қажет ететінін де жадымыздан шығармағанымыз жөн.

3. ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ

3.1 Қылмыстылық ұғымы және негізігі белгілері

Таптық қоғамда пайда болған қылмыстылық тиісті бір қоғамдық қауымдастықта өзіне тән нысандарға ие болды. Қылмыстылық қоғам үшін объективті түрде ғана қауіпті емес, гуманистік қағидаларға керегар әлеуметтік үрдіс болып табылады.

Таяудағы уақытқа дейін арнаулы әдебиеттерде қылмыстылық *тиісті бір мемлекетте белгілі бір кезеңде жасалған қылмыстардың жиынтығынан қалыптасатын жаппай бұқаралық, тарихи, өзгермелі, әлеуметтік қылмыстық-құқықтық сипатқа ие таптық қоғамдағы құбылыс* деп түсіндіріліп келді.

Тіпті, «қылмыстылық өзінің құрамына әралуан күтпеген, кездейсоқ, төтеше құбылыстар жиынтығын топтастыратын болғандықтан, оның жалпы ұғымына құдіктер білдірілгені де ақиқат.

Қылмыстылық жекелеген қылмыстардың жиынтығын құрамайды дейтін болсақ, оның «дербестігі өзіне тән белгілі бір жағдай мен мән-жайларға байланысты болар еді.

Берінен бұрын айтқанда, **қылмыстылық** — жалпыәлеуметтік жағдайлардың ерекшеліктеріне бағынышты занды құбылыс, сонымен қатар жекелеген қылмыстар белгілібір жағдайға байланысты туындал және кездейсоқтық сипатқа ие болады.

Қоғамға қауіптілік — осы құбылыстың әлеуметтік мәнін көрсететін қылмыстылықтың ең негізгі белгілерінің бірі. Мұнымен бірге, ол жекелеген қылмыстың қоғамдық қауіптілік «қосындысына қосылмайды, дербес мазмұн мен мағынаға ие болады. Айта кету керек; әлеуметтік жағдай ғана қылмыс-тылыққа әсер етпейді, сол сияқты қылмыстылық та әлеуметтік жағдайға кері әсерін тигізеді.

Сонымен қатар, қылмыстылықтың қоғамдық қауіптілігі мынада, бұл құбылыс (жекелеген қылмыс емес) қоғамның әлеуметтік дамуын тежеиді және оның алдында түрған міндеттерін шешуге қындық тудырады.

Қылмыстылық — бұл өзінің бойына белгілі бір қоғамда белгілі бір кезеңде жасалған, белгілі бір сандық және сапалық көрсеткіштермен (жай-куйі, деңгей; қозғалысы, құрылымы, сипаты және басқалары) сиаптталатын барлық қылмыстардың жиынтығын шоғырландырған әлеуметтік-құқықтық құбылыс.

Қылмыстылықтың келесідей **тектік белгілерін** бөліп көрсетуге болады: *тарихи өттегі және құбылмалы сипаты, антогонистік таптардың болуы, алеуметтік-құқытық табиғаты.*

Қылмыстылық *тек қана қогамда орын алады* және ол *тек қана алеуметтік себептерден туындаиды*. Қылыштарды рұқсат етілген және тыйым салынған деп бөлудің, белгіленген тыйым салуды бұзғаны үшін жазалаудың өзі тіптен алеуметтік феномен. Осыған байланысты осындай бөлүшілік пен оны бұзушыға деген жауаптылық шарасын белгілейтін қылмыстық заңда осы алеуметтік себептерге орай пайда болды.

Қылмыстылық — нақты-тарихи құбылыш. Ол адамзат қоғамы дамуының белгілі бір кезеңінде пайда болған, оның тууы жеке меншіктің, қоғамды тапқа бөлудің тууымен және мемлекеттік биліктің пайда болуымен және қоғамдық қатынастардың жетілдірілуімен байланысты.

Қылмыстылық анықтамасында көрсетілген жалғыз-ақ **тектік белгі** — ол *мемлекетте (аймақта) жасалған барлық қылмыстардың жиынтығы*. Қылмыстылықтың **мәнді белгісі** — оның қылмыстық-құқықтық сипатты. Осы белгі ғана қылмыстылықтың құқық бұзушылықтар мен келеңсіз құбылыштардың жиынтығы екендігін көрсете алады.

3.2 Қылмыстылықтың сандық және сапалық сипаттамасы

Қылмыстылықтың **сандық және сапалық** қасиетермен сипатталады. Қылмыстылықтың **сандық** көрсеткіштері *деңгейі мен қозғалысы* (динамикасы) болып табылса, **сапалығы** — оның құрылымы болып табылады. Бұл көрсеткіштер бір-біріне байланысты әрі бір біріне бағынышты. Осылардың біреуі өзгерсе жалпы қылмыстылықты тұтастай өзгеріске ұшыратады.

Қылмыстылықтың бәріне бірдей сипаттама — олардың **жай-куйі**.

Қылмыстылықтың жай-куйі — бұл белгілі бір аумақта, белгілі бір уақыт аралығында жасалған қылмыстардың және оларды жасаған адамдардың **сандық** көрсеткіші.

Қылмыстылықтың накты **жай-куйі** көп жағдайда мәлім бола бермейді, өйткені қылмастардың біраз белгілі көбінесе *tіркелмей қалады*. Қылмыстылықтың мұндай көлеңкеде қалып қоятын жай-куйі шетелдік криминологтар үшін оны «**қүңгірт есеп**» деп атауына негіз болды. Қылмыстылықтың есепке, яғни тіркеуге енгізілмей қалған бөліктері **латентті**, яғни **жасырын қылмыстылық** деп атаплатын болды.

Қылмыстық сататистика мәліметтері бойынша қылмыстылықтың жай-куйіне баға берген кезде осы жоғарыда айтталған мәселені естен шыгармау керек.

Денгей белгілі бір аумақта белгілі бір кезең ішінде тұргындар санына шакқандағы қылмыстың санымен (мәселен, 10 немесе 100 мың адамға шакқанда). Денгейді кейде **қылмыстылық коэффициенті** деп атайды. Қылмыстық коэффициенті төмендегі формула бойынша есептеп шығарылады.

$$K = \frac{K}{X} \cdot 100000,$$

бұл жердегі K – қылмыстылық коэффициенті, K – қылмыстың саны, X – тұрғын халықтың саны (жаппай немесе 14 жасқа дейінгілер және одан жоғары).

Коэффициенттер әкімшілік-аумактық бірлігі мен халқының саны әртүрлі жерлердегі, сондай-ақ әртүрлі кезеңдендегі қылмыстылық көрінісін және ондағы өгерістерді салыстыруға жағдай туғызады.

Сонымен бірге, қылмыстылықтың денгейін нақтырақ анықтау үшін барлық халықты санамай-ақ, қолданыстағы заннамаларға сәйкес жасаған қылмыстары үшін жауапқа тартылады-ау деген белгілі бір жастағы адамдар тобын ғана алуға болады⁸.

Қылмыстылықтың құрылымы оның ішкі мазмұнын ашады, қылмыстық-құқықтық, криминологиялық, әлеуметтік-демографиялық және басқа түрлі топтық белгілермен көрінетін белгілі бір аумақта белгілі бір кезең ішінде жасалған қылмыстар мен жекелеген қылмыс түрлерінің арасындағы арақатынасты бейнелейді.

Басқаша айтқанда, **қылмыстылық құрылымы** — оның құрылышы мен мазмұны. Қылмыстылықтың құрылымына қарап, онымен курестің «басты соққысының» бағыт-бағдарын белгілеуге болады.

Қылмыстылықтың құрылымын анықтаудың негізгі бірнеше жолдары бар.

Біріншіден, қылмыстылыққа кеңістік-уақыттық құрылым тән. Қылмыстылықты құрайтын іс-әрекеттер қалай дегенмен белгілі бір кеңістіктік және белігілі бір уақытта (мысалы, тәуліктің мезгілі, аптаның күні және басқа) жасалады.

Екіншіден, қылмыстылықтың құрылымын іс-әрекеттердің қауіптілігінің әрқиылды дәрежесін негізге ала отырып ашуға болады. Осыған байланысты қылмыстылықтың — *аса ауыр қылмыс, ауыр қылмыс, орташа*

⁸ Криминология и профилактика преступности / Под ред. А.И. Алексеева. — М., 1989.

ауырлықтагы қылмыс, оның ауыр емес қылмыс сияқты элементтерін айырып көрсету негізге алынады.

Шіншіден, қылмыстырық құрылымында қылмыстық қол сүғу объектісі мен кінелінің жасалған әрекетке психикалық қатысы сияқты маңызды қылмыстық-құқықтық белгілерін қарастыруға болады. Қылмыстырық құрылымы өзінің көлемі жағынан конституциялық құрылымы негіздеріне және мемлекет қауіпсіздігіне қарсы бағытталған қылмыс, меншікке қарсы, адамға қарсы қылмыс түрлері жиынтығымен көрінеді.

Психикалық қатыстырылығы жағынан қылмыстырықтың қасақаналықпен және абайсызыдықпен жасалған қылмыс деген екі құрылымдық элементі (түрі) орын алады.

Төртіншіден, қылмыстырық элементтерін кінелі адамның белгілері бойынша айыруға болады. Мұндай белгілердің қатарына қылмыскердің жынысы, жасы, бұрын сомталғандығы, қылмысты бірінші рет және бірнеше қайталап жасауы, әлеуметтік жағдайы және басқалар жатады.

Ішкі істер органдарының алдын алу жұмыстары тұргысынан алғанда қылмыстырықтың құрылымдық элементтерін әлеуметтік өмірде, түрмиста, демалыс кезінде, өндірістік қызметте жасалған қылмыстар бойынша айыру ерекше орын алады.

Қылмыстырықтың сипаты аса қауіпті деген қылмыстардың санымен және қылмысты жасаған адамның мінез-құлық сипатымен анықталады. Осы көрсеткіштер тұргысынан алғанда криминалдық кәсіби шеберлік, ұйымдастырушылық, жағдаймен санасушылық және басқа да сапалық қасиеттер анықталады.

Қылмыстырықтың жай-күйі деңгейі, құрылымы қозғалыспен талда-нуға тиіс.

Қылмыстырықтың қозғалысы — бұл белгілі бір уақыт ішіндегі өзгеріс барысы, оның айырылmas қасиеті.

Қылмыстырық қозғалысы белгілі бір уақыт ішіндегі қылмыстырықтың өзгеруімен өлшенеді. Ол төмендегідей **үш факторға** байланысты:

Бірінші фактор — қылмыстырыққа себеп болатын белгілі бір әлеуметтік үрдістердің қозғалысы.

Екінші фактор — қылмыстық заңнамалар өзгерістерінің көлемі мен сипаты (егер жаңа іс-әрекеттер қылмыс деп танылатын болса, қылмыстырық өседі, ал егер қылмыстық қасиеті кемісе — төмендейді).

Үшінші фактор — қылмысты әшкереудегі құқық қорғау органдарының белсенді құлышынысының артуы.

Қылмыстырықтың дәлме-дәл нақты көрсеткіштері, оларды талдау мен жүргізе білу ішкі істер органдарының іс-тәжірибесі үшін, талдау жұмыстары мен басқару және шұғыл шешім қабылдау үшін өте қажет-ақ.

Виктимологиялық талдаусыз қылмыстылықтың сандық-сапалық көрсеткіштерін толық деп айту киын. Көптеген қылмыстар белгілі бір дәрежеде жабірленушінің өзінің тәртіп-эрекетіне байланысты болатындығы белгілі. Виктимологиялық көзқарас көп ретте қылмыстың құрбаны кім (полиция, ҮҚҚ қызметкері) болатындығын зерттейді.

3.3 Жасырын қылмыстылық

Статистика нақты қылмыстылық туралы толық мәліметтер келтіреді, өйткені оның көлеңкесінде осы әлеуметтік құбылыстың жасырын жағына қатысы бар кейбір қылмыстар тіркелуге ілікпей қалып, **жасырын қылмыстық құқық бұзушылықтарды** күрайды.

Жасырын қылмыстылық — бұл нақты бір жерде және уақытта әшкереленбей немесе қылмыстық статистикада тіркелмей қалған қылмыстар мен оларды жасауышы адамдардың жиынтығы.

Жасырын қылмыс мәселесі шетелдік ғалымдар мен практиктерді баяғыдан-ақ толғандырган. Ресми тіркелген қылмыстар мен іс жүзінде (нақты) болған қылмыстар арасындағы арақатынастарды қарастыру мәселесін XIX ғасырдағы криминологтар А. Кетле, Э. Ферри, Р. Мето-Смит, Е. Реснер және басқалардың енбектерінен кездестіруге болады.

Кеңестік криминологияда жасырын қылмыстылық мәселелрінің кейбір аспектілері 60-жылдардың ортасы мен 70-жылдарда оқып-зерттеле басталды. Әдістемелік және ұйымдастырышылық қыншылықтарының салдарынан бұл мәселені кешенді түрде зерттеу әлі де тиісті мәндеге қолға алынбай отыр.

Отандық криминологтардың көшілігі жасырын қылмыстылықты полиция, прокуратура және сот органдарымен әшкереленбеген қылмыстардың жиынтығы деп түсінуде.

Мәселенің криминологиялық аспектілері бәрінен бұрын жасырын қылмысты белгісіз себептермен қылмыстық статистикада тіркелмей қалған нақты бір орында, белгілі бір уақытта іс жүзінде жасалған қылмыстардың және оларды жасаған адамдардың тұластай жиынтығы ретінде зерттеуді ұсынады.

Статистикалық аспект жасырын қылмыстардың жасалу фактілерінің барлық жиынтығын оның жай-күйін, деңгейін, құрылымы мен динамикасын (агымын) анықтау үшін, тіркелген және жасырын қылмыстылықтың арасындағы сандық арақатынасты анықтау үшін оқып-зерттейді (жинақтайды, өндейді, талдайды).

Жасырын қылмыстылықтың криминалистикалық аспектілері жасырын қылмыстылық түрлерінің жасалуы мен жасыру жолдарын, онымен келтірілген зардаптарды, кінәлілерді әшкерелеудің әдістемелері мен тәсілдерін оқып-зерттеуге бағытталған.

Виктимологиялық аспект қылмыс құрбандарының жасалған қол сұғышылықтарды тиісті органдарға хабарламауының себептерін оқып-зерттеуді үйгараады.

Әлеуметтік аспект осы қылмыстармен шын мәнінде келтірілетін зияндарды оқып-зерттеуді қарастырады, өйткені олар әлеуметтік қатынастардың жоғары деңгейде қалыптасуын тежейді, заңдылықты нығайтуға кері әсерін тигізеді.

Акпараттық аспект қылмыс туралы хабарлардың «тарап кету» себептерін анықтауға жағдай тузызатын және қылмыс туралы белгі-дабылдарды қабылдау мен тіркеуді жетілдіруге бағытталған шараларды ойлап табатын қылмыс туралы акпараттарды жинау (қабылдау), өндөу, тіркеу және тарату жүйесін оқып-зерттеуді үйгараады.

Жасырын қылмыстылықтың экономикалық аспектісі оның экономикаға келтірғен зиян түрлерін оқып-зерттеуді үйгараады.

Жасырын қылмыстылықтың әлеуметтік-психологиялық аспектісі на-
зарын қылмыстылықпен күресте туындағын белгілі бір қындықтар (кей-
бір қылмыскерлердің жазаға тартылмауы) тузызатын қогамдық және жеке
адамдық сана-сезімде кері өзгерістер мен теріс пигылдарға аударады.

Қылмыстылықтың осы бөлігімен күрестің теориясы мен тәжірибесі үшін оларды жіктеудің ерекше мәні бар. Өздерінің жасырындылығына қарай жасырын қылмыстылықты негізгі **4 топқа** бөлуге болады.

1. Жасырындылығының дәрежесі жоғары қылмыстар: пара алу мен беру және оған дедалдық жасау; тұтынушылар мен тапсырыс берушілерді алдау; есірткілік заттарды заңсыз дайындау, өткізу, сатып алу; соққыға жығу, азаптау, қорлау, жала жабу; көлік құралдарын, машиналар мен механизмдерді бас пайдасы үшін пайдалану және басқалар.

2. Жасырындылығының дәрежесі орташа қылмыстар: зорлау, әйелді жыныстық қатынасқа түсуге еріксіз көндіру, жекенің мүлкін ұрлау, бұзакылық, қордалар ұстау, женгетайлық және өзге де қылмыстар.

3. Жасырындылығының дәрежесі бірқалыпты қылмыстар: ірі мөлшердегі бөтеннің мүлкін ұрлау, алсаяқтық, анасының қасақана жас нәресесін өлтіруі, мерез ауруларын тарату, жас толмағанмен некеге отыру, кәмелетке толмағандарды қылмыстық әрекетке тарту және басқалары.

4. Жасырындылығының дәрежесі төмен қылмыстар: бандитизм, қасақана кісі өлтіру, сотталған адамның қамаудан қашуы, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру; оқ-дәрі ұрлау және басқалар.

Жасырын қылмыстылықтың басты қауіптілігі оның қогам тарапынан қарсы әрекет көрмей, жазаға тартылмай қалуында, мұның өзі қылмыстардың қайтадан немесе жалғаса жасалуына жағдай туғыздады.

Жасырын қылмыстылықтың себептерінің арасынан бәрінен бұрын қылмыскер мен оның құрбаны немесе жәбірленушінің жақындары арасындағы «мәмілеге келу» мәселеңін ерекше атауға болады. Көптеген жағдайда сату-сатып алу нәрсесі ретінде адамның денсаулығы, абыройы, ар-намысы, тіпті кейде адамның өмірі саудаға түсіп жатады.

Көп ретте азаматтар лайықсыздық өлшемін басшылыққа ала отыра өзіне қатысты қылмыстық қол сұғушылықтарды тиісті орындарға *мәлімдеп хабарламайды*.

Жекелеген қылмыстардың жасырындылығының жоғары болуы себептегендегі бірі — қылмыскерлердің қол сұғатын объектілерін (мысалы, қылмыстық жолмен байыған адамдарды таңдал алуы) *лайықтап таңдал алуы мен дәлме-дәл жоспарлап алуы*.

Кейбір заңға бағынғыш азаматтардың санасында органдар қылмыскер мен ұрланған құндылықтарды қанша іздегенімен бәрібір таба алмайды, оның үстіне қылмыстық қол сұғушылықтың объектісіне айналған құндылықтардың кайдан келгенін «қазбалға» өзінің зықыңды шығарады деген ой қалыптасқан.

Халықтың белгілі бір бөлігінің құқық қорғау органдарына деген *сенімдерін жоғалтып алғандарын* да айтпасқа болмайды. Мұндай керегар көріністер полиция, сот және прокуратура қызметкерлерінің кемшіліктегі мен қызмет бабын пайдалануы жөніндегі баспасөздердегі алып-қашпа жарияланымдарға да себеп болып жатады.

Жасырын қылмыстылық деңгейін томендетудің жолдары:

- халық арасында құқықтық насиҳат жүргізу;
- қылмыстық іс жүргізу заңнамаларында анықтау жүргізетін адамның, тергеушінің, прокурордың және соттың жәбірленушіден табыс көздерінің қандай жолмен келгендейтін түсіндіруін талап етуге тыйым салатындаи норма енгізу;
- қылмыс туралы мәлімдемегені ушін қылмыстық-құқықтық санкция қолданудан бас тарту;
- қылмыстық кодекске жасалған қылмыс жайында өз еркімен мәлімдегені және өзі жасаған іс-әрекетінің зиянды зардаптарын орынына келтіргені ушін қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға кепілдік беретіндей арнайы норма енгізу.

4. ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ СЕБЕПТЕРІ

4.1 Қылмыстылық себептерінің ұғымы

Себептілік — бұл себеп пен салдар сияқты екі құбылыстың арасындағы объективті, жалпыға бірдей генетикалық байланыс. Себептілік үрдісі жүйелі түрде уақытқа байланысты дамиды, ал себеп қашанда салдардың алдында болады. Мінез-құлық нормалары мен құндылықтар туралы мағлұматтар адамдар мен жеке тұлғаларда дүниесінаным мен психологияны қалыптастырып, ақпараттың әрқылы көздері мен жолдары арқылы игеріледі.

Себеп-салдар байланыстарын зерттеуде шексіз «себеп-салдар» буындағы айырып алу жүзеге асырылады. Мұндай айырып алу белгілі бір әрекеттестікті тура анықтаудың ең жақын деген себептерін жүйесін түсініп-білуге мүмкіндік тұғызады.

«Себеп-салдар» әрекеттестігі жағдайға, яғни оның «ортасын» күрайтын, оларға косылып және олардың белгілі бір дамуын қамтамасыз ететін құбылыстардың, мән-жайлардың жағдайына байланысты. «Себеп-салдар» әрекеттестігі қажетті жағдайлардың жетілікті жиынтығымен жүзеге асырады. Қылмыстылықтың себептілік механизмінде себеп салдарды тұғызады, ал жағдай оған ықпал етеді. Бұл жерде әңгіме олардың қандайда болмасын әрекеттері міндетті байланыста болуы жөнінде болып отыр. Қылмыстылық тудыратын себептер мен жағдайлар кешенінің біріккен әрекеттері кримино-гендік детерминант деп аталады⁹.

Әлеуметтік құбылыстардың себептілігі түсініктемесі себептіліктің неғізгі әдістемелік ұғымынан туындаған, оның қоғамдағы әсіресе төмендегідей әрекшеліктерін ескереді:

а) себеп-салдарлық заңдылықтардың екі типін: динамикалық және статистикалық;

б) әлеуметтік детерминация зерттеу кезінде жүйелі әдіс міндетті;

в) әлеуметтік детерминанттың мазмұны әсіресе қоғамдағы қарама-қайшылықтармен және оны тиімді шешумен анықталады¹⁰.

г) әлеуметтік құбылыстар қоғамдастық, қауымдастық (top) және тұлғалар деңгейіндегі әртүрлі қызмет жүйесін көрсететін болған-дықтан соңғы нағтижесінде қызмет немесе әрекет сипаттың таңдау адамдардың сұранысымен, қызығушылығымен және себептерімен анықталады.

⁹ Кузнецова Н.Ф. Проблемы криминологической детерминации. — М., 1984.

¹⁰ Кудрявцев В.Н. Социальные деформации: — М., 1992; Карпец И.И. Преступность: иллюзии и реальность. — М., 1992.

д) әлеуметтік детерминацияны талдау тарихи әдістерді қолданудың қажет етеді, яғни өткендеңіден қазіргіге дейінгі және қазіргідеңіден келе-шектегі даму барысындағы құбылыстарды танып-білу қажет, мұның өзі детерминация жөнінде малғұматтар беріп қана қоймайды, сонымен бірге оның алдағы дамуын болжауга мүмкіндік береді.

Детерминация процесін детерминанттардың өздері — қылмыстырылыштың себептерімен, жағдайларымен, коррелянтарымен шатастырып, арасында болмайды¹¹. **Детерминация** — диалектикалық заңдылық, сондықтанда ол әлеуметтік бейтарап. Детерминациямен курес мүмкін емес. Мәселең, орта мен тұлғалардың әректестігіне қарсылықты қүшайтуге бағдарланған алдын алу бағдарламасын ойластыру мүмкін емес шығар.

Қылмыстырылыштың себептері мен шарттары — қоғамдық экономикалық қауымдастырыққа және сол мемлекеттің өзіне тән салдары ретінде сәйкес келетін қылмыстырылышты анықтайтын теріс жүйе.

Қылмыстырылыштың себептері мен шарттары өзінің пайда болу тегі мен мәні бойынша әлеуметті. Олар қашанда қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтар арасынан орын алады. Мазмұны жағынан бұлар теріс бағытты, адамдардың, қоғамның, мемлекеттің мүдделерімен санаспайды. Позитивті, яғни оң піғылды әлеуметтік құбылыстары алдын алу шаралары жүйесі қатарынан орын алады.

Криминогенді детерминанттар біршама тұгастай жалпыны (жүйені) құрайды. Бұған қылмыс топтарының (түрлерінің) себептері мен шарттарының жүйелік бөліктері енеді, мысалы күш көрсету; пайдакунемдік, қайталанған қылмыстар және басқалары. Накты қылмыстардың себептері мен шарттары криминогенді жүйенің бастапқы элементтері болады. Мұндай — элементтердің арасында құрделі көп деңгейлі өзара әрекеттестіктер болады: Осыған байланысты криминогенді жүйе нақты қылмыстың себептері мен шарттарының арифметикалық сомасы бойынша есептеліне алмайды. Ол әлеуметтік құбылыстың сапалы жаңадай қасиетіне ие болады.

Әрекет ету механизмі бойынша детерминанттар қылмыстырылышты тузыруши (себепкер) және себепші, көмектесуші, мүмкіндік туғызуши болып бөлінеді. Олар қылмыстық деңгейінен және жекелеген қылмыстардың қылмыстық жүйесінен көрініп те тұрады және пайда да болады. Оған детерминацияның барлық деңгейіндегі изоморфизм (курылымдардың бірtektestілігі) деген ұғым айғақ.

¹¹ Долгова А.И. Криминология. — М., 1997.

Қылмыстылық себептері мен шарттары мағлұматтарын жүйелілік көзқарасымен бағалау көпфакторлы (кондиционалистік) теория ретінде ешбір негізсіз болып табылады¹².

Фактролар теориясы әлеуметтену мен криминологияда¹³ криминогенді детерминантты теңестіріп талдағаны үшін (олардың айырмашылықтарын ескермей) сынға алынып келеді. Осы орайда белгілі американдық криминолог — Сатерленд факторлар теориясын «салыстырусыз құндылықтар каталогын» деп атаған болатын. Дәл сол өзінен өзі дұрыс сипат алатын қылмыстылық факторына жүйелілік көзқарастарды пайдалана қоймау факторлардың басты әдістемелік кемшілігін құрайды.

Қылмыстылықты детерминант жүйесінде негіздеудің ғылыми ғана емес, тәжірибелік маңызы да бар. Қоғамдық психологияның өзгеріске ұшырауының орны толмас сипатқа ие болуы мүмкін және оны қалпына келтіру үшін көп уақыт кетеді. Қылмыстылықтың шартына байланысты мәселе жөнілірек. Жеке адамға байланысты алдын алу шаралары, сондай-ақ сопталғандарды түзеу — тиісті криминогенді психологияны криминоген-сізге алмастыру.

Криминогенді детерминатортар жиынтығын жүйе ретінде қарастыру қылмыстылыққа әсер етудің мазмұны мен механизмінің айырма-шалықтарын мүлдем жоққа шығармайды. Жүйелік әдіс қылмыстылықтың себептері мен шарттары жүйешенің жүйе ішіндегі көпкүрлұ байланыстырды орнатуға жағдай туғызады, криминогенді жүйелердің бөлінбейтін элементтерін ашады, оның метажүйелермен (қоғаммен, мемлекетпен, әлемдік қауымдастықпен) өзара әрекеттестігін анықтайды.

Себептер — қылмыстылық *пен қылмысты тікелей тұгызатын, жаңа-дан өндіретін заңды салдары ретінде әлеуметтік-психологиялық детерминанттар*. Қоғам мен заңнан алшақтаған қауымдастық *пен тұлғаның әлеуметтік және құқықтық психологиясы қылмыстылықтың себептер жүйесін құрайды*. Қылмыстылықтың себептері арасынан дәлелсіз агрессивтілікті, ұлтшылдықты, қоғамды елемей жек көруді, құқықтық нигилизмді ерекше атап көрсетуге болады. Қылмыстылық себептерінің жүйесі әлеуметтік-психологиялық құбылыс болып табылады. Дегенмен, осындаған жүйелілік нақты қылмыс дәлелін қылмыстылықтың әлеуметтік криминогенді дәлелімен қарама-қарсы қою мүмкін емес, ойткені жүйенің барлық элементтері өзара әрекеттес.

¹² Шнейдер Г.И. Криминология. — М., 1994; Иншаков С.И. Зарубежная криминология. — М., 1997.

¹³ Кудрявцев В.Н. Генезис пресуппления (опыт криминологического моделирования). — М., 1997.

Шарт — бұл өзі қылмыстырық пен қылмыс тудырмайтын, бірақ себептің әрекетіне жағдай туғызатын, жесеңдеметтің өршітеттің кері алеуметтік құбылыс. Мысалы, бақылау-ревизия-лық қызметтің жеткілік-сіздігі материалдық құндылықтарды сақтау, есеп жүргізу және пайдалануда бақылаусызың туғызып, меншікке қол сұғушылыққа жағдай жасайтын шарт болып саналады.

Себептер мен шарттардың арасында «криминогенді детерминанттар» талданған ұғымын пайдалануға және басқаларды қамтитын өзара тығыз әрекеттестік болады. Мазмұны жағынан себеп алеуметтік-психологиялық сипатта. Шарт та сол сияқты экономикалық, саяси, құқықтық, үйімдыш және басқа да мазмұндарға ие. Себеп қылмыстырықты тудырады, шарт себептердің қылмыстырық әрекетке айналуына жағдай жасайды. Олар кейде рөлдерімен алмасуы да мүмкін.

4.2 Қылмыстырық себептерін жіктеу

Қылмыстырықтың себептері мен шарттары әралуан және олар әртүрлі деңгейде болады. Осыған байланысты оларды ғылыми және практикалық түрғыдан танып білу үшін тиісті бір дәрежеде жіктеу кажет. Ол былайша жүзеге асады: **а) әрекет ету деңгейі бойынша (субординация); б) мазмұны бойынша; в) табиғаты және басқа да өлшемдері бойынша.**

Қылмыстырықтың іс жүзіндегі детерминация процесіне сәйкес осы жөнінде айтылған көзқарастардың берін пайдалана отырып кешенді талдау жүргізу кажет.

Әрекет ету деңгейі (субординация) бойынша себептер мен шарттар былайша ажыратылады: *а) тұластай қылмыс бойынша (кейде жалпы себеп деңгейінде айтылатын); б) қылмыстың түрлері бойынша (санаты, тобы); в) жекелеген қылмыстар бойынша.*

Тұластай түрлері және жекелеген қылмыстарға байланысты қылмыстырық ұғымының себептері мен шарттары арасындағы айырмашылықтар мен өзара байланыстар жалпы мен жалқының, жалпы мен ерекшениң, тұтас пен бөліктің, жүйе мен жүйелік -лементтер арасындағы сияқты күрделі диалектикалық байланыстарды құрайды.

Талдаудың мейілінше жоғары сатысы тұластай қылмыстырықтың себептері мен шарттары құбылыстары мен ұғымдарында кеңірек орын алады. Жекелеген қылмыстардың себептерімен шарттары мейілінше нақтыланған. Қылмыс түрлерінің себептері мен шарттары орташа дәрежедегі сипатқа не болады, атап айтқанда, пайдакунемдік пен күш көрсету, кәмелетке толмағандар мен ересектер арасындағы қылмыстар, бірінші рет және қайталап

жасаған, қасақана және абайсыздықта жасаған қылмыстар. Саны мен мазмұны жағынан қылмыстылықтың себептері мен шарттары осы деңгейлерде бір-бірімен сәйкесе бермейді.

Мәселен, материалдық құндылықтарға немесе банк операцияларына бақылаудың болмауы экономикалық қылмыс-тарға криминогендік жағдай туғызады, бірақ мұндай жағдайдың басқа қылмыстарға қатысы болуы мүмкін.

Тұтастай қылмыстылықтың себептері мен шарттары, қылмыстың түрлері сияқты біршама ірі аймақта және ел көлемінде орын алады. Жекелеген қылмыстардың себептері мен шарттары белгілі бір қылмыстарға ғана тән болады.

Өзінің мазмұны жағынан криминогенді детерминантар әлеуметтік-экономикалық, саяси, әлеуметтік-психологиялық, тәрбиелік, құқықтық, ұйымдық-басқарушылық болып бөлінеді.

Қылмыстылық пен қылмыстың жақын себептері ретінде әлеуметтік-психологиялық сипаттағы құбылыстар көрінеді (қылмыстық құқыққа қайшы келетін өзгеріске ұшыраған қоғамдық және жеке психология).

Қылмыстық пен күрес мәселесі криминогенді әлеуметтік-психологиялық құбылыстарға келіп тірелетін болғандықтан қылмыстылық пен қылмыстардың себептеріне өз мәніде түсіндірме беру қынға соғады, өйткені ол әлеуметтік-психологиялық өзгерістерге де байланысты. Әлеуметтік-психологиялық құбылыстардың бойында қылмыстылықтың себептері ретінде қос буынды «себептер буыны» болады. Бұл жөнінде айтылып кеткеніндей, ол белгілі бір құбылыстың экономикалық, идеологиялық салдарын көрсетеді.

Өзінің табигатына, пайда болу тегіне қараі, тарихи өткенге емес қазіргі кезеңге жататын әлеуметтік-психологиялық құбылысты қалыптастыратын көптеген экономикалық, идеологиялық және басқа да әлеуметтік құбылыстар осы күнде жалғасын табуда. Әлі де жалғасын табады.

Қылмыстылық пен қылмыс шарттарының екі тобы болады: қылмыс пен қылмыстылықтың әлеуметтік-психологиялық құбылыстарын (себептерін) қалыптастыратын және қылмыстылық пен қылмыстың пайда болуына жағдай туғызатын шарттар.

Шарттардың бірінші тобы қоғамдық, топтық және жеке сана қалыптастыратын әлеуметтік-экономикалық, саяси, идеологиялық, әлеуметтік-психологиялық, құқықтық, ұйымдық-басқарушылық және басқа да қоғамның қармана-қайшылықтарымен байланысты. **Шарттардың екінші тобы** — бұл құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесіндегі, жалпы қылмыстылық пен құқық бұзушылыққа карсы күрес саласындағы олқылықтар, қателіктер, кемшіліктер.

Осы екі топтың екеуі де бір-бірімен тығыз байланыста әрекет жасасады. Мәселен мүлікті құзетудің нашар ұйымдастырылуы оған қылмыстық кол сұгуышылықты жеңілдетіп қана қоймайді және осындай меншікке қатысты қылмыс нәтижесінде тұрақсыздық пен пайдакунемдік қанына сіңіп кететін адамдардың психологиясына кері әсер етеді. Сөйтіп, шарттардың екінші тобы қылмыстық әрекеттің және оның нәтижеге жетуін жеңілдетіп қана қоймайды, сонымен бірге қоғамның әлеуметтік жағынан тұрақсыз элементтеріне ақпараттық-қалыптастырушылық әрекет жасайды, олардың қылмыс жасау дайындығына жағдай туғызады.

Криминогенді себептер мен шарттардың әлеуметтік мәні қоғам дамуының негізгі заңдылықтары мен қарама-қайшылықтарының өзара байланысы арқылы анықталады.

Криминологияда зерттеу міндеттеріне байланысты қылмыстылық пен қылмыстың себептері мен шарттарының өзге де жіктеулері колданылады. Мысалы, қылмыс оқиғасына жақындығына немесе себептер мен шарттардың белгілі бір жиынтығына орай жақындау және алыстау, *тікелей және жсанама* болып бөлінеді.

Қылмыстылықтың себептері мен шарттары, сондай-ақ пайда болатын көздері бойынша *ішкі және сыртқы* болып бөлінеді. *Ішкі детерминанттар* қоғамның ішкі қайшылықтарына, ал *сыртқы қайшылық* халықаралық сипаттағы қайшылықтарға байланысты болады.

4.3 Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік демографиялық үдерістердің криминологиялық талдауы

Жоғарыда келтірілген әдістемелік және тұжырымдамалық қозқарастарды басшылыққа ала отырып, қылмыстылықтың себептері мен шарттарын *әлеуметтік қайшылықтармен* тығыз байланыстыра және қылмыстылық, қылмыскердің тұлғасы мен криминогенді жағдайлар туралы мәліметтік деректерді ескере отырып талдауга болады.

Криминология философия немесе әлеуметтану ғылымдырына қарағанда қылмыстылықтың себептері мен шарттарын жалпы танымдық тұрғыдан емес, қылмыс категорияларына сай аумақтық, жалпы және жеке сияқты барлық дәрежедегі алдын алу жүйелерін қалыптастырып, жүзеге асыру үшін кәсіби тұрғыдан егжей-тегжейлі зерттейді. Сондықтанда оның негізгі әдістемелік құралы қылмыстылық пен қылмыскер тұлғасын талдауда да, оқып-зерттеуде де **статистика** болып қала береді. Мәселен, қазіргі кезде криминогендік детерминанттың 80 пайзызы сарапшылардың бағалауда да, пайдакунемдік пифылдағы экономиялық сипатта болады, детерминанттың

80 пайызы сарапшылардың бағалауынша пайдакүнемдік пигылдағы экономиялық сипатта болады, детерминанттың 15-20 пайызы көреалмаушылық психологиясымен, күш көрсетумен, агрессивтілікпен көрінсе, қылмыстылықтың себептері мен шарттарының 10 пайызы жауапсыздығы мен жеңілтектік себептерінен туындайтын абайсыздықтың, сондай-ақ солардың қалыптасуы мен пайда болуына жағдай туғызатын құбылыстардың үлесіне тиеді.

Қылмыстылық пен оның себептерін статистика мен әлеуметтік қайшылыштарды ескере отырып талдау практиктер мен теоретиктер үшін «Қылмыс неліктен жасалады?» деген сауалға жауап беруге жағдай туғызады.

Қылмыстық статистикада іс-әрекеттің жасалуына тұра себеп болатын қылмыстың дәлелі туралы бөлім болмағандықтан ондай деректерді басқа көздерден алуға тұра келеді. Ең алдымен мұндай деректерге қылмыстылық пен оның республикалық және аймақтық деңгейдегі құрылымы мен динамикасы туралы, сондай-ақ қылмыс субъектілерінің жыныстық, жаса шамасы, әлеуметтік белгісі, соттылығы жайындағы деректер жатады. Мұндай деректер қылмыстың жасалу дәлелі мен оған қатысушылардың өмір-харакеттің жағдайын ашып беретін әлеуметтік және құқықтық психологияның бұзылғандығын, беріктігін немесе жағдайға қоңгіштігі жайында айтады. Мысалы, қажетін өтегу үшін қылмыс жасаған жұмыссыз жүрген адам туралы ақпарат, сөз жоқ бұл жай осындағы сапаттағы адамдарды мұліктік қылмыс жасауға итермелейтін себептер мен шарттар болып саналытындығын көрсетеді. Әйелдер арасындағы және жастар арасындағы қылмыстардың өсіу де әлеуметтік-экономикалық қайшылықтардан туындаиды.

Криминогендік жағдай туралы мағлұматтарды Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі Мемлекеттік комитеттің жинақтарынан, ПМ, мен Бас прокуратура есептерінен және соттылық туралы талдаулардан, экономика, өмір салты, білім мен тәрбие, ұлттық қауіпсіздік және басқа мәселелер жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарынан танысып-білуге болады. Алайда, криминологиядағы қылмыстылықтың себептері мен шарттарының көзderі ретіндегі қарама-қайшылықтардың мұндай жалпы шолу түріндеғі материалдары әрине жеткіліксіз.

Кейінгі онжылдық ішінде қофамымыз берілген мемлекеттіміздегі қарама-қайшылықтардың күрт өршіп кеткені жасырын емес. Олардың кейбірі әлеуметтік антогонизм сипатына да ие болып отыр. Өркениетті нарықтық жүйеге өту мен құқықтық мемлекетке айналу жолындағы киындықтар бастауы кешегі өтпелі кезеңнің объективті қызындықтарынан, сол сияқты экономикалық, әлеуметтік және құқықтық реформа жүргізуін елеулі қателіктері мен кемшиліктерінен басталған.

Идеологиялық сала бір партиялықтан көп партиялыққа көшу, ой-пікір мен идеология плюрализмі, бөтен дүниетанымдылыққа төзбеушілік, ақапарат алудағы ашықтық пен жариялыштық сипатына ие болып отыр.

Экономикалық қатынаста мемлекеттік меншікті мемлекет қарауынан алу мен жекешелендіруді, меншіктің барлық нысандарын, халықтың мұліктік мұддесін әлеуметтік және құқықтық жағынан коргауды ұсынатын мемлекеттік монополизмнен нарықтық экономикаға көшу жүзеге асырылуда.

Осындай құрделі, тарихи теңдесі жоқ міндеттер туралы шешімнің ауқымдылығы мен негізділігі қоғамның болмысы мен сана-сезіміндегі жаңа мен ескінің елеулі қарама-қарсылықтарымен жанасады.

Қылмыстық заңнамалар мен оларды іс жүзінде қолдануына енгізілген белгісіздік пен екіүштылық қылмыскердің жазасызыдығымен криминогенді жағдай туғызды.

Қаржы саласындағы қылмыстылық соңғы төрт жылда он есе өсті.

Рұхани тағдарыстың да қылмыстылық жағдайына әсер ететіні рас. Ол әсіресс «адамгершілікке қарсы қылмыс» деген атаумен жыныстық қылмыстармен, маскунемдікпен, нашақорлықпен, порнографиямен, балаларға деген қатыгездікпен, жеңгетайлықпен, мәдени шығармаларды ұрлау және контра-бандамен, вандализммен, көзге көріне түсті. Осындай рұхани азып-тозушылықтар кәмелетке толмағандар мен әйелдер арасындағы қылмыстар алаңдатушылық тудырды.

5. ҚЫЛМЫСПЕН КУРЕСТИ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ БОЛЖАУ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ

5.1 Қриминологиялық болжау мен жоспарлау үғымы

Табиғат пен қоғамда бәрі бірдей материалистік диалектика заңына бағынады, бәрі ағады, бәрі өзгереді, бәрінің де басы мен аяғы болады. Адамның әдеттегі іс-тәжірибе қызметі осы өзгерістерді мүмкіндігінше дәлірек және белгілі бір дәрежеде болжай білуді, оларға баға берे білуді, егер өзгерте қалған күнде оларды дұрыстап алдағы уақытта адамдар үшін пайдалана білуді талап етеді. Ғылым белгілі бір құбылыстың мәні мен заңдылықтарына терендең бойлаған сайын соғурлым болашаққа баға беру мағыналы бола түседі.

Криминологиялық алдын алудың ең негізгі ерекшеліктерінің бірі қылмыстырылыштың оның детерминанттарын **алдын ала болжау**, оларды ескерту **мүмкіндігі** болып саналады. **Болжам** — бұл белгілі бір құбылысты ғылыми негізде практикалық қажетілік үшін анықтау және оның келешегіне баға беру. **Криминологиялық болжам** — бұл алдағы жағдайды (деңгейді, құрылымды), оның детерминанттары белгілі бір уақыттагы алдын алу мүмкіндіктері, өзгеруі туралы пікірмен пайымдау.

Болжам қылмыстырылыштың белгілі бір аумақ аймағында өзгерісін, жалпы қылмыстырылыштың тұластай және оның жекелеген түрлерін қамтуы мүмкін. Болжамға қажетті ақпараттарды алу, өңдеу және талдау **болжас** деп аталады. Ғылыми болжаудың нәтижесі болып болжамның өзі саналады. Болжам тиісті құбылыстың өткені мен қазіргісі туралы жиналған ақпараттың жәйған сомасы болмайды, оның құрамында осы құбылыстың келешегі туралы түсініктің екі үшітілген, белгісіздігін азайтатын ақпарат болады.

Болжау тиісті кезең ішінде қылмыстырылышпен құрестің мақсаты мен міндеттін қалыптастыруға және оны жузеге асыру қызметін, соның ішінде қылмыстырылышты ескертуді жузеге асыруды жоспарлауга көмектеседі. Бұл жерде әнгіме жәйған бұл қызметті күтіліп отырған әсер ету обьектісіне «икемдеуң турасында емес, қылмыстырылышты төмендету (денгейін азайту, құрылымын жеңілдету) әсер беру және белгілі бір кезеңде және белгілі бір аумақта қылмыстырылышты ескертіп және оны мейлінше азайту турасында болып отыр.

Қылмыстырылыш — *әлеуметтік-құқықтық құбылыс*. Оның көптігіне байланысты әртүрлі мазмұнына, сондай-ақ әсер ету факторларының дәрежелеріне қарай себептер тудыратын және соған жағдай жасайтын күрделі

жүйелері болады. Бұл факторлар, олардың өзара сондай-ақ қылмыстылықпен тікелей байланыстары әлі ашылмаған, қажетті дәрежеде елкен өтпеген деп Н. Ф. Кузнецова¹⁴ да атап көрсеткен болатын.

Криминологияда болжау белгілі бір шектеуде назардан шығаруға болмайтын бірақ асыра бағалауға болмайтын қылмыстылық пен оның элементтеріне байланысты проблемаларды ғылыми негізден зерттеу іс-тәжірибеде де маңызды нәтиже береді.

Криминологиялық болжам мыналарды пайдалануды ұсынады:

а) қылмыстылықтың динамикасымен тұрақты және белсенең байланысқан жалпыағлеуметтік үрдістердің (демографиялық-экономикалық, идеологиялық, ағлеуметтік-психологиялық, ұйымдық-басқару және басқа) жай-күйі мен тенденциясын сипаттайтын кемінде өткен он жылдың мәліметтік деректері;

б) криминологиялық болжам қамтитын кезең ішінде осы үрдістердің жай-күйі мен тенденциясының жоспарланған (болжанатын) өзгерістері туралы деректер;

в) қылмыстылықтың «ренді» құбылыстарының (маскүнемдік пен алкогольизм, жыныстық аморализм, арамтамақтық өмір салтын кешу, валюталық іс-әрекет және басқа) кемінде кейінгі он жылын сипаттайтын мәліметтік деректер мен зерттеу жетістіктері;

г) алдын алу шаралары мен қылмыстық-құқықтық шаралар жүргізу тәжірибесін сипаттайтын тенденциялардың (көлемі, құрылым, және нағтижесі) мәліметтік деректері мен зерттеулерінің таңдаулы жетістіктері,

д) қылмыстылықпен күрестің құқықтық реттегеуді мен ресурстық қамтамасыз етілуінің жоспарланған өзгерістері туралы деректер.

Осыған сәйкес, пән ретіндегі криминология қылмыстылықты оқып-үйрену ғана емес, сондай-ақ **қылмыскердің тұлғасын** да оқып-білуді қарастырады. Криминологиядағы болжау криминологиялық болжамның қылмыстылық болжамы (тұластай немесе оны жекелеген құрамы) және жеке қылмыстық қылышы болжамы болып екі түрге бөлінеді.

Қылмыстылықтың алдағы жай-күйінің шымылдығын ашатын криминологиялық болжам оның болашақтағы болады-ау деген қажетті деген сипаттарын анықтап, әрекет жасауды басшылыққа алады. Қылмыстылықпен күрес қоғамдағы барлық келелі істер сияқты **жоспарлы түрде** жүргізіледі. **Жоспар** — бұл белгілі бір тәртіпті, жүйелілікті орындау мерзімі мен жасауды орындаудының күні бұрын қарастыратын белгіленген шаралар жүйесі. Қылмыстылықпен нәтижелі күрес жүргізу қылмыстылықтың өзіне

¹⁴ Кузнецова Н.Ф. Преступность и преступление. — М., 1969.

гана мақсатты әсер етіп қана қоймайды, оның себептеріне де, оны тудыратын және пайда болуына жағдай жасайтын шарттарына да әсер етеді, яғни тиісті түрде осы күреске қатысушылардың кең шенберін, әртүрлі деңгейдегі, әртүрлі бағыттағы алдын алу шараларының жоспарлауын ұсынады.

Криминологиялық болжамдар мұндай жоспарлауга қажетті ақпараттық материалдар беріп қана қоймайды, қылмыстылықпен күрес шараларын жасауға бағытталған ғылыми көзқарастардың базасы болып табылады.

Жоспарлау сиякты мұндай күрделі құбылыс қандай көзқарастармен қаралатындығына байланысты қоپтеген әрқылы анықтамаларға ие болуы мүмкін. Жалпылай алғанда оны белгілі бір мақсатқа жетуғе бағытталған белгілі бір шараларды жүзеге асырудың ретін белгілейтін шара деп анықтама беруге болады. Осыдан келіп, **криминологиялық жоспарлауды қылмыстылықты және басқа құқық бұзушылықтарды ескертуге бағытталған шаралар жүйесі** деп анықтауга болады.

Жоспарлау мақсатын жүзеге асыру белгілі бір қагидаларға сүйенеді. Қылмысты ескерту жоспарының қагидалары әлеуметтік-экономикалық жоспарлау қагидаларымен хаттасады. **Жоспарлаудың мынадай қагидалары көрінуге тиіс:** занылық, демократизм, объективтілік және гылымга негізділігі, нақтылығы және мақсаттылығы, жалгасын табушылығы, үздіксіздігі, бақылаулылығы және басқалары. **Занылық қагидаларына** сәйкес, занды екендігіне күмән келтірлемейтіндей шаралар жоспарланды тиіс. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатын жеке адамдардың құқығы мен бостандығына араласу, бақылау мен санкцияларды қолдану осының бәрі жоспарланып және занға қатаң түрде сәйкестендіріле жүргізілу тиіс.

Демократиялық централизм қагидасы «жоғары жақтың» ұсынысы мен «төмөнгі жақтың» ұсынысы салыстырмалылығын талап етеді.

Бұл жағдайдағы **объективтілік пен гылыми негізділік қагидасы** жоспарланатын шаралар нақты жағдайға сай келудің, әлеуметтік-экономикалық ахуалдың нақты және болжанатын шарттарына сай болуын, жоспарланудағы мақсат пен мүмкіндіктердің арасындағы байланыстылықты талап етеді.

Нақтылық пен мақсаттылық қагидасы алдын алу шараларын жоспарлау жалпы декларациядан туындауын (жоғарылату, көтеру, күшету) емес, қылмыстың алдын алу объектілерінің ерекшеліктерін нақты білуді талап етеді.

Жоспарлаудың жалгасын табушылық, үздіксіздік, бақылаулық мынаны білдіреді, жоспар жасағанда оның алдындағы жоспарлау тәжірибелерін ескеру қажет, оны орындау барысында мүмкін деген түзетулер енгизіп отыру керек, сондай-ақ жоспарлы шаралардың орындалуын тексеріп

отыру қарастырылады. Бұлардың соңғысы айтарлықтай дәрежеде жоспарлы шаралардың соңғысы жоспарлы шаралардың нақтылық деңгеймен байланысты.

Аталған жалпы қағидалар сопымен бірге әлеуметтік қағидалармен де толықтырылып отырады. Олардың қатарына мынадай қағидаларды жатқызуға болады: қосарлап қаралу, қажетті түрдегі әртүрлілік, сыртқы қосымша, бағдарламалылық, тиімділік, мақсатқа жетудің кезеңділігі және интеграция.

Қосарлап қаралу қағидасы, қылмысты ескертуді жоспарлау әлеуметтік-экономикалық жоспарлаудың бір жүйесі және біршама дербес (окшау) ак-парааттық жүйе ретінде қарастырылуы тиіс екендігін білдіреді. Осыған байланысты жоспарлаудың тиімділігін бағалау мөлшері сыртқы және ішкі екі топтан тұрады, яғни жоспарлы шаралардың жүзеге асырылу тиімділігі мен әсері қылмыстырылғының төмендеу деңгеймен ғана емес, — экономикалық және әлеуметтік даму жоспарының орындалу-ындағы ролімен де бағаланады.

Қажетті әртүрлілік қағидасы қылмысты ескерту объектісі мен жоспарлау блогы (ескерту шаралары) арасында белгілі бір сәйкестіліктің болуын талап етеді. Мұнда жоспарлау блогының әртүрлілігі объектінің әртүрлілігіне негұрлым жақын болған сайын, соғұрлым бұл блок өзінің қызыметтін атқаруды жақсартпа түседі.

Сыртқы қосымша қағидасы жоспарлаудың ешқашанда объектінің әртүрлілігінің барлығын аяғына дейін қамти алмайтын фактілерін көрсетеді. Сондықтан объектінің толық емес әрекетінің орны толтырылады, сараптаушы мүмкін бағалармен және шешімдермен толықтырылады, бұл қағида объектлері мейлінше көп болғандықтан және мақсатқа жету мүмкіндігі аз жағдайда тиімді жол талғауына болатындықтан, әсіресе қылмысты ескертуді жоспарлау үшін ерекше маңызды.

Тиімділік қағидасы, егер жоспарлау бір мақсатты ғана жүзеге асыруға бағдар алған жағдайда оптималдылық қағидасымен байланысады. Қылмысты ескертуді жоспарлаудың бірнеше мақсаты болғандықтан, екінші бір мақсатқа кеселін тигізбейтіндей бір мақсатты орындауға бағытталған жоспарлауды тиімді деп тануға болады.

Мақсатқа жетудің ағымды, кезеңділік қағидасы қылмысты ескертудің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарларының арасындағы өзара байланыстарды талап етеді.

Бағдарламалық қағидасы қылмысты ескертудің аса маңызды бағыттындағы кешенді бағдарламалар жасауды үйгараады. Бұл қағиданы пайдаланудың маңыздылығына сөз жетпейді.

Интеграция қагидасы осы жоғарыда айтылған қағидалардың басын біріктіріп және олардың әдістемелерінің, технологияларының, сондай-ақ қылмысты ескертуді жоспарлауды басынан аяғына дейін үйымдастырылуын талап етеді.

Қылмысты ескертуді жоспарлау қағидаларын теориялық тұрғыдан игеру жоспарлауды сапалы құрудың кепілі емес. Қағидаларды колдануды білу керек, ал мұның өзі тиісті білім мен шеберлікті қажет етеді.

Болжау мен жоспарлаудың өзара байланысы шешуші дәрежеде болжамның дәлдігіне қатысты. Ол неғұрлым мықты, берік болса, болжау мен жоспарлаудың арасындағы байланыстар да тығыз болады. Болжамның дәлдігі төмендеген сайын жоспарлау үшін оның рөлі мен мәні де төмендей тусаді. Теориялық талдаудағы жіберілетін болжалдық пен мүмкіндік жоспардың негізіне сүйенген іс-қимыл үшін қауіптілік тудырады.

Болжау мен жоспарлаудың арасындағы өзара байланыстарды карастыра отырып, олардың көп ұқсастығын антаруға болады. Болжам, белгілі бір мәнде жоспарлаудың жұбы жазылmas «егізі» сияқты болып көрінеді. **Болжау** — жоспарлаудың нәтижесі белгілі бір дәрежедегі ойшағана өндөлген ақпарат емес, болжауды бекіту мен болжанатын ағымды (егер ол он ағым болса) күшету немесе болжанатын ағымды (егер ол теріс ағым болса) бұзу, өзгерту жөніндегі шаралардың өндөлген жүйесі болған жағдайдағы талдаудың негізінде қазіргі жағдайдың жай-күйімен салыстыра отырып, алдағы болатын жағдайдың жай-күйін болжап білу.

Криминологиялық болжау ең бастысы қылмысты ескерту саласындағы жоспарлардың; бағдарламалардың және өзге де шешімдердің ғылыми негізділік дәрежесін көтеруде қолданылады. Болжаудың жоспардан айырмашылығы мынада, болжау, **болжау** — бұл қылмыстылықтың мүмкін деген жай-күйінің және оны ескерту деңгейінің ықтималды көрінісі, ал **жоспарлау** — бұл қылмыстылықты және оны ескертуді қалаған жай-күйін деңгейге жеткізу жөніндегі шараларға қатысты директивалық шешім.

Криминологиялық жоспарлауда бағдарламалық-мақсатталық көзқарасты пайдалану қажет. **Кең магынада** белгілі бір іс-қимылдың бағдарламасы деп осы іс-қимылдың негізгі бағыты және оның нәтижесінің қалаған сападағы сипаттың түсінуге болады. Ал **тар магынада** бағдарламаны басқаруды дамытудың қазіргі кезеңіне тән жоспарлаудың ерекше құралы деп түсініміз. Бағдарламалар мейілінше маңызы бар сала аралық және аумақтық мәселелерді камтиды.

Кең магынадағы түсінік бойынша жоспарлаудағы бағдарламалық-мақсатты бағыт-бағдар бағдарламалауды, яғни нәтижесімен, мерзімімен, және мүмкіндігімен сипатталатын іс-қимыл мен қызметтің нақты жоспарын жасау деп білуге болады. Осы жоғарыда айтылған талаптар өз мәнінде

орындалмаса жоспарлы құжаттар нәтижесіне баға беру қынга түсетін шаралардың жэй ғана тізіміне айналады. Қылмыстырылтық ескертуді жоспарлауда бағдарламалық-мақсаттылық қағидасын қолданудың қажеттігіне күмән жоқ. Ол барлық әлеуметтік және өзге де мәселелерді шешу үшін қылмыстырылтықпен күрестің мейлінше маңыздылығын ескеретін, мемлекеттік және қоғамда тұрган міндеттердің кешенді сипатына байланысты. Дәл осыған байланысты қылмыстырылтықпен күрестің жалпы мемлекеттік бағдарламасының қабылданғаны мәлім.

Қылмыстырылтықпен күрес жөніндегі бағдарламаның жасалуына байланысты жалпы мемлекеттік және аймақтық арақатынас туралы мәселе туындаиды. Бұл жерде атап ету керек, жалпы мемлекеттік бағдарлама аймақтық бағдарлама-лардың жиынтығы ретінде санала алмайды. Оның үстіне, қылмыстырылтықпен күрестің аймақтық бағдарламалары жалпы мемлекеттік бағдарламасында нақтырақ жасалады. Отте есте қаларлығы, қылмыстырылтықпен күрес бағдарламасы көптеген дамыған елдерде де жасалады.

Жоспарлау процесінің құрамында үш негізгі кезеңді айырықша көрсетуге болады: **таудаулық, болжаулық және жоспарлы шараларды жасау кезеңі**. Кезеңдер өз кезегінде мынадай жоспарлау процедурасының мынадай кезеңдерінен тұрады:

ұйымдастыру-дайындық — бұған жоспарды жасаушылар құрамын анықтау, жоспарлаудың жекелеген бағыттарына, тараулары мен бөлімдеріне жауапты адамдарды белгілеу, жұмыстардың жоспар-кестесін жасаудың нұсқауы жатады;

ақпараттық-талдау — мұнда құқық бұзушылықтың денгейіне, динамикасына және құрылымына әлеуметтік-саяси, отбасы тұрмыстық, экономикалық, құқықтық идеологиялық, мәдени, моральдық және басқа да факторлардың әсер ету дәрежелері туралы мәселелерге жауап қарастырылады; мұнда сонымен бірге қылмыстырылтық және өзге де құқық бұзушылықтардың жай-куйін, олардың себептері мен шарттарының оқып-зерттеу жөніндегі бағдарлама жасау, алдыны алу жұмысының озық тәжірибесін тарату, тиісті ақпараттар жинау, оларды статистикалық өндөу мен талдау, қорытындылар жасау кіреді;

болжамдық — мұнда құқық бұзушылықтардың алдын алу жүргізілетін шарттарының алдағы ықтимал көріністеріне түсінік беріледі. Болжамдық кезең құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесін дұмытуға, бағытталған жоспарлаудың және оның жекелеген бөліктерінің келешегі бар, шындыққа жанасатын мақсаттарын таңдап алуға жағдай жасайды; қандай мәселелеге көніл белуді, міндеттерді қандай ретпен шешуді белгілейді; құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі қызметтің болашақ жүйесінің үлгісін

жасап, осы үлгілерді жүзеге асыруға қатысы бар шарттардың шенберін белгілейді;

жоспар жасау — оған мыналар жатады: алдын алу қызметтінің негізгі бағыттарын және соған қатысты жоспардың құрылымын нақты алдын алу шараларын; жауапты орындаушылар мен мерзімін анықтау; жоспарды талқылаудан өткізу, оны толықтырып өндөу мен бекіту;

жоспарды орындау — бұл кезеңге тапсырмаларды орындаушыларға жеткізу; орындауга жауапты адамдар мен органдарды анықтау; жоспардың орындалу барысы мен нақтылығын бақылау жатады.

Қылмысты ескерту жоспарын тиімділік көрсеткіштері мен өлшемдерін ескермей жүзеге асыру мүмкін емес. Жоспарлаудың тиімділігіне берілетін негізгі баға алдын алу қызметтінің жетістіктері мен мақсатын салыстыру болып табылады¹⁵. Бұл жerde тиімділіктің жалпы (интегралды) өлшемі — қылмыстылық деңгейін түсіру және оның құрылымындағы оң өзгерістер — олар жоспарлаудың басты мақсатын көрсетеді, ал көрсеткіштер тиімділіктің қол жеткен деңгейге баға беру қызметтін атқарады. *Өлшемдер мен көрсеткіштер* бұл қызметтерді орындаі алу үшін олар мынадай **белгілі бір талаптарға жауап беруі керек: біріншіден**, жоспарлаудың мақсатын тепе-тең көрсету; **екінші**, жоспарлаудың негізгі қағидаларын жүзеге асыруға жағдай жасау; **үшіншіден**, алдын алу қызметтіне белсene әрекет көрсеттін механизмнің болуы.

Біздің көзқарасымызша, құқық бұзушылықтың алдын алу көрсеткішерін жалпы мемлекеттік экономикалық жоспарлау жүйесінде де игеру орынды болар еді. Сондай-ак, қылмыстылықпен күрес шараларын жоспарлауда жоспарға сәйкес **криминологиялық болжамдарды** пайдаланғанда, болжамның жайсыз жақтарын ғана бағдарға алмай, өмірде болжамға қарамастан күтпеген жағдайлар болып қалатынын ескеріп отыру қажет. Бір сөзben айтқанда, жоспарлау кезеңі алдағы болады-ау деген жайсыз жағдайларды естен шығармауы керек, сонда ғана соңғы нәтиже айтарлықтай болады.

5.2 Криминологиялық болжау мен жоспарлаудың түрлери

Мазмұны жағынан қылмысты ескертуді жоспарлаудың **мақсаты мен міндеттерінің** сипаты жоспарлаудың түрлеріне тәуелді болады. **Перспективалық** және **агымды жоспар** болатыны белгілі. Ағымды (қысқа мерзімді) жоспарлау 1 айдан 1 жылға дейінгі мерзімге арналып, оған қылмыстылықпен күрестің құнделікті шаралары кіреді. Перспективалық (орташа

¹⁵ Жалинский А.Э. Условия эффективности профилактики преступлений. — М., 1978.

мерзімді) жоспарлау – 3-5 жылға және ұзак мерзімді 10-20 жылға арналады (жоспарлау қылмыстырыпен курес жағдайларын сапалы шешуге бағытталған маңызды мәселелерді қарастыруы тиіс). Перспективалық жоспарлау ағымды жоспарлауды нығайта түсіп, оған қажетті ауқымдылық пен негізделік береді. Бесжылдық (перспективалық жоспар, жылдық, тоқсандық және айлық (ағымды) жоспарлар арқылы жүзеге асырылады.

Мазмұны, қолемі және мақсаты бойынша тиісті өзара байланысты деңгейде жүзеге асырылатын: **кешенді-аумақтық, ведомстволық-салалық, және сала аралық жоспарлау** түрлері болып бөлінеді. **Кешенді-аумақтық** деңгейге республика, облыс, қала, аудандагы құқық бұзушылықтың алдын алудың кешенді жоспалары сай келеді. **Ведомстволық-салалық** деңгейге құқық корғау органдарының, прокуратуралық, ҰҚҚ, ПМ ведомствоаралық және ведомстволық жоспарлар сай келеді. Жеке деңгейдегі жоспарлауға құқық бұзушылықтың алдын алу жоспарын жүзеге асыратын қоғамдық ұйым екілдерінің, полиция мен кәмелетке толмагандар жөніндегі бөлім қызметкерлерінің жеке жоспарлары жатады.

Құқық бұзушылықтың алдын алудың кешенді жоспары өзара байланысқан мына екі міндетті орындауды қамтамасыз етуге бағытталған: *ескертүшараларының кешенділігі* және *алдын ауга әсер ететін қүштер мен құралдарды пайдалану*. Өмір талабы оларды жүзеге асырудың сан қылы жолдарын ойластырып тапты. Соның ішінде *объективті және функционалдық қагидалармен* астасып жататындары біз үшін ең қолайлысы болып көрінеді. **Объективті қагидалар** негізіне құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың, сондай-ақ халықтың арасындағы нақты криминогенді топтар алынады. **Функционалдық қагидалар** негізін алдын алу қызметінің нәрсесі мен бағыттары құрайды.

Құқық бұзушылықтың алдын алудың кешенді жоспары – экономикалық, саяси және рухани-идеологиялық тәртіптегі криминогендік қайшылықтарды (осалсуды) жоюға бағытталған ескертулерді жалпы әлеуметтік шаралары арқылы жүзеге асырылатын әлеуметтік алдын алу жүйесінің басты буыны болып саналады. Құқық бұзушылықты ескертудің **кешенді-аумақтық** жоспарлау да болады. Жоспарлаудың бұл түрі ескерту қызметін құқық корғау органдардың өзара келісе отырып тиімді жүргізуіне бағытталады, сондай-ақ осы орган ішіндегі бөлімдер мен бөлемшелер арасындағы қызметті келісімді жүргізуін қарастырады. **Ведомстволық-салалық** жоспарлаудың субъектілері болып ҰҚҚ, ПМ, прокуратура, Әділет министрлігі органдары саналады. Қылмысты ескертуді жоспарлаудың жеке деңгейдегі субъектілері ішкі істер органдарындағы полицияның участкелік инспекторлары, кәмелетке толмагандар ісі жөніндегі бөлім және ПО-ның кейір қызметкерлері болып табылады.

Участекілік инспекторлардың жеке қызметінің жалпы жоспары және нақты адамдармен алдын алу жұмыстарын жүргізуің жеке жоспары болады. Жеке алдын алу жоспары бір айға жасалып және ол ПБ басшылығымен бекітіледі. Жалпы жоспарда басқа шаралармен бірге құқық бұзушылыққа бейім адамдарды әшкерелеу мен зерттеп білу шаралары да белгіленеді.

Қылмыстың алдын алудың жеке шараларын нәтижелі жоспарлау ең бірінші кезекте құқық бұзушылықтың алдын алу субъектілерінің алдын алатын адамның мінез-құлыш erekshelikteri мен өмір салтын, және жеке әлеуметтік-педагогикалық тиісті әсерінің erekshelikteri терең игерे білуіне байланысты. Жоспар тиімді әрі оптимальды болуы үшін ол болжамға көз жүгіртіп, мұмкіндігінше қазіргі және алдағы жоспарларын үздіксіз ғылымға негіздел отырғаны жөн.

Криминологиялық болжас қурделі ішкі құрылымдарға ие болып және оған мына элементтерді енгізеді:

- қылмыстылықты оның жай-күйімен, құрылымдарымен және қозғалысы мен (динамикасымен) біріктіре болжасу;
- қылмыстылықтың себепті кешендерін болжасу;
- қылмыстылықтың әлеуметтік зардалтарын болжасу;
- қоғамның жасаптай, сондай-ақ жекелеген әлеуметтік топтары мен буындарының криминалдану дәрежесін болжасу;
- жеке қылмыстық мінез-құлыштарды болжасу;
- қылмыстылықты ескертуді, алдын алу мен жсолын кесуді болжасу.

Криминологиялық болжауды түрге бөлудің айтарлықтай кең тарағаны деп **жалпы** (әлеуметтік) және **жеке** (тұлғалық) болжау түрлері саналады.

Жалпы криминологиялық болжаудың әлеуметтік құбылыс, қылмыстылықтың белгілі бір категориялары (қайталанған; касакана және басқа), қылмыстың жекелеген түрлері және қылмыстылыққа айтарлықтай әсер ететін факторлар кешені сияқты өзіндік объектілері болады. **Жеке болжаудың** қылмысқа себепкөр болатын жеке мінез-құлқы мен факторлары сияқты өз объектісі болады.

Былайша қарағанда, болжамдарды түрге бөлгендегі мәнді де маңыздысы **ағымды** (жедел), **қысқа мерзімді** болжамдар саналады. Криминологиялық болжамда уақыт көлемі болжанатын объектімен және атқаратын міндетімен ескеріліп есептеледі.

Ағымды (жедел) болжамға бірнеше сағаттан бірнеше айға дейінгі мерзім, **қысқа мерзімді** болжамға – 1 жылдан 3 жылға дейінгі, орташа мерзімдіге 5-10, ұзақ мерзімдіге 10 жылдан 15 жылға дейінгі мерзім шегі сай келеді. Болжамдардың сенімділігі, анықтығы, сапалық-сандық қасиеттері болжаудың мерзімімен айтарлықтай кері сипатта болады: мерзімі ұзақ болған сайын, анықтығы азая түседі. Сондықтан өмірде ағымды (жедел) және

қысқа мерзімді болжамдар орнықты орын алады. Шындығында, басқару деңгейі жоғары болған сайын, орташа мерзімді мен ұзақ мерзімді болжамдарды талап ету жоғарылай түседі.

Болжамдарды іздестіру және нормативті деп бөлу келесі ұғынымдардан туындаиды. Издестірушілік криминологиялық болжаудан соң дамуын бастап, қазірде сол қалпында келе жатқан алдағы ағымның шартты жалғасы ретінде жүзеге асырылады. Бұл жерде бар ағымды өзгертуге, болжамды жүзеге асыруға немесе бұзуға бейімділік көрсететін жоспарлардан, бағдарламалардан, шешімдердің жобаларынан қашқақтаған дұрыс. Мұндай болжамдар келесі сұрақтарға жауап береді: даму қандай бағытта келеді? Ағымды сақтаған кезде не болуы мүмкін?

Нормативті криминологиялық болжау күні бұрын белгіленген нормалардың, идеалдардың, мақсаттардың (қылмыстырылыштың төмендеуі, оның құрылымының оң өзірістері) негізінде жүзеге асырылады. Мұндай болжамдар мыналарға жауап береді: қалаған нәтижеге жетудің қажетті шараларын қолданса, бәрінен бұрын не болар еді? Бұл шын мәнінде әлі жоспар емес, жоспарлы болжам; сондықтан оның әлі талай баламалы амалдары болуы мүмкін.

Қылмыстырылыштың болжау дегеніміздің өзі ғылым іс жүзіндегі тәжірибелердің әсерімен алдағы уақыттағы болатын қылмыстырылыштың негізгі ағымдарын көре біліп, тек сапалы ғана емес, мүмкіндігінше сандық анықтық пікір енгізе отырып, міндеттер белгілеу мен оларды шеше бастау кезінен басталады. Мұндай міндеттерді шешу үшін криминология арасында экстраполяция, модельдеу, саралтау бағасын беру сияқты маңызы күштірек арнаулы әдістерді қолдануға мәжбүр болады.

Статистикағы экстраполяция — өткен ағымда белгілі болғанды келешекте тарату. Экстраполяцияның мақсаты үшін мәні тиісті есептеулерге сәйкес келетін түзу сызықтардың түйісуі. Бұл түзу сызық тренд деп аталады, ол мүмкіндігінше динамикалық қатардың барлық нүктелеріне (мәнімен) жақынырақ жанаса өтуі тиіс.

Сызықтық экстраполяциядан орын алған қылмыстырылыштың шектеулі тәжірибелік мәні болады. Олар тек қылмыстырылыштың даму ағымының қолайлы немесе қолайсыз екендігін білдіретін бастапқы бағдар ретінде көрінеді және ол косымша талдауды қажет етеді.

Қылмыстырылыштың болжаудың міндеттері экстраполяция мен модельдендіру косарланғанда мейілінше нәтижелі шешіледі. **Модельдендіру** — таным теориясының маңызды категорияларының бірі. Бұл әдістің мәні мынада, белгілі бір күбылысты, үрдісті немесе жүйені бұрыннан белгілі сипаттары, байланыстары және зандылықтары негізінде зерттеу үшін ең алдымен тиісті объектінің моделі жасалады, ал содан кейін барып

зерттеу жұмыстары қолға алынады әлеуметтік үрдістерді зерттеулерде модель көбнесе жабық, белгі түрінде көрінеді. Бұл жерде әсіресе математикалық модельдер кең тараған. **Криминологиялық болжауда** көбірек тараған әдіс **сараптық баға беру** әдісі болып отыр. Бұл әдістің мәні құзырылы адамдар тобының сарапшылардың білімі мен шығармашылық қабілеттерін алдағы зерттелетін объектілердің жай-күйін білуге жұмылдыруды. Бұл әдісті нәтижелі пайдалану үшін сарапшы ретінде, **біріншіден**, сарапталатын объекті жөнінде жақсы білетін білікті мамандар, **екіншіден**, бағалауға қатысатын сарапшылардың саны (20-дан 50-адамға дейін) негізгі пікір айтушыны әшкерелеу мақсатындағы мәліметтік өндеуге жететіндей болуы керек. Ең соңында маңыздысы сарапқа түсетін объекті туралы сарапшыдан мейілінше жеткілікті сенімді ақпарат алу үшін жағдай жасау керек.

Сараптама баға берудің әдістері жеке және ұжымдық болып болінеді. Жеке сараптама әдісі бір-бірімен байланысы жоқ криминологиялық саладағы сарапшы-мамандардың пікіріне негізделеді. Болжамның қалыптасуы мейілінше жиі қолданылатын сұхбат (интервью) және талдаулық сараптама бағасы деген екі әдісі бар.

Сұхбат әдісі маманның оқиғаның шиеленісу мүмкіндігі туралы тікелей ауызша пайымдауын ұсынады. **Талдаулық сараптық баға беру** сараптаушының қылмыстырылғытың шиеленісу көрсеткіштерін, жай-күйін және жолдарын талдау жолындағы сараптамалық дербес жұмысын ұсынады. Өзінің пікірлерін сараптамашы баяндау жазбамен жеткізеді.

Аса қын криминологиялық мәселелерді талдау үшін криминологиялық объектілердің даму мүмкіндіктері туралы көпшіліктің пікіріне негізделген ұжымдық сараптық баға беру әдісі қолданылады. **Ұжымдық сараптама** «дөңгелек үстел» немесе қуні бұрын дайындалған саулнама бойынша жасырын сұрау салу түрінде ұйымдастырылуы мүмкін.

Сараптық баға беру әдісі қазіргі кезде орташа мерзімді, одан қала берді ұзак мерзімді талдау үшін мейілінше қолайлы болып саналады. Бұл әдіс, әдеттегідей, сандық баға бермейді; ал сарапшылардың пікірлері бекімді емес кеп дәрежеде гипотеза ретінде болады, бірақ олар қылмыстырылған күрес шараларын жоспарлауға үшін іс жүзінде маңызы бар ақпарат береді.

Болжам қылмыстырылған күресті жоспарлаудың аса қажетті дайындық сатысы болып табылады және ол іс барысында пайдалы шешім жасауға септігін тиізеді.

5.3 Жеке қылмыстық мінез-құлықты жоспарлау және болжау

Ой ойлайтын адамға өзінің мінез-құлықын дұрыс анықтап және жоспарлау үшін алдағы болашақты алдын ала көре білуі тән.

Алдын ала көре білу — адами тұлғаның қажеттілігі, қабілеттілігі мен ұмтылышы. Ұлыымның дамуына байланысты көре білу табигат пен қоғам дамуының танымал болған объективті заңдылықтарына негізделіп нағызғылыми болу мүмкіндігіне ие болды. Ол ғылымның тамаша жетістігіне айналып және оның негізгі қызметтерінің біріне айналды.

Жеке талдау теориялық жағынан әзірше молынан зерттеле қойған жоқ, дегенмен, қолданбалы әдістерді ойлап табу жолында, шын мәнінде алғашқы қадамдар жасауда. Мұндай жағдайды қалай түсіндіруге болады? Жеке қылмыстық мінез-құлықты болжау идеясын осыдан жүз жылдан аса «қылмыстық статистиканың атасы» Адольф Кетле¹⁶ сынған болатын. Алайда, осы идеяны жузеге асыру жолындағы оның сәтсіз қадамы кейінгі криминологтарға бұл мәселелеге сақтықпен қарауга мәжбүр етті. Олардың көбісі, «еркін бостандық» адамның мінез-құлқы болжуымен сыйыспайды деп санады. Басқалары осы күнге дейін адамның, оның мінез-құлқының, соның ішінде қылмыстық мінез-құлқының қалыптасуы туралы жалпы түсініктегі кез-келген статисикалық заңдылық мүмкін деген қалыпта болса да жеке болжамдық сипатқа сенімсіздікпен қарауда.

Ең бастысы, біздің ойымызша, мұндай жұмыстың кібертікtenуі адамның мінез-құлқынғылыми түрғыдан алдын ала көре білуінің өте күрделі екендігін көрсетеді. Сонымен бірге жеке криминологиялық болжау жасаудың қажеттілігі іс жүзінде әсер етуді қажет ететін адамдардығылыми негіз-ділікпен таңдалу алуша байланысты.

Жеке криминологиялық болжау мәселелерді ойластыру жөнінде Г. А. Авансовтың еңбектері ерекше орын алады. Ол «алдын ала көріп білуді (ғылыми болжау) нақты бір адамның қылмыс жасау мүмкіндігіне пайдалануды»¹⁷ бірінші болып анықтады.

Жеке қылмыстық мінез-құлықты болжасаудың міндеті мынадай екі беліктен тұрады: *бұрын сом арқылы қылмыс жасасауда кінәлі деп танылған адамның қылмыс жасау мүмкіндігін анықтау* (қайталанбалы қылмыстық мінез-құлықты болжау) және *бұрын қылмыс жасасамаган адамның қылмыс*

¹⁶ Кетле А. Человек; развитие его способностей или опыт общественной физики. — Спб., 1985.

¹⁷ Авансов Г.А. Теория и методология криминологического прогнозирования. — М., 1972.

жасау мүмкіндігін анықтау (бастапкы қылмыстық мінез-құлықты болжау). Егер бірінші бөліктे криминологияның міндетті қылмыскердің *сипаттын зерттеуге* тікелей сүйенсе, екіншісінде — *салыстыру әдісіне*, яғни басты назар қоғамға жат қылышының өсу жолдары мен қылмыстық мінез-құлықтың қалай пайда болуына салынады.

Тұлғаның жағымсыз (теріс) болжамдық бағасы тәрбиелік сипаттағы шараларды жүзеге асыруға негіз болуы мүмкін. Мұндай жағдайда осы адамның қылмыс жасау мүмкіндігін анықтау аясы тар мақсат болып қана қалмайды, мемлекет пен қоғам тарарапынан жоспарлы әрі мақсатты алдын алу әсерді қалыптастырудың негізі болуы тиіс.

Криминология шенберіндегі жеке криминологиялық болжауды пайымдау мәселесі **екі бағытта** жүргізіледі:

- жеке криминологиялық болжау мүмкіндіктерін негізді түрде бекіту;

- мүмкін болатын қылмыстық мінез-құлықтың жолдары мен әдістерін ашу.

Негізгі жағдай мынада, қылмыстық мінез-құлық түсініксіз кездейсоқтық емес, көптеген жағдайда ол белгілі бір тұлғаның тұрақты қасиеті мен сыртқы ортаға тән ерекшеліктерді көрсетеді. Сондықтан да қылмыстық мінез-құлықтың мүмкіндік дәрежесі жекелеген адамдар тарарапынан мыналарды көрсетеді:

- тұлғаның қоғамга жат бағыт-бағдарындағы көзге түсүнің өсуі;

- тұлғага қатысты омір жағдайының қындығы.

Жеке адамның әлеуметтік жат қылыштарының пайда болуы бір жағынан қоғамдық жағдайларға байланысты, екінші жағынан қылмыстық мінез-құлық белгілі бір уақыт ішінде ғана пайда болады, ендеше теріс жеке криминологиялық болжам да белгілі бір уақыт шенберіне ие болады. Сондақтан да бәрі бір осылай болатын еді немесе тұмысынан қылмыска бейім еді деген сөз айтуға болмайды.

Жеке болжаудың ерекшеліктері оның әдістемелік қағидаларында, тәсілдерінде, әдістерінде орын алған. Жеке қылмыстық мінез-құлықты болжаудың әдістемелік қағидаларының арасынан мыналарды айырып көрсетеуге болады:

1. Жүйелілік — ғылыми тұрғыда алдын ала көре білудің әртүрлілігі өзінің объекті адамы бар жеке болжау жүйесінің бір буыны екендігін көрсетеді.

2. Жалғасын табушылық (келісушілік) — кезінде объектіні болжау жөніндегі ғылымның ұсынып берген ұғымы, ұсынысы мен заңдылықтары дұрыс әшкереленіп және қабылдануы: Мәселен, қылмыстық мінез-құлық криминологияда қалай түсінілсе солай қабылданылуы тиіс.

3. Мүмкіндік — қылмыстық мінез-құлық мүмкіндікке сүйенеді және сонымен пайда болады; бірақ ол белгілі бір заңдылықта, ағымға бағынады, сондықтан мүмкіндік болжамды.

4. Салыстармалылық және көпмәнділік — мүмкіндік тек бір ғана нәтижеге қатысты пайда болмайды, сонымен бірге әртүрлі нәтижемен пайда болу мүмкіндігі бар. Оъективті түрдегі адам мінез-құлқының әрқильтігі бірыңғай болжам бере алмайды.

Жеке қылмыстық мінез-құлықты болжау әдістемесі, біздің пікірімізше, жалпы схема бойынша төмендегі міндеттерді рет-ретімен шешуді камтамасыз ететін **4 негізгі бөліктен тұрады**:

1. Мінез-құлықтың және оның тұлғаны, орта мен жағдайды, олардың белгілерін, қалыптасу заңдылықтарын, дамуын және пайда болуын құрасыратын себептерінің қазіргі және өткендегі сипаттың оқып-зерттеу (тәртіп бойынша «ретроспекция әдісі» деп аталатын әддегегі әлеуметтік әдістерді пайдалану жолымен жүзеге асырылады;

2. Жоғарыдағы 1-бөліктегі аталған белгілердің арасынан сапалық рөлі мен сандық мәні бар, соның ішінде көрсеткіштер жүйесінде іс жүзінде болжауга айтарлықтай қолайлы болжамдық мәні барларын тауып алу (көбінесе сандық әдістерді және «диагностика әдісі» деп аталатын нәтижелерді криминологиялық интерпретациялау жолдарын пайдалану арқылы жүргізіледі);

3. Қылмыстық мінез-құлықты болжаудың қолданбалы моделін құру (бұл өзіндік болжау әдісі);

4. Ic-тәжірибелік болжау.

Жеке қылмыстық мінез-құлықтың әдістемесінде соның нәтижесінде ғылыми негізделген болжамдық маңызға ие болатын, алдағы уақытта мінез-құлықтың қажетті өзгеру ағымын білуге және қөруге мүмкіндік жасайтын ең басты және бәлкім ең күрделі буынын әдістеменің екінші бөлігі құрайды. Дәл осы белгілерді таңдап алуша жеке болжау әдістемелерінің барлық маңыздысын құрайтын болжау әдістері пайдаланылады.

Отандық және шетелдік тәжірибелерді оқып-үйрену осы мақсаттағы қолданылатын әдістер әдиебиеттерде қлиникалық, детерминистік (немесе факторлық) және эталондық деп аталын үш түрге бөлінгенін байқатты.

Клиникалық әдісте болжаудың бірыңғай обьектісі тексеріледі, ал оның өзгерісіндегі ағымдар оның өзіне тән механизмдер мен заңдылықтарды білуге сүйене отырып тексеріледі, мысалы, болжаудың келесі сатысы мен аталған өзгерістің қай уақытта өзгеретініне негізделетін психологиялық тексеру. Бұл әдіс медицинада кеңінен қолданылады. Есте қаларлығы, әлеуметтік мінез-құлықты, соның ішінде осы әдістің қылмыстық мүмкіндіктері шектеулі. Оқып-зерттеудегі алынған ақпарат бір ғана адамның мінез-құл-

қын болжau үшін бірақ рет пайланылуы мүмкін, ал оны жинаудың ұзактығы мүмкіндіктің күткен уақыттан бұрын пайда болуына әкеп соқтырады.

Детерминистік әдіс мінез-құлықта өзгеріс тудыратын себептік немесе ассоциативті факторлар бойынша болжанатын ағымдарды ашуға негізделген. Факторлық әдіс міндетті турде алдын ала көре білу мен мүмкіндіктің статистикалық теория әдістерін пайдаланумен жанаса жүргізледі.

Эталондық әдісті ұқсас жағдайда ұқсас адамдарға мінез-құлық үлгісінің, эталонының, стереотипінің өзгеру ағымдарын ашу үшін пайдаланады. Байқалған тәжірибелерге қарағанда осындаі адамдардың мінез-құлқы алдағы уақытта да ұқсас болады екен. Алайда, адамдардың қылыштары болады-ау деген үлгі нормасынан ауытқып кеткен жағдайда әдіс іске аспай қалады, «қиыншылықтарға» орай психологиялық механизмге немесе детерминистік талдауларға қайта оралуға тұра келеді.

Келтірілген бұл мән-жайлар міндеттерді шешудің, жеке қылмыстық мінез-құлықты болжau әдістемесін іс жүзінде жүргізуң жаңа жолдарын іздестіруге тұрткі болады. Бұл үшін типологиялық көзқарас ыңғайлы болып саналады. Оның негізіне белгілер кешенін типтендіру, статистикалық топтатастыру мен тұлғаны типологияландыру алынуы тиіс, онсыз жеке криминологиялық болжаудың келешегі жоқ деп айтуга болады. Олар жеке қылмыстық мінез-құлықты болжаудың типологиялық әдісі мен нақты әдістерін жасуға да негіз бола алады.

Атап өту керек, болуы мүмкін, бірақ әлі бастала қоймаған өзіміз хабардар құбылысты ғана ескертуге болатындықтан, болжаусыз алдын ала қызметтің жүргізу мүмкін емес. Криминологиялық болжамдар қылмыстылықпен күрестің стратегиясы мен тактикасын жасап шығаруға көмектеседі. Олар қылмыстылықпен күрестің ғылыми негізделген шешімдерін, жоспарларын, бағдарламаларын қабылдауға мүмкіндік береді.

Болжаудың басты мақсаты үрдістің дамуын мейілінше дәл болжауда емес, дамудың көзге көрінбейтін бірақ шешуші бағыттарын іздеп табу негізінде жоспарлаудың ғылыми дәрежесін күрт көтеру болып табылады, ол үшін әсіресе дамудың шешуші нүктесін табу болып саналады.

6. КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕСІ

6.1 Қылмыстырылғыты зерттеудің міндеттері және теориялық негіздері

Қылмыстырылғыты зерттеудің қажеттілігі қылмысты ескерту мен алдын алу ісі жүзіндегі сұранысынан туындалған отыр. Құқықтық тәртіптің жайкүйін талдауға байыпты әрі ғылыми көкараспен қарастыру және оны нығайту жөнінде шаралар қолдану, қоғамға жат құбыльстарды игереп білудегі объективті заңдылықтар мен субъективті факторлардың ролін түсінеп білу нәтижелі істі қамтамасыз етеді. Ғылыми талдауларға немісіздік қарастыру, кез келген ерікті шешім іс жүзінде көбінесе пайдасыз болып, күш пен құралдарды тиімсіздікке ұшыратады.

Мысалы ескери істе белгілі бір операцияны жоспарлаудың міндетті шартты жаудың қүші мен позициясын, ұрыс әрекеттің көрінісін, өзінің қүші мен қаруын талдау және бағалау екені белгілі. Осы сияқтыларды шаралардың мазмұны сөз жоқ басқаша болса да қылмыстырылғыпен күрес шараларын жоспарлауда да жасаған дұрыс.

Құқықтық тәртіпті нығайту жөніндегі шаралардың тиімділігін анықтау үшін ең алдымен қылмыстырылғытың жай-күйі, оның құрылымдары мен динамикасы, жалпы және жеке (*тікелей*) себептері және құқық бұзуышылық шарттары туралы анық және толық мәліметтерге ие болу керек.

Еске түсіретін болсақ, **қылмыстырылғытың жай-күйін** белгілі бір ау-мақта, белгілі бір уақытта жасалған қылмыстар мен оларды жасауышылардың саны деп түсінеміз. **Ау-мақтақ белгі бойынша** республикадағы қылмыстырылғытың жай-күйі, мысалы, облыстық көрсеткіштер жиынтығымен, облыстағы жай-күйі аудандық көрсеткіштермен көрсетілуі мүмкін. **Уақыттық белгі бойынша** қылмыстырылғытың жай-күйі айлық, тоқсандық, жартыжылдық, жылдық көрсеткіштермен анықталуы мүмкін.

Қылмыстырылғытың құрылымы оның ішкі мазмұнын, белгілі бір уақыт ішінде, белгілі бір уақытта жасалған жалпы қылмыстық-құқықтық, криминологиялық, әлеуметтік-демографиялық және басқа да топтық белгілермен ерекшеленетін қылмыстардың жекелеген түрлерінің немесе топтарының ара қатынасын ашады. Қылмыстырылғытың құрылымы қалай болса, есірелеп айтқанда, онымен күрестің «bastы соққысының бағытын да солай болуы керек.

Қылмыстырылғытың динамикасы — бұл ішкі қасиетінен айырылмайтын уақытқа байланысты соңғы өзгерісі. Қылмыстырылғытың динамикасын

талдаудың ғылыми-практикалық жағынан талдаудың екі мақсаты бар: 1) өткен кезеңнің көрсеткіштерінің өзгерістері туралы мағлұмат беру осы өзгерістердің ағымы мен заңдылықтарын ашу; 2) осының негізінде қылмыстырылған құреске байланысты шараларды қажетті оптимальды криминологиялық жоспарлаудың негізі болып саналатын қылмыстырылғыштың жақын және алыс келешиктең мүмкін деген сипатты туралы болжасам жузеге асырылады.

Қылмыстырылғық және салалық бөлінісін, оның түрлі аймақтар, шарауашылық салалары бойынша өзгешеліктерін қарастыру, қылмыстың көп көрінетін орнын анықтау және осы талдауга сыйкес бұл құбылысқа жағдай туғызатын шарттарын анықтау маңызды.

Қылмыстырылғықтың оқып-зерттеу құқық қорғау органдарының нәтижелі қызметінің аса қажетті шарты болып саналады. Ол нақты бір қылмыс жасауға жағдай туғызатын себептер мен шарттарды зерттеуден бастап қылмыстың барлық статисикалық талдауына дейін әрқылды дәрежедегі практикалық қызметкерлермен жүзеге асырылады. Қылмыстырылғықты нақтырақ зерттеумен арнаулы ғылыми мекемелер айналысады.

Осыларға сәйкес, анықтау органы, тергеуші, прокурор мен сот қылмыстың жасалуына жағдай туғызатын себаптар мен шарттарды ашып және оларды жоға шара колдануға міндепті. Сөз жоқ, бұл қылмыстырылғықты бәрінен бұрын жалғыз қылмыс деңгейінде зерттеуге үйғарым жасайды, оның нәтижесі сол қылмыс жөніндегі қорытынды болып саналады, мысалы, ұрлық — материалдық құндылыққа есеп жүргізу салақтығының нәтижесі, бұзакылық — қылмыс жасауға итермелейтін маскүнем-діктің немесе тәртіп-сіздіктің нәтижесі, тағысын тағылар. Мұндай зерттеудің құндылығы нақты бір қылмыстың жан-жақты талдануында, осы қылмыстың жасалауына жағдай туғызған себептер мен шарттар туралы қорытындының туралығында, осында қылмыстық құбылысқа байланысты ұсынылған алдын алу шараларының нақтылығы мен нәтижелі болуында. Алайда, бір ғана нақты фактінің негізінде барлық қылмысқа байланысты қорытынды беруге болмайды.

Қылмыстырылғықтың зерттеу қала, аудан немесе жекелеген обьекті көлемінде тіркелген қылмыстардың және оны жасаған адамдардың есебі бойынша мәліметтерді қорыту және талдау жолымен басталады. Зерттеушінің кездейсоқ жағдайдан нақты бір қылмыстың дерегін алып қорытынды жасауы осы аймактағы немесе осы обьектідегі қылмыстырылғытың сипатын ашуға, осы құбылыстың мән-жайына тереңінен қанығуға, оның себептері мен шарттары туралы толық түсінік алуга мүмкіндік туғызады. Жекелеген мөлтек аудандар мен обьектілер бойынша салыстырма жасау қылмыстырылғытың алдын алу шараларын жүргізуінде нақты орнын белгілейді. Мұндай деңгейде, әдетте, қылмыстың шектелген саны тіркеліп, ғылыми статисти-

калық өндеу мен алынған ақпараттарды талдауға, сонымен бірге қылмыстырылтың құрылым заңдылықтары мен динамикасы үшін онша табыс әкелмейді. Сондықтан қылмыстырылтың төмендеуі мен өсіу жөніндегі қорытындыға сақтықпен қарап, қала, аудан, объекті деңгейіндегі қылмыстырылтық сипатында салыстырмалы бірлікті (пайыз, үлес салмағы және басқа) пайдаланған жөн.

Қылмыстырылтың жай-күйі мен динамикасы заңдылықтарын ашу, қылмыс жасауға итермелейтін себептер мен шарттар туралы білімді терендете тұсу мүмкіндігі республикалық деңгейдегі немесе ірі аймақ деңгейіндегі жекелеген қылмыстардың, қылмыстырылтың жекелеген құрылымдарын зерттегендеге ғана пайда болады. Зерттеуге бәрі келмесе де қылмыстың тіркелген түрлерінің қайсыбірі сөз жок келеді. Ол қайтседе қылмыстырылтың белгілі бір құрылымдық элементтері бойынша (қылмыстың қайталануы, кәмелетке толмағандар қылмыстырығы, бұзақылық, пәтер тонау және басқалар), қылмысқа сәйкес жасалу себептері мен шарттары туралы түсінік береді. Тиісті ақпараттарды статистикалық өндеу қылмыстырылтың белгілі бір түрінің жай-күйі мен динамикасының заңдылықтарын ашуға септігін тигізеді. Осылың бәрі қылмыс-тырылтың нақты турлармен күрес шараларын ғылыми негізде жандандыруға және осы шаралар кешенін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандар қылмыстырылтың зерттеудің бірін-бір толықтырып отыратын барлық деңгейде жүргізілу манызды екендігін айтақтайды. Жеке деңгейдегі қылмыстырылтық та бәрібір зерттеушінің алдында қылмыстардың өзіне тән қасиеттерімен және әрқылы толықтырымен көрінеді. Келесі деңгейде көптеген жеке сипаттар жоғалады да қылмыстырылтың типтік қасиеттері пайда болады. Ең соңында, жалпыға бірдей деңгейде қылмыстытың мәні мен заңдылықтары көрінеді.

Қылмыстырылтық — әлеуметтік-құбылыс. Бұл — қылмыстырылтың зерттегендеге осы құбылыстың әлеуметтік және заңдық жақтарын да талдау қажеттігін білдіреді. Әлеуметтік құбылыс ретінде қылмыстырылтық көптеген әлеуметтік факторлармен, өз кезегінде бірлескен күрделі динамикалық өзара әрекеттестіктермен байланысты. Сондықтан әлеуметтік құбылыстың, яғни әсіресе қылмыстырылтың басты әрекшеліктерін назарға алған дұрыс.

Біріншіден, табиғат құбылысынан әлеуметтік құбылыстың айырмашылығы — кейінгісі адамдардың саналы іс-әрекетінің нәтижесі, ерік пен сана арқылы қалыптасатын, ететін мінез-құлық. Жеке адам іс жүзінде нақты бір өмірлік жағдайларға қарамастан қалаған мінез-құлықты тандап алуға ерікті. Нақты бір қылмыс жасаудың мән-жайлары көбінесе кездейсоқ жағдайларға байланысты. Ал бұл қылмыстырылтығы есебептілік категория-

сының өзгеше пайда болуына әкеледі. Басымдылық танытатын табигат құбылысындағы қатаң детерминделген себептіліктің орнына бұл жерде мүмкін себептілік пайда болады. Бұл жағдайда белгілі бір тұлға белгілі бір мүмкіндік дәрежесінде қылмыс жасауы немесе жасамауы да мүмкін. Өйткені қылмыстылық жалпы жаппай әлеуметтік құбылыс ретінде статистикалық заңдылықтарға ие боладығой.

Екіншіден, әлеуметтік құбылыс адамның қоғамдағы мінез-құлқының нәтижесі болып саналады. Қоғамда өмір сүре түріп қоғамнан жырақ болуға болмайтыны белгілі. Міне сондықтан, қылмыстылықтың себептерін қарастырып, криминология өз мақсатында тұлғаны әлеуметтендіру деңгейіне, жеке адамның қоғамның бір мүшесі ретінде өз орнын табу қабілетіне, қоғамдық идеалдар мен қажеттіліктерге талаптануына маңызды мән береді.

Көрсетілген ерекшеліктер қылмыстылықтың мәнін және оның өзге де әлеуметтік құбылыстармен әрекеттестігін түсіну негізіне байланысты. Олар міндетті түрде қылмыстылықты зерттеу кезінде ескерілуі тиіс.

Құқықтық құбылыс ретінде қылмыстылық заңдылықтар мен құқық қолдану қызметі жағынан өзгерістің әсерін сезінеді. Қылмыстық заңдылықтардағы өзгерістер, қоғамға жат қылыштардың қайсыбір түрлерінің қосымша турде криминализациялануы ең алдымен қылмыстылықтың сандық сипатына тікеклей әсер етеді. Құқық қорғау қызметі нәтижесінің көрсеткіштерін, жасалған қылмыстардың тіркелуінің уақытылығы мен толықтығын, олардың ашылу деңгейін, алдын алу шараларының тиімділігін, сottaңғандарды түзөу мақсатына жету дәрежесін және басқаларды елемей қалдыруға болмайды. Құқық қорғау органдары қызметкерлері үшін дәл осы қәсіби мәні бар мәселелерге әсіресе қылмыстылықты зерттеуде баса назар аударылуы тиіс.

6.2 Криминологиялық зерттеулердің әдістері

Ғылыми криминологиялық зерттеудің нақты міндеттерін орындау үшін құқық қорғау органдарының есеп жүргізуіндегі мәліметтік ақпараттармен бірге ақпарат жинаудың **арнайы әдісі** қолданылады. Бұл ақпараттар соңғы қорытындысында міндетті статистикалық өңдеуге жататын болғандықтан артықшылық ақпараттарды бағдарламалы әдістерге (**қадағалауға, құжаттарды зерттеуге, тиісті адамдарға саяуларға**) беріледі.

Қадағалау — бұл зерттелетін объектіге катысты және зерттеудің мақсаты үшін мәнді фактілерді зерттеушінің өзінің тікелей қабыл алуы мен оларды тұра тіркеуі.

Зерттеудің бірінші кезеңінде зерттеуші өзіне қажетті фактілерді, олардың белгілері мен сипаттарын қадағалау бағдарламасын (белгілеу тізімі мен әдісі) күні бұрын анықтап алуы тиіс. Алайда, тұра қабылдау қадағалау кезінде бұл бағдарлама бойынша күтпеген, бірақ зерттеу мақсаты үшін маңызы күшті, түрі мен мазмұны соншама бай ақпарат беруі мүмкін. Қадағаланушы объектінің байлығы бейнесі мен күтпеген фактілердің мүкіндігінде криминологиялық зерттеу ретіндегі қадағалаудың негізгі құндылығы жатыр.

Алайда, зерттеушіні қызықтыратын оқиғалар мен фактілердің бәрі бірдей қадағалауга келе бермейді, ал қадағалаудың өзі де көп уақытты қажет етеді, сондыктан көлемді іс туралы ақпарат алу киынға түседі. Сонымен бірге, қадағалау нәтижесінде қадағалашының катысуының өзі де кері әсер етуі мүмкін, сондай-ақ қадағалаушы тұлға ретіндегі саналы турде объектіні зерттеу бағдарламасында күні бұрын көрсетілген мәселелер мен сапаны көргісі келмеуі мүмкін. Өйтпесе, мәселенің сипаты күткендей болатыны сөзсіз.

Құжаттарды зерттеу — криминологиялық зерттеудің кең тараған және айтарлықтай сенімді әдісі. Құжаттарда тәртіп бойынша тексерілген және зерттеушінің сеніміне ие болатын фактілер тіркеледі. Криминологиялық зерттеу үшін маңызы бар құжаттар тергеу мен жасалған қылмыстар туралы сот қарауының материалдарында, еңбекпен түзуе мекемелеріндегі сотталғандардың жеке басы іс қағаздарында болады. Осы мақсат үшін құқық қорғау органдарының қылмыспен курес жүргізу қызметі туралы өзге де құжаттарын пайдалануға болады.

Құжаттарға мақсатты зерттеу жүргізу үшін алынған ақпараттарды статистикалық өндөуден өткізу мүмкіндігін ойластыру қажет, бұл жумыс күні бұрын бағдарламаланады. Зерттеушіге қажетті құжаттардан алынатын фактілер жөнінде сауалнама жасалады. Алайда, жоғарыда айтылған құжаттарды криминолгтардың алдағы мұдделері үшін пайдалану мүмкін емес. Өйткені, әдетте мұндай құжаттарда зерттеушіге ғана қажетті мәселелер болады. Мұндай жағдайда құжаттарды зерттеудің шектелуі байқалады.

Криминологиялық зерттеудің әдісі ретіндегі **сауалнама жүргіздің** екі түрі болады: **көзбе-қоз сауалнама** — сұхбат (интерв.) және **сырттай сауалнама** — сұралқ-жауап (анкета) жүргізу. Осы екі жағдайда да зерттеудің нақты мақсатына байланысты істі қолға алу күні бұрын жоспарланады. Толтырылғаннан кейін статистикалық өндөуден өтетін сауалнама, сұралқ-жауап, карточка қағаздары жасалады.

Сұхбат (интервью) барысында зерттеушіні қызықтыратын құжаттағы белгілі болған және тіркелген фактілер мен сипаттамалар жөнінде сұралу

мен әңгіме-дүкен жүргізіледі. Сұбхаттың нәтижелілігі көбінесе соның ба-рысында зерттеушінің байыпты ақпарат ала білу шеберлігіне байланысты.

Осыған байланысты сұбхат жүргізудің келесідей әдістемелік негізгі талаптарын орындау ұсынылады.

Сұбхаттың кей бір элементтерінен қадағалауға тікелей жақын жайларды да анғару киын емес. Қадағалауда зерттеуші селсоқтық танытса, ал сұбхатта сұрапалышыдан нәтижелі ақпарат алу үшін белсенді рөл атқарады. Криминологиялық зерттеудің осындай әдістерінің ұқсастығы белгілі бір дәрежеде қолдану мүмкіндігін шектейтін кемшиліктердің ортақтастығын тудырады. Соған қарамастан сұбхат — криминологиялық зерттеу әдістерінің іс жүзіндеңегі маңыздысы *әрі кең тараған түрі*.

Сауалнама жүгізу (анкетирование) — сұрау салудың сырттай жүргізілетін түрі. Әдетте, ол жабық, жасырын жүргізіледі. Сауалнама бір мезгілде көп адамды тартып, қатыстыра алатын болғандықтан зерттеушіні қызықтыратын ақпараттарды жинап алуда көп уақытты үнемдейді. Дұрыс ақпарат алу үшін сауалнама жүргізудің нысаны мен мазмұнын өте мұқият ойласстыру керек. Зерттеудің нәтижелі болатындығын әдістемелік жағынан дұрыс құрастырылған сауалнамаға байланысты екендігін әсірелемей-ак айтуга болады.

Бәрінен бұрын, «ең қажетті мен жеткілікті» қағидасы бойынша өзінің қолайсыз шұбаланқылығымен адамдарды сескендірмес үшін сауалнаманы өте ықшам жасау керек. Сұрақтар анық әрі түсінікті, сұрақ қоюдың бірден қабылдай алуын қамтамасыз етейіндей болуы тиіс, ал сұрақтардың қойылуы, соның ішінде «бақылау сұрақтары» да сұбхат жүргізгендердің әдістемелік талаптарға сай болды тиіс.

Сауалнамадағы сұрақтар әртүрлі нысанда қойылуы мүмкін. Сонынан өңдеуге ыңғайлы болуы үшін, мүмкін деген жауаптары берілетін жабық сұрақтар деп аталағын түрлері ұсынылады (баламалы, межелі сұрақтар, сұрақ-меню).

Қарапайым баламасы сұрақ қою сұрапалышыдан дұрыс немесе теріс жауапты таңдауды талап етеді (иә, жок). Күрделірек баламалы сұрақ жауап берушіге бірнеше амалдардан таңдағанына жауап беруге мүмкіндік береді (бұзақылық, үрлік, шабуыл және басқа қылмыс үшін бұрын сotalған). Межелі сұрақ, әдетте белгілі бір құбылысты бағалау үшін қойылады (сотталған адам өзінің түзелетінін көрсетті – 5 балл, жеткіліксіз зерттелді – 3, әккі тәртіп бұзушы – 1. Межелі сұрақ жауаптарының амалдарын дайындау кезінде олардың өзара бөлінуіндегі өлшемнің нақтылығын ойластырып және құбылысты зерттеу қарқыны бойынша аралықтардың үлгілі тендігін сактау дұрыс болады).

Сауалнама ішінара *статистикалық қадағалау* тәртібі бойынша өткізіледі. Оның келістілігін бағалау үшін біршама сауалнамаға статистикалық есепте дұрыс жауабы бар кейбір сұрақтар қосылады. Кейбір жағдайда сауалнама жүргізу белгілі бір құбылыс пен адамдардың жиынтығы бойынша жаппай тексеру үшін қолданылады.

Криминологиялық зерттеу ретіндегі сауалнама жүргізу құжаттарды зерттеумен үйлесіп жатады. Сонымен бірге, сауалнаманы толтырған кезде, мүмкіндігінше құжаттардағы ақпараттарды да (ең дұрысырағын) пайдалануға болады. Тек қана онда жеткіліксіз жерлерін (ақпараттың дұрыстығы күмән көлтіретін жерлерін) тиісті адамдарға сұрақ қою арқылы толықтыруға болады. Тағы бір әдіс — **социометрия** — социологиядан алынған. Ол криминологиялық зерттеулерде көбінесе ұжым ішіндегі және ұжымдар арасындағы қарым-қатынастарды, тәртіп бұзушылардың формалды емес топтарын, топ бастаушыларды және олардың осы ұжымдағы қарым-қатынасын анықтау үшін гана сирек қолданылады.

Криминологиялық зерттуде әсіресе **эксперименттік әдіс** айтарлықтай мәнге ие болып келеді. Мұнда оның екі түрін бөліп көрсетуге болады: нақты жағдайдағы — ксперимент және математикалық модельдегі эксперимент. Накты жағдайда тиісті санкция болғанда, ең бастысы құқық корғау органдарының ұйымдастырударғы жаңа нысандар мен әдістердің тиімділігін тексеруге қатысты эксперименттер жүргізіледі.

Математикалық модельдегі эксперимент әсіресе ғылыми зерттеулерден кең орын тапты. Мұндай эксперименттің мысалы қылмыстырылтық болжау мен жеке қылмыстық мінез-құлықтың мүмкіндігі саласындағы жұмыстар бола алады. Ол «Қылмыстырылтықпен күрестегі криминологиялық болжау мен жоспарлауң тақырыбының екінші тақырыпшасында қарастырлды.

Топтастыру, яғни зерттелетін фактілерінің жиынтығын жекелеген, салалы-біртекtes түрлерге бөлу — статистикалық зерттеудің маңызды түрлерінің бірі. Негізінен топтастыру кезінде алынған деректер бір құбылыстың екіншісінен шеттетуге жағдай тұғызытын (айталық, қылмыстың жекелеген түрлері) топтастырушы белгілер қатары болып саналады.

Статистика топтастыруши белгілерді екі түрге бөледі: сандық, зертлетін құбылыстардың бәрінде болатын және сапалық, осы белгілердің құбылыстардағы бар-жоқтығын білдіретін криминологиялық деректердің негізіне, әсіресе, жекелеген қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді тиісті топтарға бөлетін сапалық белгілер алынуы тиис. Сапалы криминологиялық белгілердің негізіне жататын қылмыс туралы деректер төмендегіше топтасуы мүмкін:

- экономикалық қызмет және мемлекеттік басқару салалары бойынша;

- жекелеген аумақтар (республика, облыс, қала, аудан, нақты аймақ) бойынша;

- қылмыскердің тұлғасы туралы деректер бойынша;

- қылмыстың жасалу уақыты мен орны бойынша;

- қылмыстың себебі бойынша;

- қылмыстың қаруы мен әдісі бойынша;

- қылмыстың бағыты бойынша (пайдакорлық, қорлық көрсету, т. б.).

Топтастырудың көптүрлілігі қылмыстылықты негізгі деген түрлі белгілері бойынша статикасы (құрылымы) да, динамикасын да зерттеуге мүмкіндік береді.

Нақты белгілермен топтастырылған статистикалық материал мұқият талдаудан откізілуі тиіс, оны арнайы кестеге топтардың арасынан айырықша көрінтіндей етіп орналастыру керек. *Бірінші түрі* болып зерттелетін жиынтықты сапасына қарай біртектес типтерге бөлуді міндет тұтқан типологиялық топтастыру түрі саналады.

Топтастырудың *екінші түрі* — вариациалық — зеретtelіп отырған құбылысты сандық белгілері бойынша бөлу. Мұндай түр бас бостандығынан айыруға сотталғандардың жас шамасы құрамын, тергеу мен сottық қараша, қылмыстың қайталауды мерзімдерін және басқа да жағдайларды зерттеуде қолданылады.

Топтастырудың *үшінші түрі* — талдаулық — ол зерттелетін құбылыстардың арасындағы криминологиялық зерттеулерде кеңінен қолданылатын өзара байланыстарды анықтауды максат тұтады. Ол қылмыстылықтың бірқатар құбылыстарға — маскунемдікпе, білімге, тұрмыстық жағдай және басқа да жағдайларға байланысты екендігін көрсетеді.

Криминологиялық зерттеулердің мақсатына байланысты пайдалалатын статистикалық топтастыру қорытынды көрсеткіштерді ескергенде гана тиімді нәтиже бере алады.

Топтастырылған материалдарды талдауға кіріспес бұрын оларды салыстыруға жарайтындаи *ондеп алу* керек. *Ондеу* ең алдымен қорытынды көрсеткіштегі абсолютті бірліктерді бір жүйеге келтіріп алу арқылы жүргізіледі. Қорытынды көрсеткіштер жалпы істің өзіне тән және кең тараған қасиеттерін көрсетеді.

6.3 Криминологиялық зерттеуді ұйымдастыру

Криминологиялық зерттеудің тиісті нәтижеге ие болуы үшін оны ең әуелі әдістемелік *дұрыс ұйымдастыра білу* қажет. Негізгі қамтамасызын етуші құжат зерттеудің *мақсаты мен міндеттерін*, оны *жүргізу колемі*

мен әдістемесі, ақпараттарды өңдеу тәртібі, зерттеу қорытындыларын жүзеге асыру жолдары белгіленген жоспар немесе *жұмыс бағдарламасы* болып саналады. Жоспар нақты мерзімі мен орындаушысы көрсетілген тиісті жұмыстарды жоспарлау үшін ғана қажет емес. Ол сонымен бірге зерттеуді *мақсатты, үнемді және әдістемелік дұрыс жүргізуге бағытталған шығармашылық құжат* болып табылады.

Жоспар құрғанда криминологиялық зерттеу тәртіп бойынша бірінен соң бірі келетін дайындық; *пилотаждық зерттеу; гылыми* (эмпирикалық) материал жинау және оны өңдеу; *нәтижелерді талдау және мәліметтік құжаттар даярлау* сияқты төрт кезеңде тұратыны есте болу керек.

1. Криминологиялық зерттеудің дайындық кезеңі. Оның мазмұнына ең әуелі зерттеудің мақсаты мен мінеті кіреді. Ол үшін бір жағынан зерттеушінің алдына қанадай мәселе қойылады; ал екінші жағынан осы мәселе бұрын қандай жағдайда зерттелді және онда қандай ақпарат алында соларды біліп алу керек. Зерттеудің бастапқы мақсаты әдетте молырақ немесе азырақ жалпы нысанда құрылады. Содан кейін осы мәселе бойынша бұрын жүргізген зерттеулердің әдебиеттері мен материалдарын оқып-зерттеу жолымен туындаған сұраққа дайын жауаптардың бар-жоқтығы немесе жетімді-жетімсіздігі тексеріледі. Мұндай алдын ала жүргізілетін жұмыстар жаңадан алынған білімдерді нығайта түсү үшін ғана емес, ол жоспарланған зерттеудің мақсатын нақтылауга мүмкіндік береді.

Зерттеудің келесі келесі элементі оның *міндеттерін нақтылай түсү* болып табылады. Бұган жоспар, жұмыс гипотезасы деп аталатын тұжырым, яғни осы зерттелетін құбылыстың статистикалық заңдылықтарының негізіндегі бұрынан белгілі сипаттары мен байланыстары (қылмыстар, оларды жасаған адамдар, құқық қорғау қызметінің нәтижелері және сол сияқтылар) туралы үйғарымдар жатады.

Криминологиялық зерттеудің *мақсаты нақтыланып, міндеті аяғына дейін анықталғанда* қажетті ақпараттарды алу үшін неден; қалай бастау керек деге сұрақ туындаиды. Мұндайда зерттеуші ең алдымен назарын басқа авторлардың алған аударғаны жөн. Міне, осы сияқты жұмыстарды атқарғаннан кейін барып өзінің зерттеуінің көлемі мен әдістемесіне, жұмысшы құралдарын (қадағалау бағдарламасын, сұрақ-жауап парагын, сауалнама және басқаларды) анықтауға кірседі.

2. Пилотаждық зерттеу. Сауалнама, сұрақ парагы және басқа да ақпарат жинаудың бағдарланған құжаттары, бұдан бұрын айтылғандай, шығармашылық көзқарасты және мүқият жасауды талап етеді. Бірақ солардың бәрі қанша ықжадағаттылықпен жасалса да, оларды іс жүзінде алдын ала сынауден өткізіп алған жөн болады. Материалының көлемі шектеулі осындаиды, сынаулық немесе пилотаждық деп аталатын зерттеу осының тілейді. Ол

толықтыру мен жетілдіру мүмкін деп ұйғарған ақпарат жинауға дайындалған зерттеулік құжаттарды іс жүзінде тексеруді көздейді.

3. Ғылыми (эмпирикалық) материал жинау және оны өндөу. Криминологиялық зерттеу ісіндегі -мпирикалық материалдарды жинау ең алдымен күні бұрын дайындалған құжаттардың көмегімен жүзеге асырылады. Бұл жұмыс зерттеушінің өзімен ғана емес; тапсырылған басқа адамның да көмегімен орындалады.

Зерттеуші орныдаушыға құжаттарды толтырудың әдістері мен тәртібін жөнінде тиісті нұсқау ғана береді. Кажет болған жағдайда орындаушы тиісті мәселе бойынша жазбаша нұсқаулармен (ұсынымдармен) қамтамасыз етеді. Мұндай нұсқауларды сауалнама немесе сұрау парагының бланкесіне де орналастыруға болады.

Ақпарат жинауды бағдарламалаудың толтырылған құжат-тарының толықтығы мен сапасы тексеріледі. Белгіленген талаптарды қанағаттандырымайтын құжаттары елекten өткізіліп, алынып тасталады да, қалған жарамдилары статистикалық өндөуге жатқызылады. Мұндай өндөуден мәліметтер, топтамалар, кестелер, коэффициент есептеулері және дасқа да қажетті көрсеткіштер өтеді.

4. Нәтижелерді талдау және мәліметтік құжаттар даярлау. Бұл теориялық көзқарасты, эмпирикалық білім мен теориялық білімді ғаштастыратын зерттеудің ең жауапты кезеңі. Әдістемелік позициядан жиналған эмпирикалық материал жан-жақты талданады. Басты назар статистикалық талдаумен анықталған зерттелетін құбылыс пен ағымдардың байланысы мен олардың дамуына салынады. Осы құбылыстардың себептері зерттеуді, заңды немесе кездейсоқ сипаттарына баға беріледі, қорытынды жасалады. Осы мәселенің бәрі де қорытынды құжатта (аныктама, есеп) көрсетіледі.

Криминологиялық болжau жәй ғана күмәп келтірумен шектелетін болса, оны дегеніне жетті деп айтуда болмайды. Барлық жағдайда зерттеу қылмыстырылғыты ескерту немесе жолын кесумен айналысадын мемлекеттік органдардың, мемлекеттік немесе қоғамдық ұйымдардың қызметін жақсартуға арналған ұсыныс-пікірлермен түйінделуі тиіс. Зерттеудің нәтижелері құқық қорғау қызметіндегі нормативтік реттеулерді жетілдіруге, кадрларды оқытуға, құқықтың насиҳатқа ұсыныстар енгізуғе негіз болады.

7. ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫ ЕСКЕРТУДЕГІ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ТЕОРИЯНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ

7.1 Қылмыстылықты ескерту және жақын ұғымы

Адамзаттың сонау қалыптасу кезеңінен бастап-ақ қылмыстылықты тек қана жазаның қомегімен тоқтатудың мүмкін еместігі белгілі болған. Басқоз жоқ жазалай беруден гөрі қылмысты ескерту ұтымды деген ұғым пайда болды. Қылмысты ескерту туралы идея көптеген ғасырлар бүрін ұсынылған. Маселен, Платон зан шыгарушыны қылмысқер болуга бет түзеген адамды қылмыстан жеритіндей жағдайға жеткізетін Заң шыгаруга шақырды. Аристотель қылмысты ескерту — бұл бұзылған ойға қашты келетін әдеттер мен талғамға карсы құрес деп жорыды.

20-жылдардың бас кезінде елімізде бастау алған қылмыстылықты жалпы әлеуметтік ескерту мен қылмыстың криминологиялық алдын алуына бағыттылған үрдіс тоқырап қалды. **30-жылдардан бастап** болмай қалмайтындығы негізгі, негізгі болмаса да қылмысты ескертуде басты мақсат болсын деген қағида ұstem болды. Сөйтіп, қылмысты ескерту мемлекеттің саясаты мен практикасының бір бөлігі болып қала берді. **60-жылдарда** қылмысты ескерту онымен курестің басты бағыты ретінде қарастырылды.

Қылмыстылық, онымен куресте бүкіл қоғамның күшін талап ететін құбылыс болса, ал қылмысты ескерту — осы құрес нысандарының бірі. Осынан байланысты теория қылмысты ескертуді ең алдымен адамның қоғаммен, адам арасындағы шиеленісті кикілжінді болдырmas үшін экономикалық, әлеуметтік қатынастармен байланыстырады.

70–80 жылдары қылмыстылықты ескерту мәселелері монографиялық басылымдар арқылы сипатталды. **1977 жылы** «Қылмыстылықты ескерту-дің теориялық негіздерің деген монография басылып шықты. **1985 жылы** «Советская криминологияң деген курс шығып, онда «Қылмыстылықты ескертуң деген бөлек тарау берлді. Қылмыстылықты ескерту теориясы елеулі түрде кеңейп келеді, оның құрамдас бөлігіне криминологиялық болжуа мен жоспарлау айналып отыр. Ескерту қызметі қылмыстылық себептерін жо. мақсатындағы қоғамдық қатынастырыды реттеудің бір амалы ретінде қарастырылады. Ол экономикалық-әлеуметтік, тәрбие-педагогикалық, ұйымдастыру және құқықтық сипаттағы шаралармен байланыстырыла жүргізіледі.

Қылмыстылықты ескерту теориясы **жалпы және ерекше** деп аталатын екі бөлімге бөлінеді. **Жалпы бөлімге** қылмыстылықты ескерту нэрсесі мен

ұғымы, оның субъектісі, жүйесі, міндеттерді шешуге байланысты шаралардың ерекшеліктері, осы қызметті үйімдастыру мен басқару, жүйенің даму болжами, қылмыстың алдын алуды жоспарлау мен үйлестіру және басқалары кіреді.

Ерекше болімге қылмыстың жекелеген түрлері мен нысандарын ескерту ерекшеліктерінің криминологиялық сипаттамасы жатады. Ескерту қызмет мен оны бақылаудың нәтижелілік деңгейі — өткендегі барлық жүргізілген криминологиялық зерттеулердің тиімділігіне берілетін баға. Криминология теориясында зерттеудің үш аспекттің ерекше көрсетуге болады. **Біріншісі** — зерттеудің үйлестірушісі немесе тапсырыс берушісі рөлін атқаратын криминологиядағы қылмыстылық мәселелері мен қоғамға жат мінез-құлықтардың өзге де нысандарын пәнаралық зерттеу. **Екіншісі** — әсірессе, алдын алу шараларын, мәліметтер мен сараптық бағаларды басқа ғылымдардан алып пайдалану. **Үшіншісі** — өзінің криминологиялық зерттеуі мен қылмысты ескертуі.

Қылмыстылықты ескерту бір-бірімен иерархиялық байланыстағы міндеттерден тұрады. Оның **біріншісі** — тұтастай алғанда қылмыстылық динамикасына, күрілымына, себептеріне алдын алушылық әсер ету (әлеуметтік алдын алу). **Екіншісі** — қылмыстық мінез-құлық түрлері мен нысандарын ескерту, қоғамдық өмірдің белгілі бір саласындағы қылмыстарды ескерту, жекелеген әлеуметтік топтар мен басқалардың қылмыстарын ескрту (криминологиялық алдын алу). **Үшінші** міндет жеке адамдардың қылмыс жасауын ескертуден тұрады (жеке криминологиялық алдын алу).

Жоғарыда атап өтілгендей, *криминология тек қана қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекеттерді алдын алу әсерімен шектейтін мәселелерді ғана қарастырады*. Аталған өлшемдер қылмыстың түрлі нысандары мен түрлерін ескертудің және жеке алдын алудың арнаулы шараларын жасауда криминологиялық зерттеулердің шектерін аныктайды.

Көрсетілген нұсқауларға байланысты соңғы кездерде қоғамға жат құбылыстар солың ішінде қылмыс мәселелеріне ғылыми-практикалық көніл аударушылықтың өсуі заңды да. Алдын алу әлеуметтік қызметтің ерекше түрі екендігіне қарамастан оның тамыры тереңге жайылған, криминологияның көптеген теориялық мәселелері мен оның бірқатар негізгі ұғымына жүйелі енген тұжырымды қөзқарастар әлі дәл айтылып, шешіле қойған жоқ. Шын мәнінде, міне ширек ғасырдан аса мерзімді баспасөздер мен арнайы құқықтық әдебиеттерде «ескерту», «алдын алу», «болдырмау», «жолын кесу», «сактандыру» деген термин сөздер құқық бұзушылыққа, қылмыска және басқа да қоғамға жат құбылыстарға байланысты қолданылып келеді. Оларды құқық қорғау органдарының практикалық қызмет-

керлері, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сактау мен қылмыстылықпен күрес жүргізу міндеттерін атқарытандар қолданады.

Соңғы жылдардағы криминологиялық әдебиеттерде осы туралы ой-пікірлер аз болған жоқ, сейтседе соның бәрі елі де осы ұғымға түрақты, жалпыға танымды анықтама бере алмады. Сонымен бірге осы жөніндегі жұмыстарда пікірталастар елі күнге дейін толастамай келеді. Яғни, бұл мәселе шынында да онша куантарлық емес, оның екішты шешімі жөнін таппаса құқық қорғау органдарының қызметіне, тіпті мемлекеттің өзіне белгілі бір дәрежеде зиянын тигізу мүмкін. Өкінішке орай, осы терминнің өзіне бірыңғай анықтама жоқ, нәтижесінде алға қойылған сұраққа әрқылы емес, тіпті қарама-қайшы жауаптар беріліп те қалады.

Біздің түсінгеніміз, «*алдын алу*» және «*болдырmaу*» терминдерін жалпысаяси, заңгерлік және филологиялық әдебиеттерде бір мағынаға ие болғандыктан сан тарауға тартудың реті жоқ сияқты. Заңнамаларда да осы терминдердің айырмашылықтарын байқай алмайсыз. Бірақ осы үш термин сөздердің арасынан «*ескерту*» орнықты орын алған сыңайлы.

Әрине, қарастырылып отырған терминдердің арасына сондай ерекше айырмашылық қоюға болмайды, бірақ олардың өзіндік түрлі таңбалары болуы мүмкін деген Е. И. Қайыржановтың айтқанына да көнуге болады¹⁸. Дегенмен, әлеуметтік қызметтің осы түрі көп аспектілі болғандыктан оның мақсаты уақытпен нақтыланады деген Г. А. Авансовтың негізгі көзқарасымен келісуге болады:

1. «*Алдын алу*» — терминін адамдардың әл-ауқатын жақсартуға, немесе мәдениеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеу мен оларды жетілдіру жөніндегі жалпы мемлекеттік шараптарға, яғни қылмыстылыққа әсер ететін және онымен құреске жұмылдыратын шараптарға үйлестіре пайдаланған дұрыс.

2. «*Ескерту*» — терминін қылмыстылықпен құреске бағыт-талған бағдармаларда, тұжырымдамаларда, жұмыс жоспар-ларында қарастырылған қызметтерге үйлестіре пайдаланған дұрыс;

3. «*Болдырmaу*» — термині ойластырылып жатқан, дайындалып жатқан қылмысқа алаңдаушылықты немесе қылмыстың дайындық сатысында бөгөт жасауды білдіреді, мысалы есірткі шикізаты болып саналатын өсімдіктердің тұқымын себу;

4. «*Жолын кесу*» — термині істі насырға шаптырмас мақсатында қылмыс жасауға бетбұрыс сатысына араласуды білдіреді;

5. «*Сақтандыру*» — термині қылмысты ескертудің виктимо-логиялық шарапарына қолданылады¹⁷.

¹⁸ Каиржанов Е.И. Криминология (Общая часть). — Алматы, 1995.

Қылмыстылықты ескерту саласын денсаулық сақтаумен салыстыру орынды деп санаймыз. Қылмыс — онымен курсу үшін дені сау адамға алдын алу шараларын қолдануды қажет ететін әртүрлі әлеуметтік топтарға тән әлеуметтік дерптес. Осы дерптке бейімдерге немесе шалдыққандарға, ауыр халге душар болғандарға жедел көмек, соның ішінде «хирургиялық» көмек көрсетпесе болмайды. Алдымен күні бұрын осы терминге байланысты өзінің көзқарасынды біліп алғаннан кейін қылмысты «ескерту» немесе осыған ұқсас «алдын алу» ұғымдарының анықтамасына көшуге болады.

Қылмысты ескерту — бұл қылмысты болдырмау шараларын ойластыратын және жүзеге асыратын әлеуметтік қызметтің бір саласы.

Алдын алу шаралары мазмұны жағынан көп ері әртүрлі.

Алдын алу ұғымының жалы анықтамасы қылмыстың түрлі санатына (түрлеріне) қолданылығанда алдын алу субъектілерінің ерекшеліктерін және әсер ету шаралары мен құралдарын ескере отырып әрбір жекелеген жағдайларда нактылықты талап етеді.

Қылмыстылықты ескерту тұжырымдамасының орта буынан демократизм, гумандылық, заңдылық, гылыми негізділік, кешенде көзқарас пен теңдестіру алады.

Демократизм — азаматтардың мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға араласуына кеңінен құқық беру жөніндегі конституциялық нормадан тұра туындастын азаматтардың қылмыстылықты ескертуге тұрақты және тиімді түрде қатысуы.

Гумандылық — қоғамға жат мақсат пен бағдарларды бейтараптандыру жолымен адамның ар-ожданы мен мүдделерін қорғаумен, тұлғаның қоғамға жат мінезбен бүлінуінің себептері мен шарттарын жо.мен және қоғамдық қатынастағы адамгершілікті сақтаумен сипатталатын қылмыстылықты ескерту жөніндегі қызметтің мазмұны.

Заңдылық — қылмыстылық ескерту жөніндегі субъектілерден басқа (оларға орындау үшін өзге нормативтік актілер ұсынылады) азаматтардың; лауазымда адамдардың, мекемелер мен ұйымдардың заңды сақтау талаптары. Ескерту шараларының бәрі де, алдын алу әсерінің барлық түрлері мен қуралдары нақты және бұлжытпай орындалатын заңға сәйкес жүзеге асырылады. Қылмыстылықты ескерту бойынша әлеуметтік қызметтің барлық түрлері мен деңгейіне жалпыға бірдей және баршага бірдей тен конституциялық міндеттерді сақтауға байланысты заңдар таралады.

Гылыми негізділік — практиканы криминогендік мәні бар нақты факторларының пайда болуы, қылмыстылықтың жай-күйі мен ағымдарының өзгеру заңдылықтары білімімен каруландыратын ескерту қызметтің нысандары мен әдістерін таңдаш алу мен пайдаланудың криминологиялық

талаптарын қатаң сақтау. Фылыми негізділік бір жағынан ескертудің ықпал етуші күшін, оның мақсатты қызмет өсерімен өзгеру мүмкіндіктерін терең игеруді білдірсе, екінші жағынан келісті және сенімді дұрыс материалға сүйене отырып, қылмыстылықтың шын мәніндегі жай-күйіне, онымен күрестің нақты шарттарына сай келетін ескерту шараларын пайдалану.

Кешенді қозқарас пен тенденстіру өзара байланысты компоненттердің бірлігін көрсететін әлеуметтік құрылым ретіндегі ескерту жүйелерін қарастыру, зерттеу және жүзеге асыру әдістері болып табылады. Іс жүзінде кешенді қозқарас тек қылмыстылыққа ғана емес әлеуметтік, экономикалық, саяси, рухани және оған әсер ететін басқа да факторларға алдын алулын алуан түрлі нысандары, әдістері мен құралдарын пайдалануды талап етеді. Егер кешенді қозқарас назарын қылмыстылыққа сан қырлы әсер етудің бір жағына ғана аударса, ал тенденстіру алдын алу қызметінің немесе онымен қатысы бар факторлар мен үрдістердің жақындастық бірлігін айырып, әр түрлілігіне көніл аударады. Тенденстіруге қылмыстылықтың түрлері, қоғамға жат құбылыстардың себептік кешенінің пайда болу көлемі мен нысандары, әлеуметтік әмір салалары негізделеме болуы мүмкін.

Қылмыстың алдын алу қоғамның мемлекеттік-құқықтық және әлеуметтік саласындағы ішкі құрылымдардың күрделілігімен және көп жоспарлылығымен сипатталады. Алдын алуудың барлық анықтамаларында басты назар оның негізгі де маңызды белгілері — қылмысқа жсол бермеуге, қылмыстық мінез-құлышты ескертуге, тұлғанаш қоғамга жат шеңберден шығап кетпеуіне салынады.

7.2 Қылмыстың алдын алу, оның түрлері мен әлеуметтік-құқықтық қамтамасыз етілуі

Қылмыстың алдын алуудың құрылымдары мен жалпы ұғымының анықтамасы оның түрлерін жіктеумен тығыз байланысты. Құқықтық, соның ішінде арнаулы криминологиялық әдебиеттерде мұндай жіктеулердің жолдары аз көрсетілмеген, сөйтседе қозқарастардың бірыңғайлығына әлі де болса алыс екендігі байқалады. Құқықтық ғылымда алдын алу түрлерін арнайы-криминологиялық зерттеу кең қолдау тапқанны белгілі. Бірақ мұның өзі осы мәселеге басқадай қозқарастың жоктығын білмеуі тиіс. Ол өз кезеңінде криминология пәніндегі берілген анықтамамен байланысады.

Қоғамға жат құбылысты алдын алу мәселесі өз алдына дербес доктрина құрып, ауқымды көлемде көтерілуі тиіс. Бұл жерде қоғамға жат құбылыстарды әлеуметтік алдын алу теориясы мен практикасы төмөндегі үш бағытта болуы мүмкін және тиіс:

1) соғысқа қарсы, экологияны құртуға бағытталған қоғамға жат құбылыстарға қарсы ауқымды көлемде алдын алу жөнінде ілім қалыптастыру;

2) белгілі бір формация жағдайындағы қоғамға жат құбылыстарға қарсы әлеуметтік алдын алудың жалты теориясын қалыптастыру;

3) гылыми білімнің әртүрлі саласын және алдын алу шарттарын қоғамға жат құбылыстардың әлеуметтік алдын алу мәселелерімен тәңдес-тиру (мемлекеттік-құқықтық, адамгершілік, мәдени және басқа да бағыт-та).

Шындығында әлеуметтік алдын алудың көп ауқымды доктринасын құру идеясы есіресе, соғыс пен бейбітшілік, қоршаған ортаны қорғау мәселесі көтеріліп отырғанда көңіл аудараптық. Оның төмендегі үш түрі қашаннан мәлім болып келе жатқаны болып саналады:

1) *куні бұрын алдын алу* — негізінен қоғамдағы құқыққа сай келмейтін әлеуметтік нормаларға қайшы келетін қылыштарға, моралға қарсы қарес әрекеті ретіндегі көрінетін болғандықтан оған тәрбиелік құш-қуат тән;

2) *тұра алдын алу* — қылымы тудыратын себептер мен шарттарды білу және оларды жо.мен көрінеді;

3) *қайталанудың алдын алу* — қайталанып жасалатын қылмыстың себептері мен шарттарын білу және оларды жоюмен көрінеді.

Қазіргі кезде объективті сипаттары бойынша алдын алудың **екі түрі** жол тапқан.

1. Жалпы алдын алу — құқық бұзушылықпен қарес жүргізетін мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың қылмыстылықтың себептерін; қылмыстылықтың болуы мен қылымы жасауға итермелейтін шарттарын; сондай-ак қылмыстылық нәтижеге жетуді жеңілдететін мән-жайларды білу, зерттеу және жою жолындағы мақсатты қызметімен көрінеді. **Мазмны бойынша** оны былайша көрсетуге болады:

a) экономикалық шаралар (тіркеу-есеп жүргізу, сактау, сакталуын ба-қылауды жақсатру, жоғалтуды азайту, шығынның орнын толтыру және басқа);

б) демографиялық шаралар (көші-қон тәртібін бақылау, әлеуметтік байланыстары нашар адамдардың шоғырлануына жол бермеу);

в) саяси шаралар (қылмыстылықпен қаресте жүртшылықтың белсен-ділігін арттыру). Олар тәрбиелік, мәдени-тәрбие жұмыстарымен және құқықтық оқыту жолымен жүзеге асырылатын идеологиялық шаралармен тығыз байланыста.

2) ұйымдастыру шаралары (қызметті, басқаруды, ресурстық, ғылыми, акпараттық-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдірумен байланысты);

д) техникалық шаралар (күзеттік, дабылдық және сол сияқты қондырғыларды орнату мен игеру косылады);

е) құқықтық шаралар (қару-жарақтарды сақтауға, спирттік ішімдіктерді сатуға байланысты және сол сияқты басқа да шектеу сипатындағы нормаларды белгілеу).

2. Жеке алдын алу — бұл қоғамға жат пигылы мен бағыты бар нақты бір адамға қатысты қолданылатын қоңдіру мен мәжбүрлеу шараларының жиынтығы, сондай-ақ өздерінің мінез-құлқымен қылмыс жасауға бейімі бар адамдарды әшкерелеу және оларға қылмыс жасауының себептері мен шарттарын жо. немесе бейтараптандыру мақсатында тәрбиелу, қомек көрсету, бақылау жүргізу арқылы ескертүлік әсер еттегін мемлекеттік органдар мен қоғамның қызметі. Мұндай қызмет пен шараларға мыналар жатады:

а) сенім (фактілерді, нақты дәлелдерді, беделді, қоғамдық пікірді және басқаларды пайдалану);

б) өзін-өзі тәрбиелу;

в) мәжбүрлеу: тәрбиелік және медициналық сипаттағы шаралар; әкімшілік-құқықтық әсер ету; тәртіптік жауапкершілік; материалдық жауапкершілік; қылмыстық жауаптылық; қоғам-дық бетіне басу мен айыптау;

г) психологиялық, материалдық және басқа да әлеуметтік бейімделуге қомек көрсету;

д) шагын ортадагы криминогендік факторларды бейтараптандыру.

Алайда, біздің ойымызша, осындай жіктеудің аса бір қажетті буыны — арнаулы және топтық алдын алу көрсетілмеген. Бірыңғай, біртекті белгілер қатарының болуына және оларды өзара ішкі байланыстарына орай, қайсыбір құбылыстарды олардың ішкі байланыстары мен заңдылықтарын біріктіру мақсатында оларда арнаулы яғни ерекше топтарға бөлуге болады және бөлу керек те. Осындай жалпы қасиеттерімен біріккен біртекті топтарға қол жеткізгеннен кейін, оларды келесі талдау мен өзара салыстыруда олардың қатарындағы өзара ерекшеліктерді де байқауға болады. Қылмыстың алдын алуға сәйкес, қоғамның кез келген мүшесі тарапынан қылмысты ескертуге бағыттылған қызмет «жалпы алдын алу» деп аталатын болса, арнаулы (топтық) алдын алу — бұл өздеріне тәп арнайды беогілери немесе қасиеттері бар белгілі бір жекелеген адамдарға бағытталған қылмыстың алдын алу әрекеті. Алдын алуды арнаулы (топтық) деп болу өмір қажеттігінен туындалп отырған жәйт (мәселен, қемелетке толмағандар, сottалғандар, жазасын өтеп шыққандар арасындағы қылмыстың алдын алу). Нақты өмірге мұндай қызмет өзіне тек жай қана жол тауып отырған жоқ, ол тіпті айтарлықтай нәтижесін де беріп отыр. Осыған байланысты оның небір аса пайдалы жолдарын одан әрі іздестіруге міндеттіміз. Баса айту керек мұндай

жолдар мен амалдар арнаулы — топтық ескертуді ескере отырып жүргізілуі тиіс.

Алдын алу адам мен қоғамның өзара қарым-қатынас арнайы түрде жеңге сала отырып адамның тікелей өзіне, сондай-ақ қоғамға да елеулі түрде итігі өсірін тигізері сөзсіз. Қорытындысында алдын алушмен ғана құқық бұзушылардың бойында қоғамға жағымды мінез-құлық пайда болады. Міне, жоғары да айтылған осындай қызметтердің нәтижесінде алдын алу сақтандыру мен қоргаушылық қасиеттеріне ие болады. Осы орайдан келіп алдын алудың ерекше әлеуметтік құндылығын баса айтудың керек. Өйткені ол ең бастысы жеке және қоғамдық иудделерді қорғау үшін қажет. Құқық бұзушылықты алдын алудың реттеушілік және қоргаушылық ролін айта отырып, оның маңызы, қызметі мен алушан түрлілігін айтпай кетуге болмайды. Олар — бір-бірімен тығыз байланыстағы **идеологиялық, тәрбие-**лік, қоргаушылық, реттеушілік, болжамдық қызметтері.

Реттеуіші қызмет — құқыктық нормалармен немесе басқа да жүйелермен бекітілген әлеуметтік талаптарға сай келетін адамдардың мінез-құлқын қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу.

Қорғау қызметі — оның негізгі мағынасы қоғамдық мұдделер мен әлеуметтік құндылықтарды қылмыстық және өзге де кол сұғушылықтардан қорғау.

Тәрбиелик қызмет — құқық бұзушылықтың содан алу негізінен оның жүзеге асырылуына саяды, өйткені ол адамды мәжбүрлемейді, керісінше қөндіруге, сендіруге ұмтылады. Яғни қылмыс жасамас үшін әуелі жазала-майды, дұрыс жолға түсіретіндей тәрбие жұмыстарын жүргізеді.

Идеологиялық қызмет — оның мағынасы алдын алу шараларының жалпы идеялық бағыттылын, олардың мазмұнының идеологиялық негізділігін, жолдарды дұрыс жөндеуден, ескерту жұмыстарының құралдары мен әдістерін қамтасыз ете білуінде.

Болжамдық қызметті жузеге асыру құқық бұзушылықтың алдын алу теориясы мен практикасын болжамдық ақпараттармен толықтырып байыта түседі, тиісті, өсіресе ұзак мерзімді жоспарларды жасай отырып, алдын алу қызметінің перспективалық жоспарды анықтауға жағдай туғызады. Бұл қызмет алдын алудың ағымды және алдағы міндеттерін біріктіріп, олардың ғылыми болжам негізінде нәтижелі орындалуына мүмкіндік жасайды.

Алдын алудың басқа да қызметтері тұрасында айтуда болады. Олардың әркайсы тиісті қызметті жузеге асыруға жағдай жасайтыны сөзсіз. Алдын алудың негізгі қызметі оның әлеуметтік міндеті мен іс жүзіндегі құндылығы арқылы сипатталады. Алдын алудың өзі де әлеуметтік қызмет ененін естен шығармауымыз керек.

Қылмыстылықтың алдын алу шаралары туралы айта отырып, оларды **төмөндегіше жіктеуге** болатынын көрсетуге болады:

а) мазмұны бойыниша (нақтырақ жоғарыда қарастырып өттік — экономикалық, демографиялық, саяси, ұйымдастыруышылық, техникалық және құқықтық);

б) қолемі бойыниша — былайша бөлуге болады: жалпы — қылмыстылық алдын алу жалпы мемлекет немесе аймақ бойыниша бағытталған; ерекше — белгілі бір қылмыстық топтарға (пайдакорлық, кәмелетке толмағандар қылышы, т. т.); жеке — нақты бір қылмыстың себептері мен шарттарына тосқауыл қойып немесе оларды жою);

в) аумағы бойыниша — республикалық, аймақтық, жергілікті, шектелгенобъекті не сала ішіндеі басқыштың;

г) әсер етептік объектісі бойыниша — саласына немесе қылмыстылықпен құрестің негізгі бағыты бойыниша;

д) әрекет ету механизмі бойыниша — мынадай шараларға бөлінеді: қылмыстылықтың себептері мен шарттарын жоятын; әрекеттердің себептері мен шарттарын бейтараптандыратын; осы әрекеттерды баяулатушы, шектеуші; қылмыстылық ниеттің жүзеге асуына тосқауыл қоюы.

Құнделкті тәжірибеде «қылмыстылықты» алдын алу шараларың деген сөз тіркесі **екі ұшты ұғым** береді: **а) нақты әрекет; б) ұйымдастырылған қызмет.**

Алдын алу қоғам мүшелерін қылмыс жасаудан сақтандыру арқылы жүзеге асырылатын құрестің нағыз гуманды түрі. Ол теріс құбылыстарға жол беріп алып содан кейін түзеуден гері, оларға жол бермеу өте жеңіл деген түсінік туады.

7.3 Қылмыстың алдын алу жүйесі және оның іс жүзіндегі бағдары

Қылмыстың алдын алу қылмыстық-құқықтық тыйым салынған тәртіпті бұзушылық мүмкіндігін ескерту мақсатында әлеуметтік объектілерге әсер етуші органдар; ұйымдар мен мекемелер үшін құрделі де көп қырлы қызмет жүйесі болып саналады. Алдын алу жүйесін **алдын алу субъектілері мен объектілері** құрайды. Бұл жүйе әлеуметтік болып танылады, ал кез келген әлеуметтік жүйе қызмет ету және даму процестерін басынан кешіреді.

Жүйенің, оның жекелеген субъектілерінің алдын алу шараларының мақсатты бағыты — **қылмыстық-құқықтық тыйым салушылықты бұзушылыққа итермелейтін криминогендік жағдайлардың ишиленісін,**

оришиңе жол бермеумеу. Ал егер қылмыс бола қалған жағдайда жүйенің міндеті – осы қылмыс қайталаңбас үшін оның себептерін бейтараптандырып, алдын алу-тәрбиелік шараларды жүзеге асыру. Сөйтіп, қылмыстың алдын алу жүйесі **реттеуші, қоргаушы және тәрбиелік** қызметтерді атқарады.

Реттеуші қызмет заң талаптары шенберінде пайда болған қайшылықтар мен шиеленістерді шешуге мүмкіндік тудыратын жағдай жасаудан құралады. Бұл жағдайдағы ескерту қызметі заңдың үстінен қараушылық қағидасын қамтамасыз ету шепімдерінің бірі. **Қоргаушылық қызметін** орындаі отырып алдын алу азаматтардың бостандықтары мен құқықтырының бұзылуынан сақтайды, әлеуметтік құндылықтарды сақтайды. Осымен қылмысты ескертудің гуманистік бағыты байқалады. Құқықтық мемлекеттің мақсаты да осы болып саналады. Алдын алудың **тәрбиелік қызметі** адамдарды көндіру; олардың мінезд-құлқын түзеу, олардың қылыштарын құқық пен гуманистік мораль талаптарына сәйкестендірумен көрінеді.

Алдын алудың тиімді жүргізілуі қоғамда адамдардың *өмір деңгейінің* бірден-бір көрсеткішін құрайды. Әлеуметтік қызметтің есы түрі неғұрлым нәтижелі болса, согұрлым адамдар адамзаттың ен байлығына қылмыстық қол сұғушылықтан қорғалған болады. Сөйтіп, **қылмыстың алдын алу – кез келген нағыз гуманистік және құқықтық мемлекеттің құрамас болігі.** Осыдан келіп туындастыны, қылмыстың алдын алу жүйесі тек қана қызмет етуі тиіс емес, ол тұрақты түрде жетілдіріле түсуі тиіс. Мұндай жетілдіру демократиялық құқықтық мемлекет құру жалпы үрдісінің негізгі құрамы болуы тиіс.

Жүйенің ең қажетті элементтерінің бір **қылмыстың алдын алу субъектісі** болып табылады. Егер белгілі бір қызмет субъектісінің жалпы ұғымы түрғысынан келетін болсақ, онда бұл — осындаі қызметке қатысу құзырына ие болған және соңғы мақсатқа жетуге байланысты белгілі бір міндеттік қызметтік құқық пен міндеттер иесі. Қызмет субъектісі деп санау оның жалпы ережесі бойынша, осы қызметке тұрақты және үнемі қатысуына байланысты. Қылмыстың алдын алу субъектілері жүйесіне сипаттама бергенде, алдымен оның қылмыспен күрес саласындағы әлеуметтік жағдайлардың өзгеруіне негізделген жоғары динамизмін ескерген жөн.

Қылмыстылықты ескерту — бұл әлеуметтік үрдісті мемлекеттік басқаруға тән әдістері деген кең мағынадағы ғана сөз емес, бұл — қылмыстылыққа ғсер етудің сан алушан шаралары мен әдістерін қамтитын көп субъектілік кешиң, әрекеттер жүргісі. Аталған субъектілер жіктеу түрлі негіздер бойынша жүзеге асырылыуы да мүмкін. Оларды мынадай **үш топқа болуға болады.** **Біріншісі** — тікелей жеке алдын алуды жүргізетін

субъектілер. **Екінші топқа** өзінің бакылаулық және құқық қорғау қызметтерін орында барысында алдын алу жүргізетін субъектілер жатады. **Үшінші топты** қылмысты ескерту жөніндегі қызметке басшылық жасайтын немесе үйлестірумен айналысатын субъектілер құрайды.

Қылмыстылықтың алдын алу субъектілерін дұрыс анықтау үшін алдын алу қызметі субъектілерінің **негізгі белгілерін** айырып көрсету қажет. Ондай белгілер болып мыналар саналады:

- *жүйенің тәжірибесін қабылдай алуга және пайдалануга қабілеті бар нағыз қызмет ретінде қылмыстың алдын алуды мақсатты жүзеге асыру;*

- «*колденеңінен* (координация) және «*тікесінен* (субкоординация) жүйенің барлық элементтерімен байланыс-тылдығы;

- *жүйенің «басқарушың механизмінің әмріне сәйкес өзінің мінез-құлқын жүзеге асыру;*

- *осы жүйемен әсер ету мен шектеулерін обьектінің нақты жайлайтымен анықталатын мінез-құлқынты таңдан алу мүмкіндігі.*

Осы жоғарыда аталған белгілердің бірде біреуін игере алмаған органдар, ұйымдар мен жеке адамдар қылмыстың алдын алу субъектісі ретінде қарастырылуы мүмкін емес. Сондай-ақ негізгі қызметі алдын алу мақсатына тікелей бағытталмаған орган немес ұйымда алдын алу субъектісіне жатпайды.

Осыған орай, нақты айтқанда, қылмыстың әлеуметтік алдын алу субъектісінің шеңберіне құқық қорғау органдарығана кіреді. Сонымен бірге қылмыстың алдын алу субъектілерін көрсетілген субъектілермен ғана шектеу дұрыс болмаған болар еди. Қоғамда өздерінің негізгі қызметтерімен бірге іс жүзінде құқық бұзушылықты ескерту ісін жүргізетін әлеуметтік субъектілер де бар. Ондайлар тіпті құқық қорғау органдарынан да көп. Осыған байланысты осында *ескерту қызметімен айналысатын негізгі субъектілердің тізімін* ретімен көрсетіп бағайық:

1. Қылмыстылықты ескертуудің саяси басшылығымен айналысатын субъектілер Қазақстан Республикасының Президенті және соның жанындағы осы саладагы даму перспективасы мен саяси багытын анықтайтын Қауіпсіздік кеңесі болып табылады;

2. Құқықтық реттеу мен басқару билігінің субъектілері Қазақстан Республикасының Парламенті мен Үкіметі, әкімдер және әртүрлі дәрежедегі әкімдер;

3. Ескерту қызметін үйлестіру субъектілері болып мыналар саналады:

а) ұжымдардың алдын влу кеңестері;

б) қоғамдық тәртіп сақтау пункттері;

в) ведомствоаралық үйлестру кеңестері;

г) ведомство ішіндегі үйлеструді қамтамасыз ететін қызметтер (штабтар, ұйымдастыру инспекторлық бөлімдер және басқалар);

д) осы қызметті басқа да міндеттерге байланысты жүзеге асыратын органдар (құқықтық тәрбие жөніндегі үйлестіру кеңестері, жол қауіпсіздігі жөніндегі комиссия және басқалары);

Ескерту қызметі **бағыты бойынша** басқаруды жүзеге асыратын субъектілер болып мыналар саналады:

а) құқық қорғау органдары (сот, прокуратура, ПМ, ҮҚҚ, үштік сот, адвокатура, қогамдық құрамалар және басқалар);

б) мамандандырылған инспекциялар, бақылау органдары, мемлекеттік қалып (мемстандарт), еңбекті қорғау жөніндегі инспекция, қаржылық бақылау органдары және басқалар;

в) шаруашылық министрліктері мен өзге де ведомстволар өздерінің негізгі міндеттері шеңберінде;

г) қогамдық ұйымдар мен еңбек ұжымдары.

Сонымен қылмысты **ескерту жүйесі үшін мыналар тән**:

1) қылмыстылықты азайту, құқықтық реттеу, ғылыми-әдіетемелік және ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы мақсаттың, саяси тұжырымдардың бірлігі;

2) ақпарат алмасу, қызметті үйлестіру негізіндегі әрекеттер бірлігі;

3) жалты алеуметтік жағдайдың динамизмі, өзгеруі;

4) қылмыстылықты ескерту шараларының қолдана табушылығы, мемлекеттік және қогамдық ұйымдардың, азаматтардың қызметтерінің үйлесім табуы.

Ескерту қызметі субъектілері жүйесін одан әрі жетілдіре түсу **алдын алу қызметтің ұйымдастыру теориясын** жасауды талап етеді.

Қылмыстылықты ескерту жекелеген субъектілері қызметінің ерекшеліктеріне мыналар жатады:

Саяси бастылық, құқықтық реттеу және басқару билігі субъектілері мыналармен айналысады:

а) қылмыстылықпен күрес бағдарламасын жасау;

б) қылмыстылықтың жалпы жай-күйін талқылау және лауазымды адамдарды тыңдау;

в) қабылданған шешілдердің орындалуын бақылау;

г) қабылданатын шешімдерді талдаудан және сараптан өткізу;

д) үйлестіру.

Қоғамдық құрамалар мен еңбек ұжымдары, жекелеген азаматтар мыналарды қолданады:

а) сенірү шараларын;

б) тәрбиеге алынғандарды бақылау;

- в) шептік, тәлімгерлік;
- г) ішкі қауінсіздікті қорғау;
- д) аймақтық бағдарламаларга қатысу;
- е) қоғамдық тәртіпті сақтау пункттері, үй комитеттері, ата-аналар комитеті, отбасы;
- ж) қоғамдық қозғалыстар мен діни ұйымдар.

3. Ішкі істер органдары:

- а) учаскелік инспекторлар жеке қылмыстық ескерту жасалатындарды алдын алу есебіне қояды;
- б) кәмелетке толмагандар ісі жөніндегі инспекция қараусыз және жетім балалармен айналысады;
- в) қоғамдың тәртіп күзеті — күзеттік қызметпен, бекеттермен, қоғаммен байланыспен;
- г) жол патрульдік полициясы — үгіт-насихат жұмысымен, әкімшілік жауапкершілікке тартумен, қылмыскерлерді ұстаумен және басқа;
- д) қылмыстық іздестіру — жедел есеп жүргізумен, жасырынып журғен қылмыскерлерді іздестірумен, қылмыс-тарды ашумен;
- е) тергеу — қылмыстық іс қозғаумен, тергеумен, қылмыстың жасалуына кінәліні анықтаумен, олардың кінәсін дәлелдеумен, тергеушінің ұсынысымен;
- ж) жаза өтеу мекемелері — қылмыстың қайталануын ескертумен.

4. Соттар мен прокуратура мыналармен айналысады;

- а) жаза қолданумен және жазаның болмай қалуымен;
- б) қылмыстылықтың себептері мен шарттарын анықтаумен;
- в) үкімнің әділдігімен;
- г) жариялықпен;
- д) жеке анықтаудың орындалауын бақылау және қадагалаумен;
- е) құқықтық насхат жүргізумен.

5. Кеден комитеті және өзгі де құқық корғау органдары да түрлі ескерту қызметтерін орындаиды.

Солай бола тұрганмен қылмыстың алдын алу субъектілерімен бірге *әсер ету обьектілері* де болады. Біздің қоғаммызыда қоғамға жат құбылыстардың әлеуметтік алдын алудың жалпы обьектісі ең алдымен адамдардың қоғамға жат мінезқұлықтарды себептері мен шарттарын тудыратын қоғамдық қатынастар деп тануға болады. Криминологиялық әдебиеттерде алдын алу әсерінің жалпыға танымал *бірден-бір обьектісі қылмыстылық* деп айтылады. Бұл жерде алдын алудың обьектісі тек қана қылмыстылықтың өзі ғана емес, қылмыстың субъектісі саналатын тұлға, сол тұлғаның қалыптасуына әсер еткен жағдай болып табылады.

8. НАҚТЫ ҚЫЛМЫС СЕБЕПТЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ

8.1 НАҚТЫ ҚЫЛМЫС жасау себептері мен шарттары ұғымы

Жекелеген қылмыстық мінез-құлық деңгейінде зиян келтіру механизмін зерттеу мен анықтау үшін диалектиканың бастапкы әдістемелік қағидаларына жүргінуіміз қажет. Осы бағытта «жекелеген», «ерекше» және «жалпы» әрекеттер нақты құбылысты, белгілі бір құбылысты, объективті шындықтың белгілі бір жақтарын көрсетеді.

Әр ғылымның өзінің ілімдік «*бастапқы әзі*» болу керек. Химияда зерттеудің бастапкы нүктесі жекелеген элемент болып саналады, биологияда — жекелеген тіршілік иесі, криминологияда — **қылмыс** (жеке мінез-құлық). Химиялық элементтер тобындағы әрқайсысы ішінәра бір бірімен байланыста, бірақ олардың арасында бірін-бірі қайталамайтындей өз қасиеттері бар. Биологияда тіршілік иесі тек жеке ғана емес, бірін-біріне жақындастыратын жалпы белгілер болады. Осындай қайталанатын елеулі белгілердің негізінде қасиеттерін өзінде қалыптасады. Демек, ерекшелік категориясы түрлілік және маңызды қайталанушылықтың көрінісі. Ерекше бір қатынаста жалпы болып көрінсе, енді бір қатынаста жеке ретінде көрінеді. Мысалы, тегі бойынша жеке болса, ал жеке адамға байланысты жалпы болып көрінеді.

Адам ұғымының **жеке, ерекше және жалпы нысандары** — қоғамдық дүниеде, дүниетанымдық нысанда ғана көрінетін ескеру керек. Сондықтанда, **жеке қылмыстық мінез-құлықтың себепті кешені** туралы айтқанда, сөз себептің өзі немесе белгілі бір жағдайда нақты жеке адамды зерттегендегі анықталатын себептер туралы емес, тек қана оның зиян келтіру механизмі жөнінде болады.

Кез келген қылмыс — құрделі құбылыс. Тек құбылыс болғандықтан құрделі емес. Ол бірқатар өзара байланыстар мен өзара әрекеттестіктердің белгілі бір нәтижесі. Осы факторлардың өзінің сан алуандығы да аз болмауы мүмкін. Басқаша айтқанда, басты, шешуші фактор қандай немесе осы нәтижеге қандай адам қатысады? Бұл ең алдымен белгілі бір қылмыс жасаған индивид немесе адам тұлғасы. Онсыз салдардың өзі — қылмыс та жасалмаған болар еді. Бірақ индивид — саналы жан, сондықтан ол қылмыстық әрекет (әректсіздік) жасау кезінде белгілі бір ерікке ие болады. Демек, ең алдымен бұл жерде қылмыскер тұлғасының еріктілік әрекеті көрінеді.

Қылмыс, адамның кез келген қылышы сияқты *тұлғаның жеке қасиеттіңін* өзара әрекеттестігінің және адамның нақты бір мінез-құлықтың шешім қабылдаудагы объективті (индивид үшін сыртқы) жағдайы.

Кез келген жеке қылмыс бір жағынан жеке адамның жеке ерекшеліктеріне — оның қажеттіліктеріне, себептеріне, мақсатына, ең сонында әрқиулы әлеуметтік құндылықтар мен тәртіпперіне көзқарасы мен қатынасына, соның ішінде құқықтық үйгарымдар мен тыым салушылықта, екінші жағынан сыртқы объективті жағдайлардың жиынтығына негізделеді, абаисыздықтагы қылмыс нәтіжесіне жеткізетін қасақана қылмыс не әрекет немесе әрекетсіздік жасау ниеті мен бел байлаушылық тудырады. Мұнымен бірге жекелеген қылмыстардың себептерін зерттеу мен тұлғалық ерекшеліктердің алдын алу бағытынде криминология үшін қажеттісі тек статикасы ғана емес, ең бастысы олардың динамикасы – пайда болуы дамуы, ягни тұлғаны адамгершілікке қарай қалыптастыру шарттары қажет.

Айтылғандарды қорытындылай келе нақты қылмыс жасау – жеке адам адамгершілігінің қалыптасуына теріс ықпалдың пайда болуы мен қылмыстық жағдайға әкеп соктывратын сыртқы объективтік мән-жайлардың пайда болуына байланысты тұлғаның теріс адамгершілік-психологиялық қасиеттерінің өзара әрекеттестігінің нәтижесі деп айтуга болады.

Тұлғалар мен әлеуметтік шындықтың өзара байланыстарының осы екі деңгейін ескере отырып жекелеген қылмыс себептеріне талдау жүргізілуі тиіс. Бұл талдау осы сияқты мінез-құлықтың субъективті себебі, сондай-ақ нақы бір қылмыс жасауға итермелейтын, жеңілдететін және мүмкіндік беретін сыртқы (объективті) жағдайлар мен мән-жайлар болып саналатын теріс пигылды адамгершіліктік-психологиялық қасиеттердің қалыптасуы әсеріндегі жеке қылмыстық мінез-құлық пен шарттар механизмін қарастыруды ұсынады.

8.2 Нақты қылмыс жасаудың әлеуметтік-психологиялық механизми

Нақты бір қылмыс жасаудың әлеуметтік-психологиялық механизмі адамның кез келген қылғығы ретінде оның әрекет етуінің белгілі бір элементтері мен кезеңдерінен құралады. **Нақты қылыштың психологиялық элементі** болып, осы қылышқа байланысты **қажеттілік**, **мұддені**, **себепті**, **мақсатты** **көрсететін адамның адамгершілік қасиеті саналады**. Ал қызмет ету механизминің кезеңдері адамгершілік қасиеттердің қалыптасуы, оларды өміршеңдікке айналдыру, мінез-құлықтың шешім қабылдау және оны жүзеге асыру болып табылады.

Қылыштың қылмысқа бағыттылығы оның жасалуының психологиялық ерекше сипатына, дұрыс мінез-құлық механизмінің айырмашы-

лығына байланысты емес, осы екі механизмнің жекелеген буындарының жетімсіздігіне және қалыптасудың түрлі кезеңдерге бұрмалануына байланысты. Қылықты қылмысқа айналдыратын мұндай жетімсіздікпен бұрмалану аталған психологиялық механизмінің кез келген буынында, оның қызмет етуінің бір немесе бірнеше кезеңдерінде болуы мүмкін, сондай-ақ олардың әртүрлі үлес салмағы және әртүрлі уақыта әрекет етуге ие болуы мүмкін. Сонымен бірге жетімсіздік пен бұрмалау адамгершіліктің қалыптасу жағдайында уақыт бойынша қылмыстан оның дәл жасалу сәтінен алшақтау болады, ал әсіресе ересек адамдар жасаған қылмыста мұлдем болмайтынын ескеру қажет.

Қылмыстық қылықтың прсхологиялық механизмінің буындары мен кезеңдерін зерттей отырып, қылмысқа әкеп соктыратын оның жетімсіздіктері мен бұрмалануларын ашуға, осындаи бұрмаланудың арғы жағында не жатқанын анықтауға, соның негізінде алдын алу қоғамдық мұдделердің сәйкес, жеке мұддені қоғам мұддесінен жоғары қою шиелініске жетелеп оның арты қылмыс жасаумен тынуы мүмкін. Мұндай сәйкесіздікті өмірден жиі көруге болады.

Сөйтіп, жеке қылмыстың тікелей психологиялық себептері адамның қоғамдық мұдделерге қарамастан *өзінің қажеттігін қанагатандыру* болып саналады.

Қажеттілікті өзінің әлеуметтік мазмұны мен мәніне қарай мынадай түрлерге бөлуге болады:

- 1) *адамның өмірін, күн көруін қамтамасыз ететін қажеттілік* (тамақ, жылу, өзін өзі қорғау және басқалар);
- 2) *қарапайым, әлеуметтік қолдалған қажеттілік* (білім алу, қарым-қатынас жасау, меммендік, тұрмыстық қалыптасқан жағдайлар);
- 3) *өзгерген* — шеңбері тарылған өмірге қажетті деген қарапайым қажеттіліктің өнін айналдыруы.
- 4) *булінген, әлеуметке қарсы* — қоғамдық және жеке мұдделерге қарсы әрекеттермен айналысып; содан қанагат алу (маскунемдік, ақсаусақтақ, арамтамақтық, нашақорлық).

Осы аталғандардың арасынан ең қауіптісі — бүлінген, әлеуметке қарсы қылмыстық әрекет жасау. Оны жалпы бүкара арасындағы жүзеге асырылуы барлық қылмыстардың 10-12 пайызын құрайды: Көптеген жағдайда қылмыстылық әрекеттер қажеттіліктің мазмұнына емес, оны қанагаттандыру әдістерінің сипатына байланысты.

Өзінің қажеттілік мұддесін қанагаттандыру үшін жеке адам осыған байланысты мүмкіндіктерді ой елегінен өткізеді, оған жағдай туғызытын және бөгет жасайтын кедергілерді өлшеп-пішеді, осындаи сипаттағы мақсатқа жету үшін соның жолдарын ойластырып, құралдарын сайлады.

Адамның қажеттілік пен мұддені сезінуінің осындай психологиялық процесінің маңызды ерекшелігі осы ойын жүзеге асыру кезеңінде тиісті шешім қабылдауында, атап қайтқанда осы ойын қанағаттандыса ма екен; әлде сабыр ете тұрса ма екен, оны қандай жолдармен, қандай құралдарды пайдаланып орындаса екен. Осындай ойлар мазалайды. Осындай ойлардың бірін *таңдау мүмкіндігі* олардың бірнеше түрінің болуымен анықталады. Егер ондай жолдар мен амалдар ойластырылмаған кейбір жағдайда әрекет қылмыс деп саналмайды. Таңдаудың қажеттігі белгілі бір шешімдердің әртүрлі әлеуметтік мәніне байланысты, ал таңдау адамның адамгершілік мәніне байланысты.

Осы жоғарыда айтылғандарға байланысты, қылмыстың алдын алудың басты бағыты тұлғалардың бойында *тиісті адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру*, әрбір адамның бойындағы қажетті әлеуметтік жағдайға сай болуын, олардың өз қажеттігін қанагаттандырудың қогамдық мұдделерге орай реттеу мен келісімге назар аудара білуге үрету болып саналады. Сөйтіп, нақты бір қылышқа әсер ететін адамның адамгершілік қасиеті түмисінан яки болмаса кездейсоқ пайда болмайды, оның өмір сүрген уақыт ішіндегі органдың жағдайына қарай қалыптасады. *Ортаниң жағдайы қандай болса* оның да өмір жолы соган бейімделіп; соган орай оның тұлғасы қалыптасады: Мұндайда әрине көптеген *кездейсоқтық* тап болады, сол кездейсоқтықтың да өзіндік зандылықтары болары сөзсіз. Оның арасында жақсылығы да жамандығы да болады. Басты міндет осыларды екшеп; жамандықтан қашып, жақсылыққа үйір бола білу. Сол арқылы өзінің жағамды адамгершілік қасиетін қалыптастыру керек. Бұл ойда ішкі істер органдарының да аткарап рөлі аз болмайды.

8.3 Нақты өмірлік жағдайдың нақты қылмыс жасаудағы нақты рөлі

Қолайсыз жағдайларда қалыптасқан адамгершілік қалыптасуының әсерінен пайда болған адамның тұлғалық теріс қасиеттері белгілі бір жағдайда қылмыс жасауға әкеп соқтырады.

Қылмыстық жағдай — тұлғаның әлеуметтік ортадағы өзара әректес тігінің ерекше деңгейі, сонымен бірге адамның адамгершілігі қалыптасу кезінде қолайсыз жағдайларға байланысты қылмыс жасауға мәжбүр болуы.

Жағдай кең көлемде болуы мүмкін (мысалы, елдегі қуаңшылық әсерінен егіннің шықпай қалуы) немесе белгілі бір шектелген кеңістіктіке орын алуы мүмкін — тұрғын-үй дауы. Ол сонымен бірге үзак сипатка

(отбасының ыдырауы; берекесіздігі) немесе біржолғы қыска мерзімді (дүкен кезегінде ұрыс-керіс). Осының бірінші көрінісінде адамның психологиялық өзгеріске ұшырап, жанжалдан қылмысқа дейін жеткенінше, белгілі бір уақыт аралығына дейін жағдай қылмыстан алшактау болады; екіншісінде — жағдай мейілінше қысқара түсіп; оның арты қылмысқа айналады. Өзінің әрекет ету қолеміне қарай жағдай бір шенберден аспайтындай болуы мүмкін — белгілі бір адамдар төнірегінде ғана (ауру-сырқау, ұрыс-керіс, жеке мүлкінің жойылып кетуі), сондай көпшілікке әсер ететіндей қолемде блуы мүмкін (апат, зілзала, ұжымдағы хал-ахуалдың нашарлығы).

Пайда болу қөздеріне байланысты жағдайды адамдардың өздері жасаған; табиғаттың дүлей күшімен; физикалық құбылыстардың және табиғи заңдылықтармен пайда болған (апатқа ұшырататын ауа райының қолайсыз жағдайы, өрт немесе су тасқыны салдарынан мүліктердің булініп жойылуы) деп бөлу жолға қойылған. Адамдармен жасалған жағдай кінәлінің өзінің немесе өзге де адамдардың әрекеттерімен байланысты болуы мүмкін. Жоғарыда айтылған екі жағдайда да бұл әрекеттер занды, заңға қайшы немесе тіпті қылмыстық болуы мүмкін. Кінәлінің әрекетімен байланысты жағдай қылмыс жасау үшін әдейі ойластырылған болуы немесе ешқандай ниетсіз болуы мүмкін (ішімдік ішіп мас болу, бұзақылық пен жол-көлік апаты салдарынан қылмыс жасуға ұрнуы). Өзге адамдарға (кінәліден басқа) байланысты жағдай арасынан виктолмологиялық депе аталатын («виктолмологияң — қылмыстың құрбаны туралы ілім» қылмыстан жәбірленген адамдар туғызған жағдай ерекше деп саналады. Дегенмен есте сақтауға тұра келеді, қылмыскерге қарағанда жәбірленушінің жағдайы қылмыстық сипатта болу керек, жалпы қылмысқа оның өзі итермелегендей болуы керек.

Пайда болу қөздері бойынша аралас жағдайлар болуы мүмкін: адамдардың әрекетімен, сондай-ақ табиғи апаттың салдарынан (мысалы, ауа райының қолайсыз жағдайына, көріністің нашарлығына байланысты жолдың жөндеу жұмыстары жүріп жатқан жеріндегі ақаулықты байқамай алкогольдік ішімдік ішіп алған адамның жол-көлік апатын жасауы).

Криминогенді жағдайды мазмұннаға қарай мынадай түрлерге болу жолға қойылған:

1) проблемалық — адамның белгілі бір мақсатқа жету жолында белгілі бір қындыққа, бөгөтке ұрынуы (мысалы, калыңдықтың ата-анасы қызы үшін көп мөлшерде қалың мал сұрауы).

2) шиеленісті — кінәлінің муддесі және алған бағыты мен өзге адамдардың немесе мемлекет пен қоғамдық ұйымдар арасындағы өткір қарама-қайшылықтар мен ашықтан-ашық қақтығыстарға байланысты

(отбасындағы немесе жұмыс орнындағы шиеленіс, ұрыс-керіс, жанжал, дау-дамай және басқа).

Кінәліге әсер ету сипатына қарай жағдай мынадай болуы мүмкін:

1) экстремальды-ерекше — белгілі бір адамға күтпеген жерде ерекше әсер ету (кездейсоқ шабуылға тойтарыс беру үшін қажетті қорғанысты шегінен шыгарып жіберу);

2) азғыруыш немесе арандатушы — қылмыс жасауга мәжбүр етуші, итермелевші әрекет (ұрлық жасауга мүмкіндік туғызатын мүліктің қарастырылғаны, күзетсіз қалуы, жәбірленуші зорлық жасауга мүмкіндік туғызатын қылмыс);

3) бәсендетуші — белгілі бір жағдайға негізделген психологиялық өзгерісті бәсендетеуді (отбасындағы ұрыс-керіспен кейін жұмысында әріптесіне қатты сөз айтумен ғана тыну).

Жеке қылмыстық мінез-құлық механизмінде жоғарыда айтылған криминогендік жағдайлар қылмыс жасауга себеп туғызып, қылмыстырық қол сұгуышылықтың сипаты мен мақсатын анықтауда айтарлықтай рөл атқарады.

Қылмыс жасау жағдайы обьективті мазмұны, анықталатын оқигалар мен мән-жайлар арқылы субъективті сезінуге негізделген тұлғалық мәнге ие болады. Объективті мазмұн мен субъективті мән кейде бір-біріне сай келеді, кейде бір-бірінен мейілінше алыстап кетеді. Мысалы, алдамшы көзге шөп салушылық пен себепсіз қызғаныш қорлаушы қылмысқа итермелейді.

Жағдайды субъективті түсіне білу жеке адамның тұлғалық адамгершілік-психологиялық қасиетіне байланысты және ол қылмыстың жасалуының себебін түсіне білу үшін өте мәнді. ***Жағдайды бұрмалай түсіну адамның теріс адамгершілік қасиетінің салдары*** (көре алмаушылық, ызақорлық, арамдық, ішімдікке салыну және басқа) немесе ***түйсігінің нағыз психологиялық ақауалығының нәтижесі*** болуы мүмкін (қажетті қорғану кезінде қауіптілікті асыра бағалауы, жолда келе жатып жағдайды дұрыс бағдарлай алмауды).

Қылмыстың жағдайы адамның қоғамға жат мінез-құлықты таңдан алу шешіміне әсер ететін барлық мән-жайлардың жиентығы ретінде осы шешімге қолайлылық туғызып қана қоймай, оған қарсы да тұра алады. Осы екі мән-жайдың өзара байланыстарына орай жағдай әртүрлі дәрежедегі қылмыстырық туғызуы мүмкін: ***қылмысқа итермелеву, арандату немесе тек қана жағдай туғызу, оның, яғни қылмыстың жасалуын жесеңдему немесе қарсы тұрып, жолын кесу.*** Бірақ адамның әрекетті қалай жасауы тек қана криминогенді жағдайға байланысты емес, опын адамгершілік-психологиялық қасиеттерінің өзара байланыстарына қатысады.

ты. Мәселен, мінезі жақсы адам ерекше қолайсыз, ауыр жағдайда ғана амалсыздан қылмыс жасауы мүмкін. Ал, керінше мінезі женілtek, әлеуметтік жат мінезді адам (рецидивист-қылмыскер, шектен шыққан маскунем) кез келген жағдайда қылмыс жасауға жақын тұрады.

Осыған байланысты ішкі істер органдары жүргізетін алдын алу шаралары үшін, бір жағынан нақты жағдай туғызатын қылмыстылықты жою және қылмыстылыққа қарсы шараларды қүшету қажет, басқа жағынан – адамдардың бойында тиісті адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, теріс қасиеттерге жол бермей, жақсы қасиеттерге жол ашу қажет.

Криминогендік жағдайлың элементтері болып сонымен бірге қылмыс жасауға мүмкіндік туғызатын мән-жайлар саналады. Кейде жекелеген адамдардың мінез-құлқын жөнге салуда ұйымдастыру жұмыстары, кейде табиги жағдайлар жетіспей жатады. Мысалы, қоймаларды құзетудің нашарлығы, есеп жүргізу мен бақылаудың жетіспеушілігі, салақтық үрлік жасауға; жәбірленүшінің мас болуы – оны тонауга; ауа райының бұзылуы — күзетіп тұрган жерінен қашып кетуге жағдай туғызады. Мұндай мән-жайлар құқыққа қайши немесе тілті қылмыстық сипатқа ие болуы мүмкін (мысалы, баласының бос уақытын қалай өткізіп жүргенін ата-анасының қадағаламауы, бөтеннің мүлкін күзетуге олақ қарау). Аталған жағдайлар қылмыстың жасалуына тұра әсер етпей, тек оған мүмкіндік қана туғызатын болғандықтан қылмыстың себебі емес, **шарты** болып саналады. Кінәлі оны білмеуі де мүмкін. Дегенмен, мұндай мән-жайлар адамның қылмыс жасаудағы шешіміне әсер ететін болғандықтан, олар жеке адамның қылмыстық мінез-құлқының психологиялық механизмінен орын алады.

Жеке адамның қылмыстық мінез-құлқын бүлдіретін мән-жайлар әлеуметтік өмірдің әр саласында (экономикалық, ұйымдың-басқару, әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық және басқа) көрінетін факторлардың әрекет етуінің мазмұны мен сипатын әр қырынан көрсететін мейілінше күрделі себептік кешен болып саналады. Соған сәйкес, осы факторларға қарсы кешенді ықпал ететін заң да онтайлы болуы керек. Әсіресе, жеке-алдын алу жұмыстарын жалпы қылмысқа қарсы шаралармен барабар салыстыруға болмайды. Алдын алу әсері белгілі бір адамның тұрмыстық жағдайына және оны қоршаган ортаниң жағдайына байланысты жүргізілуі керек. Тәрбиелік мақсаттағы алдын алу шаралары адамның бүкіл өмір салтын жанжақты қамтыған жерде нәтижелі болатынын естен шығармау керек.

Барлығына сәйкес — жеке қылмыстық мінез-құлқыққа әсер ететін себептер мен шарттар әдетте уақытқа байланысты. Соған сәйкес, алдын алу шаралары тек болған іске ғана бағытталмай, алдағы уақытта болады-ау деген істкргұ дe бағытталуы тиіс. Осының бәрі ішкі істер органдарының алдын алу шараларын атқаратын қызметкерлерінен кримино-

логиялық терең талдау жасай білуді, нақты адамның тарихын зерттеп-талдай білуді (өткен тарихи өмірі құдікті адамдарды коса), сондай-ақ жеке адамның қоғамға жат мінез-құлықтарын айыра білуді және осыған байланысты тәжірибесі мол болуын талап етеді. Мұнымен бірге келелі міндеттері көбінесе алдыналу жұмыстарын мақсатты және нәтижелі жүргізілуін талап етеді. Ал мұнын өзі жеке адамның мінезін қалыптастыруға және осал тұстарын дамыта түсуге айтартықтай септігін тигізеді.

Қылмыстың алдын алу шараларының негізділігінің қажетті шарты жа-салған қылмысқа байланысты мән-жайларға объективті түрде баға беру болып табылады. Адамның инетін, көзқарасын, әдетін тек қана оның қылышы арқылы талдауға болады. Бұл сонымен бірге қоғамға жат қылыштарға да тән. Ішкі істер министрлігінің нормативтік құжаттары ПБ қызметкерлерін қоғамға жат қылыштары күні ертең қылмысқа ұласатын адамдардың жүріс-түрысына баса көніл аударды ұсынады. Бұл әсіресе, қоғамға жат арамта-мақтың өмір салтын ұстанатын, қылмысқа бір табан бұзақылықтар жасайтын адамдарға байланысты (ұсақ-түйек бұзақылық, ұсақ-түйек ұрлық және басқалар).

Нақты өмірде кездесетін *жагдайлар өзінің мазмұнына байланысты проблемалыққа айналуы мүмкін*. Проблемалық жағдай — бұл белгілі бір шеңберінде қыындықтары көп, субъектінің мақсат тұтқан кедергілері бар жағдай. Проблемалық жағдайдың *абайсыздықта жасасалатын қылмыстарда* алатын орны ұлан-ғайыр. Мұндай жағдайлар кенеттен, кездейсок субъектінің ойлауына, шешім қабылдауына уақыт жетпей қалғанда болады. Проблемалық жағдай көп ретте өте қауіптілігімен сипатталады. Мұндайда оның қауіптілік көздері табиғат күшинен де пайда болуы мүмкін (дауыл, жер сілкінісі, таудағы сел немесе қар көшкін т.т.). Әрине, мұндай оқиғаны адам өз қолымен жасай алмайтындықтан оған ешкім жауапты емес, бірақ адамдар осындай жағдайда дұрыс әрекет жасамағаны, белгілі бір дәрежеде сақтық шарасын үйымдастырмағаны үшін жауапты болып саналады. Жағдайдың қауіптілігі үшінші бір адамның әрекетімен де жасалуы мүмкін.

Нақты өмірлік жагдайдың шиеленіскең түрі де болуы мүмкін. Шиеленіскең жағдай деп тараптардың мұddeлерінің, көзқарастарының және ұмытылыстарының бір-бірінен қарама-қайшы келуі деп түсінеміз. Шиеленісті жағдайдың тараптары болып қылмыскер мен жәбірленуші немесе қылмыскер мен билік органдарының өкілдері саналады. Шиеленісті жағдай оған қатысушылардың бір жағы жеңіп, екінші жақ жеңілетін катаң бәсекелестік және қатысушылар арасындағы дау-дамай шектен аспайтын теке-тіреспен бітетін катаң емес бәсекелестік болып бөлінеді.

Шиеленістердің *сыртқы және ішкі екі жағы* болады. Шиеленістің сыртқы жағы — бұл екі күштің қарсыластығы. Ишкі жағы — бұл түрлі

ақпараттық жүйелердің ара катысы, «бәсекелестердің мінез-құлқына неғізделген өзара байланысты және өзара анық таушы ойлаган міндеттерді екі жақты шешу. Шиленісті жағдайда қарсылас жақ қашанда рефлексия деп аталағын орынды шешім тауып шығуға тырысады. Ал мұны екінші жақ басқаша ойластырып өз әрекеттердің жасап бағады. Бұл жерде шиленіске қатысуышылардың әрқайсысы (мейлі кылмыскер, мейлі полиция болсын) өз ойлары мен қорытындыларын жұмсайды. Нәтижесінде қайсының рефлексия дәрежесі жоғары, кім нақты жағдайды дұрыс бағалайды, кім қарсылының осал жақтарын аңғарып калады сол жеңіске жетеді. Осындай рефлекторлық процестерді зерттеу мен ескеру көптеген қылмыстардың жасалу механизмін игеруге көмектеседі.

Психологиялық механизмге келетін болсақ, бұдан бұрын айттып өткениміздей, жеке қылмыс деңгейіндегі себептілік тізбегінің негізгі буыны қылмыс субъектісінің өзі болып қала береді. **Қылмыс жасауда себеп болатын** өзге мән-жайлардың арасынан мінез-құлқытың қажет етуі (қызығушылығы) мен ниетінен туындастын психологиялық факторлар аса маңызды орын алады. Бұл факторлар қасақана қылмыстық әрекеттердің себептерінің құрылымын анықтауда айтарлықтай маңызға ие болады.

Қылмыстық мінез-құлқытың психологиялық механизмінің шешуші элементтері болып нақты қылмыстың себептерін талап ету болып табылады.

Кез келген қылмыстың себептері нақты қылмысты нақты талдау барысында анықталады.

Былай қараганда *адамдардың қажеттігі қарапайым* биологиялық және физикалық қажеттікten бастап (тамак, киім-кешек, үйқы, т.т.) материалдық және рухани түрдегі әлеуметтік қажеттікке дейін (білім, еңбек, адамдармен араласу) сан-салалы және әрқыл. Қажеттік әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық және өзге де қоғамдық қатынастардың әсерінен өзгеріске ұшырып отырады. Тіпті қажеттікті қанағаттандырудың өзі де өз бетінше қажеттік болып санала алады. Мысалы, кітап жинау қажеттікті қанағаттандырудың өз алдына бөлек қажеттік болуы немесе кітап жинау танымдық қасиетті қанағаттандырудың жолы болуы мүмкін. Мұндай қажеттік өрши келе библиофилдікке айналуы да мүмкін.

Өмірге керекті қажеттікі **қарапайым**, яғни құптарлық және түрі өзгерген (бір түрден екінші түрдің басымдылығына байланысты оның мазмұнының бүлінуі), **бұрмаланған**, яғни әлеуметтік-ұяты деп бөлуге болады. **Бұрмаланған және бүлінген қажеттіктер жасаман әдем пен талғамга негізделеоді.** Кей кезде қажеттікің өзі де, сонымен бірге оны қанағаттандыру жолдары да қоғамға жат күбылысқа айналады (мысалы, қолға түсे

бермейтін өте құнды бүйімдарды ұрлау). Жалған қажеттіктер көптеген жағдайда қылмыстық мінез-құлықтың қылмыстық дәлеліне негізделеді.

Дегенмен, қажеттікте рөлін былайша арттыра беруге де болмайды. Өйткені ол қылмысты тікелей тудырмайды, сезім, мұdde, шешім, көзқарас, сенім механизмдері арқылы тудырады. **Қасақана қылмыс жасау механизмі**, яғни нақты өмірлік жағдайдың бар болуы мынадай үш буыннан турады: **а) ниеттілік; б) қылмысты жоспарлау; в) қылмысты орындау**.

Ерекше әрекеттің өзі бастапқы мінез-құлық бағалаусыз, бақылаусыз әрекетке айналған кезде рефлекторлық, инстинктілі (дәлелсіз) және импульсивті актілер арқылы саналылықпен жасалған деп танылады. Ерікті әрекеттің мазмұны оның **ниеттімен және мақсаттымен** анықталады. Ерікті әрекет жасауға ішкі процесс – ниеттілік ықпал жасайды. Сондыктan талап адаммен ниет деп бағаланса, ал оны жүзеге асыру мақсатпен реттеледі.

Мақсат — ниетті жүзеге асырудың өзіндік жолы. Басқаша айтқанда — бұл алдын ала болсау мен соны тілеудің нәтижесі. Бұл — ішкі ойдың «нәтижелі моделі». Нәтиже мақсатқа байланысты болады. Ол тікелей және жсанама болуы да мүмкін. **Тікелей нәтиже** — бұл мақсаттың құрамына енеді, ол орындалуы немесе орындалмауы мүмкін (қастандық). **Жанама нәтижеге** мақсат «асыра орындалғанда» кол жеткізуге болады. Негізгі және ойластырылған мақсаттан басқа адамның іс-әрекетінде күтпеген, кездескі қылыштар да кездесіп қалуы мүмкін.

Ниет — мінез-құлық әрекетінің «алдында» болатын бастапқы қоздыруышы, тұрткі болатын себеп болса, **мақсат** — мінез-құлықтан кейін көрінетін ойша нәтиже. **Ниет** — орысша «мотив», латынша «қозғаушың деген ұғымды білдіреді. Кейбіреулер ниетті тұрткі болатын күш деп санаса (А. Н. Леонтьев), басқасы — саналы тұрдегі қажеттік (В. Г. Асеев), үшінші біреулер — қажеттікке байланысты жай-күйдің ишеленісуі деп санайды.

Біз үшін маңыздысы **ниет** — **қылмыс жасауга шешім қабылдауга итермелейтін ішкі жасасырын мінез-құлық**. Бірақ ниет өз кезегінде ниет қалыптастыратын қажеттікте (мұddenің) сан қылыш факторларының, субъекттің мәнді бағдарының және басқаның туындысы.

Сезім — мінез-құлықтың ең көп көрінетін ниеті. П. А. Рудиннің айтуынша сезімнің жалпы алғанда 100-ден аса түрі бар екен, соның 30-дан астамы қылмыстың ниеті болып саналады (ыза, ашу, көре алмаушылық, қорланғандақ, атақ құмарлық, міндетті жорта түсіну, жалған достық, қиялшылдық, қорқақтық, үрей, сүйіспеншілік, кек және басқалар).

Мұdde — бұл өмірлік мәні мен әсерлік тартымы бар объектіге қатысты адамға тән қажеттікте сезінү. Көптеген қылмыстық ниет негізінің аржағында мұdde жатыр (пайдакорлық жеке мұdde). Қылмыстың өзі — жалпы

алғанда қоғамдық мұдде мен жеке мұдде арасындағы шиеленісті тар-
тыстың нәтижесі.

Тұлғаның мәнді бағдары — тұлғаның ақиқаттың күбылышы пен оқиғага
қатысты әлеуметтік негізделген жүйесі. «Өмірден бәрін ал», «Ең бастысы
— ақша», «Жұмыс ақмақты сүйеді», деген сөздер көптеген қылмыс-
керлердің «дүниестанымына» тән бағдар болып саналады. Ниеттіліктің
негізгі алатын орны ниетті санамен түсінгендікпен аяқталмайды. Ниетті
санамен түсінудің артынша сезім оянып шиеленіс, яғни ниеттердің
арасындағы тартыстар басталады. Бұл шиеленісте кекшілдіктің ұтымды
және қызбалық сезімдері арасында, істің мұддесі, органикалық қажеттік
пен азаматтық борыш, пайдақорлық мұдде мен лауазымды міндеттер
арасындағы бағалау қарсыласады. Бірақ барлық жағдайда да күрсетін
нәтижесі соңғы шешім қабылдаумен біtedі.

Шешім қабылдау — қылмыс жасау — екінші буын қалыптастыруды –
қылмысты жоспарлауды білдіреді (уақыты, орны, тәсілі т.т.) Қылмыстың
мінез-құлық саласында көп жағдайда жоспарлау жүргізгенде бірін-бірі кай-
талаушылық байқалады, мысалы қылмыскерлер қылмыстың жоспардың
басқа жоспарын іздестірмей, әбден жауыр болған әдіске тоқталып қалады.

Себептіліктің психологиялық механизми тән мән-жайлардың бірі қыл-
мыс жасау туралы шешім қабылдау кейде қызбалыққа салыну мен жүй-
кесінің бұзылуы болып саналады. Сондықтан да басты назар тұрақсыз
мінез-құлыққа аударылуы тиіс. Жалпы алғанда көптеген қылмыскерлерге
көңіл-күй мәдениетінің төмендігі, өзінің сезімін ұстай алмаушылық тән,
бұл әсіресе қылмыстың ниеті сыртқы себептерге байланысты емес
қылмыскерлердің бойынан жиі байқалады.

Сөйтіп, жеке қылмыстың мінез-құлыққа итермелеуші мән-жайлар кура-
мына мазмұны мен сипаты әртүрлі объективті және субъективті сипаттағы
әрекеттік факторлар енетін айтарлықтай күрделі кешен болып саналады.

9. ҚЫЛМЫСКЕР ТҮЛГАСЫ

9.1 Қылмыскер түлгасының ұғымы

Қылмыстырық — адамның мінез-құлқы нысандарының бірі, ал **қылмыс** — адамның саналы түрде жасаған әрекеті, нақты қылышы. Адамның түлгасын сипаттайтын қасиеттердің бәрін біліп алмай жеке адам қылмысының себебін немесе жалпы қылмыс себебін біліп-түсіну мүмкін емес.

Криминологияғылым адам қылмыскер болып тумайды, қылмыскерлік түлгандың қалыптасу кезеңіндегі жайсыз жағдайлардың салдарынан пайда болады деп пайымдайды. Алайда, жайсыз жағдайдың бәрі бірдей және әр уақытта қылмыстық мінез-құлқы тудырады деп ойлауға болмайды. Адам іс жүзінде өзінің психологиялық табигатына сай келетін шарттар мен факторларды таңдап алып және оны белгілі бір дәрежеде игереді.

Қылмыскер түлгасы қылмыстырыққа итермелесуші әлеуметтік өмір жағдайы мен осы жағдайдың салдарынан болған қылмысты арасын жағастырушы буын болып саналады.

Криминология қылмыскер түлгасы деп қылмыстық заңды басқа жағдайлармен және мән-жайлармен қоса адамдың кінәлі етептін, осылайша оның қогамға жат қылыштарына әсер етептін әлеуметтік және әлеуметтік мәні қасиеттердің, белгілердің, қатынастырудың жиынтығы деп таниды.

Қылмыскердің түлгасы өзінің бағыттылығы арқылы көзқарас пен бағдар мазмұнынан, қажеттік деңгейі мен шенберінен ерекшеленеді. Алайда, мұндай жағдайға қарап қылмыс жасаған адамдардың барлығында бірдей қогамға жат көзқарас пен бағыт-бағдар бар деп ойлауга болмайды. Мұндайлар болмағанның өзінде де қылмыскердің түлгасы мен оның қылмыстық мінез-құлқы себептерін зерттеудің қажеттігі күн тәртібінен алынып тасталмайды. Дегенмен, қылмыс-керлердің негізгі көпшілігі осындай ерекшеліктермен көзге түседі.

Қылмыскердің түлгасы криминология нарсесі ретінде мұндай түлға әлеуметтік мәні бар жеке-нақты обьекті ретінде немесе жалпы әлеуметтік тип ретінде қарастырылуы тиіс пе деген пікірталас тудырды.

Криминология қылмыстырық, оның себептері мен заңдылықтары тура-лығылым ретінде тек индивидті ғана қарастырып қоймайды, сонымен бірге адамға белгілі бір әлеуметтік тип ретінде жалпы сипаттама да береді.

Қылмыскердің түлгасын криминологиялық зерттеу түбінде алдын алу шаралар жүргізу үшін маңызы бар қылмыс туғызатын мінез-құлыштарды анықтау мен оларды бағалаі білу мақсатында жүргізіледі. Осылан байла-

нысты криминологияның: қылмыскердің тұлғасы; **қылмыстық мінез-құлық себептері мен механизмі және қылмыстың алдын алу** сиякты үш буынды проблемалардың бірлігі қалыптасады. Мұндай кезде қылмыскер тұлғасы криминогендік ерекшелігі жоғары, қылмыстық әрекеттің субъективті себептерінің көзі болып табылатындықтан, басты назар соған түсsetіндіктен алдын алу объектісі әрекет немесе мінез-құлық емес, осы тұлға болуы керек. Осы жоғарыда айтылған ерекшеліктердің жиынтығының бірлігі мен өзара әрекеттестігі қылмыскер тұлғасының қоғамға қауіптілігінің мәнін құрайды; ал қылмыстық мінез-құлық – онының туындысы. Тұлғаның криминогендік ерекшелігін білмейінше немесе ескермейінше мінез-құлықты өзгерту мүмкін емес.

Криминология тек қана қылмыс жасағандарды ған зерттемейді, ол сонымен бірге өмір салты, көзқарасы мен мінез-құлқы қылмыстық жолға түсsetіндей күмән туғызған адамдарды зерттейді. Сонымен бірге криминологиялық саланың үлесіне маскүнемдік, нашақорлық, қанғыбастық және басқа қоғамға жат қылыштар тиеді. Көріп отырғанымыздай, осы көрсетілген адамдарды зерттеу қылмыс субъектісінің тұлғасын зерттеу шегінен шығып кетіп отыр. Бұл қылмыстың себептерін ашып және оның алдын алудың тиімді құралдарын іздестіруге көмектеседі.

Жалпы алғанда қылмыстың тұлғасын қоғамға жат көзқарасының, қоғамдық мұддеге теріс қарауы мен өзінің қоғамға қауіпті жолдарды жүзеге асыру ойы және теріс нәтиже болдырмай жолындағы әрекетсіздігі кесірінен қылмыс жасаған адамның тұлғасы арқылы анықтауга болады.

Сонымен бірге қылмыскердің тұлғасын зерттеу **диалектикалық категорияларға сәйкес негізгі үш деңгейде** жүзеге асырылады: 1) жалпы; 2) ерекше; 3) жеке.

1-деңгейде «қылмыскер тұлғасының» жалпы ұғымы мен оның негізгі белгілері мен қасиеттері қарастырылады.

2-деңгейде бірқатар жағдайда қылмыстылықтың жекелеген турлериңе, яғни халық шаруашылығының жекелеген салаларында, жекелеген аймақтарда және басқалардың қылмыстылыққа сай келетін қылмыскерлердің жекелеген категориялары мен типтері қарастырылады.

3-деңгейде нақты қылмыскер (нақты қылмыс) қарастырылады.

«Нақты тұлға» ұғымы жеке қайталанбас қасиеттерді білдіреді. Осыдан келіп осы қасиеттерді жанжақты есепке алып отыратын жеке жұмыстарды жүргізуің мейілінше күрделілігі туындаиды.

Тұлғаны криминологиялық зерттеу нәтижелерінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу, криминалистика ғылымдары үшін де маңызы зор. Криминология үшін қылмыскер тұлғасының маңыздысы – оның табиғаты мен мәні, қайнар-көздері, оның қоғамға жат қасиеттерінің қалыптасу жол-

дары мен нысандары, механизмі, қылмыстық мінез-құлқытың пайда болуына әсер ететін, басқаша сөзбен айтқанда, қылмыс жасауға себепкер болатын ортамен өзара қарым-қатынасындағы ерекшеліктері. Міне, осындаі зерттеулердің нәтижесі қылмыстың алдын алу мәселелерін шешудегі ең бір негізгі нұсқаулар болып табылады.

9.2 Қылмыскер тұлғасының құрылымы. Қылмыскер тұлғасының криминологиялық сипаттамасын құрайтын негізгі қасиеттер

Қылмыскер тұлғасы кез келген адам тұлғасы сияқты белгілі бір құрылымға – өзара байланысқан және өзара әрекеттес элементтер тобына ие болатын тұтастай құрылым болып көрінеді. **Қылмыскер тұлғасының құрылымын зерттеу** — элементтер мен құрылымдар арасындағы байланыстардың өзгерістері тұлғаның түбірімен қайта жаңғырумен барабар болатындықтан оның мінез-құлқындағы қозғалмалы қүштеріне жақындастып, танып-білу.

Қылмыскер тұлғасының құрылымын анықтау барысында оны басқа адамдармен араласу нәтижесінде және өз кезегінде белгілі бір істін; танымын, қарым-қатынастың субъектісі ететін әлеуметтік мәні бар қасиеттер жиынтығын иеленуші деп қарау керек.

Қылмыскер тұлғасын танып-білу тұлғаның құрылымы мен оның жүзеге асырылатын элементтері арасындағы қалыптасатын қоғамтық қатынастарды талдау арқылыға мүмкін.

Қылмыскер тұлғасы құрылымының өзі бірқатар құрылымдық бөліктеге бөлінеді, яғни қылмыскер тұлғасын төмөндегі блоктардан (жүйелік бөліктерден) құралатын жүйе ретінде қарастыруға болады:

- 1) қылмыскер тұлғасының демографиялық блогы;
- 2) қылмыскер тұлғасының әлеуметтік-мәдени блогы;
- 3) қылмыскер тұлғасының экономикалық блогы (қоғамдық өндіріс жүйесіндегі жағдайы мен материалдық қамтамасызын етілуінің деңгейі);
- 4) тұлғаның әлеуметтік институттарға қатысты блогы (серікtestік қатысы, әлеуметтік институттарға арқа сүйеушілік, дүшпандық қатынастары, олардың қызметінің шырқын бұзуға ұмтылышы);
- 5) тұлғаның әлеуметтік қауымдастықтарға қатысты блогы (жағымды әлеуметтік міндеттер атқаруға бағытталған, бірақ шырқы бұзылып, соның салдарының өзінің мүшелеріне жағымсыз әсер ете бастаған, сондай-ақ мүшелерінің жағамсыз пигылдары негізінде құрылған қауамдастықтар);

6) тұлғаның әлеуметтік нормаларға қатысты блогы. Адамның мінез-құлықтары белгілі бір әлеуметтік нормалар жүйесімен реттелетін белгілі. Бұл нормалардың бәрі мынадай екі топқа бөлінуі мүмкін: а) бүкіл қоғам мойындаған (жалпыәлеуметтік); б) жекелеген қауымдастықтар мойындаған және қорғаган. Мұның өзін: жалпыәлеуметтікке сай келетін; оларға бейтарап; оларға қарама-қарсы деп бөліп қарауга болады.

Сөйтіп, тұлға мен әлеуметтік институттардың арасындағы қатынастарды тек тұлға ғана сипаттап қоймайды, оның қалыптасуына кері әсер еткен факторлар да сипаттайтын.

Құрылымдық бөліктерден бір нәрсені алыш тастау, бөліктер өздігінен өзі дербес жалғасын таба алмайтындықтан бүкіл құрылымның тұгастығын бұззады. Демек, олардың бәрі де бір-бірімен өзара тығыз байланыста және біріне-бірі тәуелді.

Қылмыскер тұлғасы құрылымының басқа да амалдары анықталуы мүмкін. Әсіресе, **мынадай жолдары белгілі**:

- әлеуметтік-демографиялық және қылмыстық-құқықтық белгілері;
- қоғамдық өмірдің әр саласындағы әлеуметтік көрінісі;
- адамгершілік қасиеттері;
- психологиялық ерекшеліктері.

Қылмыскердің тұлғасы жалпы тұлғадан өзінің құрылымында белгілі-бір компоненттердің бар-жоғымен емес, ең алдымен осы құрылымдағы белгілі бір компоненттердің мазмұнымен және бағыттылығымен ерекшеленеді. **Крими-нология үшін аса қажеттісі** — нақты қылмыс жасаудың себептері болып саналатын адамгершілік қасиет, мәнді бағдар, көзқарастардың; мұddeлердің, қажеттіктиң, бейімділіктиң, әдеттің қоғамға жат бағыттылығы, дегенмен мұның бәрі құрылымдық бөліктердің басқаларын жоққа шығару болмаса керек. Тұлғаның бағыттылығы адамның өзіне тән сипатталатын және оның қызметіне әрекет ететін ақиқатқа таңдамалы қатыстылығын көрсетеді. Бағыттылық — тұлғаның психологиялық құрылымындағы элемент. Ол басқа да элементтерге — білім деңгейіне, биологиялық қасиеттерге (жігерлілік, талабы) негізделген сипаттардың көрінуіне басты әсер етеді және адамның тиісті қылмыстық мінез-құлықты таңдауын анықтайтын.

Еңбектен қол үзу немесе өзінің қызметтік міндеттеріне немқұрайтылық-пен қарау, қоғамдық өмірге араласпау, тұрмысқа икемсіздігі, үнемі алкогольдік ішімдікten, кейде нашакорлықтан арылмауы сияқты фактілер адамды физикалық, ой-өрістік және әлеуметтік кері кетушілікке мәжбүр етеді. Осыған байланысты қылмыскер тұлғасына тән қасиеттерді былайша бөлуге болады: а) бірінші – адамның қылмыс жасағанына дейін пайда болған қасиет; б) екінші – қылмыстық өмір салты салдарынан болған, өз кезегінде

осы салттан бас тартуды күрделілендіре түсетін қасиет. Осыдан келіп қылмысқер тұлғасы айырықша көрінген түрінде қылмыстық мінез-құлық себептерінің бірі ғана емес, белгілі бір дәрежеде осындай мінез-құлықтың өнімі.

Тұлғаның қриминологиялық ерекшеліктерін зерттеу мен есебін жүргізу қылмысқерлердің ерекшеліктерін анықтауға, қылмыс жасауға итермелейтін факторларды ашуға мүмкіндік береді. Мұндай талдауды аймақ бойынша, жедел қызмет көрсетілетін жекелеген участекелерде, жекелеген істер бойынша жүзеге асыру қажет. Оның нәтижелері ескерту жұмыстарының аса мыңызды деген бағыттарын анықтауға көмектеседі, мысалы, өкілдері жиі құқық бұзатын түрган халық ортасындағы топтарды. Сұрыптық қриминологиялық зерттеулерде, мәліметтік деректерде, әсіресе сотталғандардың арнаіы жүргізілген санақтарында қылмысқерлер арасында әйелдерден ғөрі ереккетердің көп екендігі (90 %) байқалады. Алайда, кейбір қылмыстар бойынша әйелдердің үлесі жоғары. Мысалы, сауда мен қоғамдық тамактандыру жүйесінде, жеңіл және тамақ өнеркәсібінде ұрлықшы-әйелдердің саны 25–30 % құрайды.

Криминология, әсіресе жасастардың мейілінше агрессивті, албырттық сипаттагы қылмыс жасайтындығын баяғыда анықтаған болатын. Қылмысты 18-40 жас аралығындағы жастар жиі жасайды еken (70–75 %). Қылмысқа тым бейімділік көрсететіндер 29 жасқа дейінгілер, одан кейін 30-39 жас аралығындағылар, содан кейін қылмыстық белсенділіктің кемітіндігі байқалады. Зерттеу, мысалы қылмыс жасайтын қылмысқерлердің 50 пайызы үйленбегендегі екендігін анықтады. Сонымен бірге, үйленбегендегі арасындағы қылмыстылық коэффициенті үйленгендерге қарағанда екі есеге жусық жоғары екендігі анықталды. Бас бостандығынан айыру орындағында жазасын етеп жатқан кезінде ерлерге қарағанда әйелдердің жанұялары көбірек ыдырайтыны байқалады. Қылмыс жасағандардың көбінен артығы қоғамға пайдалы еңбекпен айналысуға катысады, алайда бұрынғы бұзқылар, ұрылар, қаракышылар мен тонаушылар жұмыс орындарын жиі ауыстыратындықтары, кейде еңбекпен ұзак мерзім айналыспай үзіліс жасайтындары да болады. Жұмыс істейтіндер арасындағы да қылмыстықтайталап жасаушылар үлесі жоғары (25 %).

Абсолюттік көрсеткіш бойынша қылмыс жасаушылар арасынан жұмышилар саны тым көп көрінеді, ал ауылдықтар, қызметкерлер, окушы жастар аз. Сұрыптаң зерттеу қылмысқерлердің көпшілігі еңбекке жарамды, тек оныншы адамның біреуі ғана еңбекке шектеулі түрде жарамды екенін көрсетті.

Қылмыс жасаушы адамдардың білімі басқа адамдарға қарағанда тым тәмен екендігі байқалып отырады, әсіресе жоғары және орта арнаулы білімі

барлар аз кездеседі. Қорлау, пайдакорлық, бұзақылық қылмыстар адамдардың білімі деңгейі тым төмен екендігі, ал мемлекет мүлкін иеленіп қалу арқылы ұрлау, шығынға батыру немесе сенімді бас пайдасына пайдалану сияқты лауазымдық қылмыстар жасайтындардың білімдері жоғарырақ келетіні байқалады.

Қылмыс жасағандардың басым көпшілігі адамкершілік қасиеттерінің негізгі ерекшеліктері болып саналатын құқық-тәнімдарының төмендігімен сипатталады. Дегенмен, қылмыс жасайтындар заңды нашар біледі деп айтуға болмайды. Керісінше, олардың көпшілігі, есіресе қылмыстың қайталаң жасаушылар (рецидивистер) өздеріне қажетті құқықтық біліммен тиісті дәрежеде қаруланған, бірақ олардың санасында заңға оң көзben қарау деген жок, заңының нұсқауларын орындау қалыптаспаған.

Қылмыс жасаушылардың бір жағынан бір-бірінен демографиялық, құқықтық, психологиялық және басқа белгілер бойынша айырмашылықтары болады, екінші жағынан бір-біріне ұқсас белгілер бойынша түрақты топ құрады. Осы сан алуандықтың әр жағында жасырын жаткан заңдылықтарды ашу үшін кездейсоқтарын алып тастан тиіткі зерттеуге назар аудара отырып қылмыскерлерді жіктеу қажет.

Жіктеу — белгілі бір объектіге тән мәнді деген белгілерге орай осы объектілерді бөлуге байланысты логикалық операция. **Қылмыскерлердің жіктеудің әр түрі** болуы мүмкін. Криминологиялық зерттеулерде жасаған іс-әрекетіне, оның ниетіне, жасалу әдісіне, кінәнің нысанына байланысты қылмыстық-құқықтық жіктеу жиі қолданылады. Жіктеу қорытындылаудың төменгі деңгейі бола тұrsa да жекелеген белгілер бойынша зерттелген топтардың берік екендігін көрсетеді және әрқайсының әз орны бар топтар мен топтық бөліктердің катан өлшемдері негізінде жүзеге асырылады.

Типологияда мұнданың қатаң тенденстіру жок. **Қылмыскерлердің жіктеу** белгілер тобын **екі үлкен тонқа** бөлөтін түрлі негіздерге сүйенеді: 1) **әлеуметтік** (әлеуметтік-демографиялық); 2) **құқықтық**.

Қылмыскерлердің денсаулығын сипаттайтын белгілер жеке топқа бөлінеді. Осыған байланысты денсаулығы дұрыс, сондай-ақ соматикалық, немесе психикалық аурулары бар адамдар айырықша көрсетілуі мүмкін.

Қылмыскер тұлғасы типологиясының мәселесі тұлғаның әлеуметтік типологиясы туралы ілім көмегімен шешілуі мүмкін.

Жасаған қылмыстарының түрлері мен сипаттына қарағай қылмыскерлер ұрылар, алаяқтар, бұзақылар, зорлаушылар, парапорлар т.т. болып бөлінеді.

Психикалық денсаулық күйіне байланысты қылмыскерлер: есі дұрыс, есі киресілі-шығасылы, психопат және есі дұрыс емес деп бөлінеді.

Әлеуметтік-демографиялық белгілері бойынша да бөлуге болады: *кәмелетке толмаган қылмыскер* (ұл бала-қызы бала); *қылмыскер әйел*; *қылмыскер қызметкер*; *қылмыскер өкүші*; *қылмыскер комерсант* және *басқалар*.

Батыстың бірқатар елдері мен Америка криминологиясында қылмыскерлердің *негізгі үш түрі бар*: *кездейсоқ*; *кәсіпқой* және *қарымды* (потенциальный).

Қылмыскер тұлғасының айырма, ерекшелік белгісі мемлекетпен қорғалатын қоғамдық катынастарға қауіптілігі, яғни қауіп туғызы.

Қылмыскер тұлғасы — мейілінше жалтылама, берік, мәнді, әлеуметтік-психологиялық қасиеттер мен мінез іесі. Мұндай тұлға қасиеттерінің ерекшеліктері қылмыстық мінез-құлықтың ішкі психологиялық себептері ретінде көрінеді. Өзінің негізінде қылмыс қоғамға қауіпті мінез-құлық амалдарының бірі ретінде шиеленіскең жағдайы бар тұлғаның әлеуметтік, адамгершілік, әлеуметтік-психологиялық дамуымен дайындалады (адамның өмір тәжірибесі, рухани дүниенің қасиеті).

Қазіргі заманғы психологияның жетістіктері адам қызметін негізгі ынталандырушысы *ниет* екендігін дәлелдегендей. Адамның іс-әрекеті әдетте *жартылай ниетте*, яғни бірнеше, *әрі әртүрлі ниетте* болады. Олардың біреуі *жетекші*, негізгі болса, қалғандары *қосымша* рөл атқарады. Әсірелеп айтқанда, тұлға көбінесе *ниет арқылы* көрінеді, сондыктан мінез-құлық ниеті қандай болса, тұлғаның ниеті де сондай деген тұжырым орынды, әрі әділдетті. **Ниет** — жеке тұлғаның ерекшеліктерімен және нұсқамаларымен байланысқан, сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық қасиеті бар субъективті құбылыс. Қылмыскер тұлғасының жекелеген типтері көрінуі мүмкін, мысалы жеке баю ниеті. Бұл жерде ең бастысы табысқа жету үшін осы мақсаттардың қай құралы таңдап алынады. **Ниеттік олишемдері** бойынша қылмыскерлердің көпшілігін мынадай типтерге бөлуге болады: 1) *пайдакорлық*; 2) *беделдік*; 3) *қорлауышылық*; 4) *зинақорлық*.

Ниет қылмыскерлер типологиясының жалғыз-ақ белгісі емес, әсіресе ең маңызды белгісі болғандықтан былайша бөлу шартты сипат алады. Олардың типологиялық топтары қоғамға жат бағыттылығы мен мәнді бағдар бойынша құрылуы мүмкін. Осындағы белгілер бойынша қылмыскерлер **төрт сыйыпқа** бөлініп, былайша сипатталады:

- 1) *тұлғага және оның иглігіне жағалымсыз, жеке көрушілікпен қарau;*
- 2) *еңбегіне қарай материалдық иглікті бөлу, азаматтардың өзінің жеке мүлкіне құқығы қагидаларын жоққа шыгару;*

3) түрлі әлеуметтік анықтау мен үйгарымга, өзінің жалпы азаматтық, қызметтік, отбасылық және басқа да міндеттеріне жеке көзқарасымен;

4) белгіленген әлеуметтік құндылықтары мен соларға байланысты міндеттеріне, байқалған түрлі абайсыздық қылмысқа жеңілтектік-жасаушызыдықпен қараяу.

Қоғамдық қауіптілік дәрежесіне, криминогендік әсеріне, көріні мен белсене ділігіне байланысты қылмыскерлер мынадай топтарға бөлінеді:

1) аса қауіпті қылмыскерлер;

2) әлеуметке қарсы қауіпті қылмыскерлер (пассивті, әлеуметтік);

3) тұрақсыз қылмыскерлер;

4) жағдайлық қылмыскерлер.

Мұндай типология шартты сипатта, кез келген қылмыскер қалай болса, солай белгілі бір типке жатқызыла салмайды. Сондай-ақ, басқа да типтердің қасиеттері тән аралас және аралық типтерді де кездестіруге болады.

Қылмыскер тұлғасын зерттеудің негізгі бағыттарын тәжірибелік мақсатта (сондай-ақ талғау көлемі мен шегі) анықтау ішкі істер бөлімдерінің қылмыстырылышыпен курес барысында туындаған міндеттеріне байланысты.

9.3 Қылмыстық тұлғаның қалыптасуындағы әлеуметтік және биологиялық байланыстар

Қылмыскер тұлғасын зерттеудің түбегейлі мәселелерінің бірі оның **әлеуметтік және биологиялық байланыстары** болып табылады. Оның айтарлықтай тәжірибелік, идеологиялық мәні бар және ол қылмыстырылыштың себептерін түсіндіру мен оның күреспен негізгі бағыттарын анықтауға елеулі әсер етеді. **Биологиялық факторларды бағалау** криминологиялық теорияның біраз тұстарын қамтиды. Осы айтылып отырган проблеманың маңыздылығын баса айтқанымыз жөн, өйткені криминологияда биологиялық детерминанттар әлеуметтік детерминанттар сияқты рөл атқарады.

Адамзат қоғамының ұзақ уақыт даму үрдісінде криминологиядағы әлеуметтік және биологиялық байланыстар әлеуметтік белгілердің айтарлықтай маңызының пайдасына өзгерді деп айтуга болады.

Жекелеген адамзат тіршілігінің дамуы (онтогенез) «жабулы» күйінде адамзат тегінің тарихын қайталайды (филогенез). Тұлғаның адамгершіліктік қалыптасуы процесінде табигаттың басым күшінің рөлі адамдардың қол жеткізген, тәрбиеленген, дамыған әлеуметтік қасиеттеріне байланысты өзгеріп отырады.

Адамның рухани маңыздылығының негізін қоғамға пайдалы еңбек құрайды, ал тұлға болса жеке адамның қоғамдық қатынастар жүйесіне араласқан жағдайда ғана дамуы мүмкін. Адамның тіршілік әрекетінің **әлеуметтік сипаты** — оның **ерекше қасиеті**.

Криминология, қылмыстырылған, сондай-ақ нақты қылмыстар кез келген қоғамда әлеметтік сипатқа ие болады, әлеуметтік негізделген, деп пайымдайды. Бұл — биологиялық факторларды мүлдем жоққа шығару деген сез емес, алайда ол қылмыстырылған себептеріне емес, қылмыстырылған мінездүлханалық жағдай туғызуышы сипатқа ие болуы мүмкін.

Психикалық бұзылу қылмыс жасаудың себептері болып саналады деген ой туғызыбау керек.

Біріншіден, барлық қылмыскерлердің арасындағы субъектілердің көбінде шын мәнінде мұндай ауытқулар бола береді.

Екіншіден, белгілі бір адамда психикалық ауытқудың болуы оның құқыққа қайшы мінездүлханада криминогендік рөл атқарады деп айта беруге де болмайды.

Шіншіден, көптеген гылыми зерттеулерде, қылмыстың жасалуына психикалық ауытқушылық емес, тұлғаның криминогендік мінезін қалыптастыруышылыққа себеп болатын жаисыз жағдайлар мен теріс тәрбие кінәлі екендігі дәлелденген. Шынында да кейбір ауытқушылықтарың қысық мінез түдүретінін рас.

Психикалық ауытқушылықтың қайсыбір фактілерін анықтау (мысалы, есаландық, орталық жүйке жүйесінің ақауы, т.т.) нақты қылмыс жасаудың себебі болады деп мүлдем айта алмаймыз. Қылмыстың мінездүлханалықтың ішкі себептеріне ниетіне байланысты диагноз кою мүмкін емес. Белгілі бір ауытқушылықтың болуына байланысты қылмыстың субъективті себептерін тұлғаны психологиялық жағынан зерттеу арқылы ғана анықтай аламыз. Психикалық ақау қылмыстың мінездүлханалықтың ниетін білдірмейді, бірақ белгілі бір дәрежеде әсер етеді алады.

Есаландық, мәселең, зорлаушы қылмыс жасауға итермелейтін факторлардың бірі болып табылады.

Сонымен бірге есаландардың ойдағыдай жұмыс істеп және белгілі бір міндеттерді атқара алатындығы баяғыдан белгілі. Сондыктан ауытқушылық емес, адамның қоғамдағы қалыптасқан әлеуметтік келбеті басты орын алады.

Биологиялық және әлеуметтік қатынастарды талдауда криминологтар назарларын хромосомдық ауытқушылықтары бар адамдарға, яғни тұқымдық (жыныстық) клеткаларында хромосомдардың құрылышы мен санының қалыптан өзгеруіне аударған. Хромосомдық ауытқушылықтар жаңа тұғандардың шамамен алғанда 0,4%-да кездеседі.

Сөз тұлға туралы және биологиялық факторлардың рөлі туралы болып отырғандықтан нақты бір адамның психикасына талдау жасамайынша осылардың арасындағы байланыстарды түсіну мүмкін емес. Сондықтан гылыми талдау мәселесі осы факторлар адам тұлғасының құрылымындағы әрекетімен қарастырылған жағдайда жемісті нәтижесін береді. Өйткені адамның мінез-құлқы оның іске асу негізіне байланысты. *Әлеуметтік және биологиялық мән-жайлардың көріну белсенділігі тұлғаның өзіне байланысты.*

10. ЖӘБІРЛЕНУШІ ТҮЛҒАСЫ. ВИКТИМОЛОГИЯНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТИЛЕРІ

10.1 Виктимология үғымы

«Виктимология» сөзі — *құрбан туралы ілім* деген мағынаны білдіреді (*victima* — латынша *құрбан*; логос — грекше, білім, ілім). Виктимология туралы сөз қозғағанда біз жалпы құрбанды (мысалы, бақытсыз оқиғадан) және кез келген құқық бұзушылықтан (әкімшілік, азаматтық, еңбек) зәбір көрген адамды емес, КР КПК 71-бабына сәйкес қылмыстен моральдық, дene және мүліктік зиян келтірілген жәбірленуші жөнінде айтып отырымыз. «Виктимология» терминың пайдалана отырып, біз оның криминологиялық аспектілерін ғана карастырамыз.

Криминологияның жеке бір бағыты ретіндегі *виктимология* біршама таяуда ғана, миллиондаған өмірді құрбан еткен соғыстан кейін туындағы. Қылмыс жасау механизміндегі құрбандық рөлі туралы идеяның өзі онша жаңа емес, ол өзінің бастауын сонау көне заманнан-ақ алғып, көптеген заң және әдеби естеліктерден, халықтың аузы әдебиеттерінен орын алған.

Мамандар Еуропада бұл сөз алғаш рет *француз тілінде* дүниеге келіп, ол бастапқыда *dîni cipat* алды деген болжамдар айтады. Келе-келе «**құрбан**» деген сөздің маңызы кеңеіе түсті. Оның терендігін бойлай бермей, жалпы мағынада қалыпты күйі мен қызметіне белгілі бір дәрежеде зиян келтірілген кез-келген материя нысаны құрбан болып саналады деген қорытынды жасауга болады. Құрбан туралы *ілімнің теориясы мен практикасында* ең басты да айрықша **объекті адам** болып табылады. Сөйтіп, мына төмендегі нәтижелер бойынша **адам «құрбан»** болып саналады:

- а) басқа адамның заңсыз әрекеті;
- б) жеке мінез-құлқы;
- в) жағымсыз өмір жағдайлары;
- г) бақытсыз оқиға.

Басынан қашанда бақытсыз оқиға кетпейтін адамдарға байланысты халық арасында кең тараған қанатты сөздер, мақал-мәтеддер, аңыздар мен мыскылдар жеткілікті. Мысалы, «Сотқардың көзі күнде ісер», «Қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан».

Виктимогендік жағдай, яғни адамға моральдық, дene немесе материалдық шығын келтіретін қаупін тудыратын тұлғаның немесе жәбірленушінің өзіне байланысты мән-жайлар мен шарттар пайда болатын жағдай.

Қылмыстың витимологиялық аспектілері көптеген белгілі жазушылардың шығармаларынан орын алды. Мәселен, **Данэль Дефоның** қаламынан

XVII гасырдың аяғы мен XVIII гасырдың басындағы Англияның қылмыстық әлемін суреттеген бірқатар әлеуметтік романдар туындаған.

Откен жұз жылдықтың 20-жылдары жарық көрген ағылшын жазушысы Томас Кинсейдің «Өнер ретіндегі қаралған кісі өлтіру» деген повесін қылмыстың осы түрінің құрбаны туралы жазылған трактат деп санауға болады. Бұл шығармада автор кейбір адамдар өздерінің мінезі мен қасиетіне байланысты қылмыс құрбаны болатын жағдайға өзі себепкер болатындығы және қылмыскердің санасына осы жөнінде қозғау салатындығы жөнінде баса айтады.

Құрбан туралы ілім тарапынан қылмыстық әрекеттің туындауы мен даму механизмі неміс жазушысы **Франц Вельфельдің** «Өлтіруші емес, өлген кінәлі» (1920) деген повесінде жақсы ашылған.

Әлемдік көркем әдебиеттегі қазіргі виктимология идеясының бастау көзі туралы айтқанда орыстың данышпан жазушысы **Ф.М. Достоевский** (1821–1881) мәнгілік шығармаларын атауға болады. Қылмыс құрбаны туралы теориялық және ғылыми зерттеулер дүниеге келгенге дейін Достоевский әртүрлі дәрежедегі және жағдайдағы қылмыскер мен қылмыс құрбанының арасындағы әлеуметтік-психологиялық және адамгершілік-философиялық байланыстардың құрделі проблемаларының тігісін сөге білді.

Құрбан мәселесіне көрнекті орыс жазушысы, сезімтал психолог әрі социолог **А. П. Чехов** көп назар аударған. Оның шығармаларынан тұлғаның құрылымы туралы құнды пікірлер мен құқық бұзушылықтың итермелеші нийеттері ғана емес, өмірдің басқа да ынғайсыз жағдайларын, тұрмыстың жайсыздығын, адамды бейшара күйге түсіретін провинциализмнің жексүріндығы мен алайқытық көрге болады.

Қазіргі заңнамаларда да құқыққа қайшы әрекеттерден, өзінің қылығы мен қылмыскермен өзара қатынасынан жәбірленген тұлғага белгілі бір дәрежеде назар аударылады. Көптеген елдердің қылмыстық заңдарына жәбірленуші тарапынан арандату әсерінен өзін өзі қорғау мақсатында жасалған әрекет қылмыс деп саналмайды, тиісінше ол жазалауға да жатпайды. Мысалы, Швецияның қылмыстық заңында «адамның өзін өзі қорғау нийеті жазаланбайды», деп көрсетілген.

Швейцарияның Қылмыстық кодексінде «егер жәбірленуші қылығымен қылмыскерді қатты арандатқан болса» немесе қылмыскер «жазықсыз қорланса немесе қатты ауырсынатын дене жаракатын алып соган байланысты ызаланып, әрекет жасаған болса» оған соттың жеңіл жаза тағайындастыны көрсетілген.

Болгарияның Қылмыстық кодексіне сәйкес, «мемлекеттің немесе қоғамның, тұлғаның мүддесі мен құқығына заңға қайшы тікелей қолсұту-

шылықтан қорғау кезінде шектен асып кеткен қажетті қорғану» қогамға қауіпті әрекет саналмайды. Сонымен бірге «корыққандығынан қажетті қорғану шегін асырып жіберу әрекеті де» жазаланбайды.

Қылмыстан жәбірленуші мәселесі біздің де қылмыстық процессуалдық және қылмыстық заңнамаларымызда маңызды орын алады. Есінің дұрыстығына немесе дұрыс еместігіне қарамастан кез келген жастағы заңды тұлға жәбірленуші деп танылуы мүмкін. Заңды тұлғаны *жәбірленуші* деп тану жөніндегі мәселе КР КПК 71-бабының 1-тармағына сәйкес шешіледі.

КР КК 32-бабына сәйкес қылмыстық әрекет деп саналса да *қажетті қорғану* түрінде жасалған іс-әрекет қылмыс деп танылмайды. Дегенмен, осыған қарамастан кінәлінің мән-жайларында жауаптылығын жөнілдететін Қылмыстың кодексте нормалар бар ма, жоқ па, бәрібір жәбірленуші тұлға-ның мінездемесі мен оның мінез-құлқы ескеріледі.

Ғылыми бағытына қарай *виктимология 1947 жылы Бухаресте* өткен психиатрлар конференциясында **В. Мендельсонның** *биологиялық — психологиялық* — әлеуметтік ғылымның жаңа бір саласы – виктимология туралы баяндама жасаған кезінен қалыптаса бастады.

1948 жылы АҚШ-та, құрбан туралы ілімнің қарастырылғандығы сондай, бірде-бір зерттеуші осы кітаптағы идеясыз іске кірісе алмайтын болды деп, американдық криминолог **Вольфганг баға берген, Ганс фон Гентигтің** «*Қылмыскер және оның құрбаны*» деген кітабы жарық қөрді.

Американдық психиатр **Ф. Вертхем** 1949 жылы «*Озбырлық бейнесі*» деген кітабын шығарып, онда ол құрбанның әлеуметтік жағдайын біліп алмай, кісі өлтірушінің психологиясын түсіну мүмкін емес, сондықтан да виктимология ғылымы өте қажет деп жазған болатын.

1958 жылдың желтоқсанында қылмыстық юстиция мәселелері жөніндегі голланд-бельгия конференциясында виктимология проблемасы арнайы қаралды. Осыдан кейінгі таяу арада Жапонияда виктимология проблемаларын зерттеу жөніндегі институт үйімдастырылса, АҚШ-та арнаулы виктимологиялық клиника ашылды. **70-жылдары** виктимология жөнінде екі халықаралық симпозиум өткізілді (1973 жылы — Иерусалимде, 1976 жылы — Бостонда). Виктимологиялық зерттеу жұмыстары жыл өткен сайын қанатын кең жая түсуде.

Көптеген нақты қылмыстардың тікелей себебі жәбірленушілердің өздерінің теріс, жазғыруші мінездерінен туындаиды, мұндай жағдайда виктимология «*құрбан кінәсі*» деген термінді қолданады.

Виктимологияда кінә – кез келген әлеуметтік нормаларды бұзу нәтижесінде пайда болатын үгым, сондықтан оның кінәнің құғығына қараганда адамгершіліктік жағы басым, дегенмен, кейде бұлар сырттай сәйкесіп жатады. Виктимологиядағы кінә әлеуметтік категория ретінде қылмыстан

жәбірленушінің теріс мінезін, қоғам немесе азамат мұддесіне деген өршеленген мінез-құлқын көрсетеді. Дегенмен, құрбанның мінезі сырттай құқық бұзушының қылмыстың мұддесімен салыстырып қараганда теріс деп санала бермейді. Осы ережені одан әрі дамыта түсіп, жәбірленушінің мінезінде жазғыру элементі болғанның өзінде де құқық бұзушының жәбірлеңушіден өзінің айтқанын орындаудына негіз жоқ деп пайымдауга болады.

Мысалы, тонаушы тоналушыға қылмысқа жағдай туғызды немесе тонау кезінде тиісті сақтық көрсете алмады деген жала жабатындау сылтау айта алмайды. Егер адам өзінің мүлкін қаруусыз тастан кететін болса, ұрының алдында кінәлі емес қой.

Басқа жағынан қараганда, құрбанның кінәсін оның өзіне байланысты жат (кінәлі) мінез деп қараң дұрыс болмаған болар еді, ейткені жәбірленушінің мұндай мінезі тек қана құқыққа қайшы әрекеттің бірі ретінде ғана көріні мүмкін.

Виктимология саласында қолданылатын негізгі ұғымдардың бірі — «**виктимділік**» деген термин. Бұл терминнің мазмұны шетелдік және отандық мамандармен бірыңғай түсіндіріледі. Осы терминнің түсінігін **Л.В. Франк** толығырақ береді. Оның көзқарасынша «жекелеген адамның виктимдігі — бұл қылмыстық әрекетпен жузеге асырылған «бейімділік», анығырақ айтқанда белгілі бір жағдайда қылмыс құрбанына айналу қабілеті немесе басқаша айтқанда, объективті түрде бетін қайтаруға болса қауіптен құтыла білу қабілеті...»¹⁹.

Белгілі бір уақыт аралығында және белгілі бір аумақта жасалған қылмыстың осындай ретінде **виктимизация:** қылмыстың қандай түрімен, кім, қайда және қашан шығын көрді, яғни виктимделді деген сұрақтарға жауап беретін деректермен сипатталады.

Сөйтіп, **криминалдық виктимология нәрсесі** болып мыналадар саналады:

- *виктимдік* — соған тән биологиялық, психологиялық, алеуметтік құбылыстар;

- қылмыспен дene, моральдық және материалдық зиян келтірілген адамның сандық және сапалық қасиеттері;

- *виктимогендік жағдай*, яғни мүмкін деген құрбанына зиян келтіру себептерінің мән-жайлары мен шарттары;

- қылмыстық жағдайга дейінгі, құқыққа қайшы әрекет кезінде және одан кейінгі құрбан мен қылмыскер арасындағы қарым-қатынастар табиғаты мен заңдылықтары;

¹⁹ Франк Л.В. Виктимология и виктимность. — Душанбе, 1972.

- қылмыстық қол сұғушылықтың мүмкін деген құрбаның қорғаудың нысандары мен жолдары;

- жеке, түрлік, топттық және жаппай виктимділікті төмендеуге арналған алдын алу шаралары;

- қылмыс нәтижесінде құрбанга келтірілген шығынның орнын толтыру тәртібі.

Кез келген ғылыми пәндердің сипаттамалары оның нәрселерімен ғана шектеліп қалмайды. Ол осы ғылыми пәндерді танып білудің әдіс-тәсілдерін, жолдары мен амалдарын қарастырады.

Криминалдық виктимология зерттеу әдістерінің бір ғана емес, жалпы және жекелеген тұтас жүйелерін пайдаланады. Олардың кейбір түрлері криминологиядағы осыған ұқсас басқа да ғылымын пәндерде қолданылады.

Криминалдық виктимологияда нәтижелі қолданылатын осы зерттеу әдістерінің бәрі де осы ғылыми пәннің теориялық ережелерін терең оқып-үренуге ғана бағытталып отырган жоқ, ол ең алдымен қылмыстылықпен күрес жолындағы органдар мен ұйымдардың іс жүзінде кеңінен қолданылуына бағытталған.

10.2 Криминалдық жағдай туындағандағы жәбірленушінің рөлі

Сот тәжірибесі көптеген қылмыстардың *құрбан мен қылмыскер арасындағы қарым-қатынастың нәтижесі* екендігін айғақтап көрсетеді. Құнделікті өмірде адамдар бір-бірімен қогамдық, тұрмыстық, жеке байланыстар мен қарым-қатынаста болады. Болашақ құрбан мен қылмыскерге тән қарым-қатынас кезкелген мүмкін болатын байланыстар мен қатынас негізінде басталып, артынан шиеленісті оқиғага айналып кетеді. Кез келген шиеленісті жағдайға тән ерекшелік, ол адамнан белгілі бір шешім қабылдауды; өзінің қылышын таңдай білу еркін талап етеді. Соған орай, Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабына сәйкес, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру біреудің құқығын шектеу, конституциялық құрылымын қоғамдық адамгершілік арқылы орындаудау туіс. Бір адам ұстамдылық жасап, жағдайды орынды бағдарлап және мораль мен құқық талаптарын орындаі біледі. Ал енді бір адамдар болғалы тұрған құрбанның жат қылышына моральға жат қылышымен жауап беріп, артынан қылмыскер атанады. Қылмыстық істерді талдау барысында қылмыскер мен оның құрбанының арасындағы қарым-қатынастарды үш түрге бөлуге болатыны анықталды: *екі ұшты, белгілі және кездейсоқ*.

Қылмыскер мен оның құрбанының арасындағы екі үшты қарым-қатынас құқыққа қайшы әрекетте селқостық көрсеткен құрбанның мінезін пайдаланған құқық бұзушының әрекетімен жасалады. Сондықтан, мұндай қарым-қатынасты тудыру үшін қылмыскерге өзінің құрбаны мен әрекеттің қысқа уақытта өтуін таңдап алу тән.

Екі үшты қарым-қатынаста қылмыскердің өзінің құрбанын тауып алуды, әдетте, ойда жоқта белгілі бір факторлар мен алғы шарттарды ескере отырып жүзеге асады. Қылмыскер мен оның құрбанының арасындағы екі үшты қарым-қатынаста қылмыс жасауға итермелеші факторлар құқық бұзушы жағында да, жәбірленгелі тұрган адам жағанды да болуы мүмкін. Қылмыскер жағындағы негізгі факторлардың қатарына ең бірінші кезекте оның қоғамға жат қылышын қалыптастыратын сол құқық бұзушының тұлғалық қасиетін жатқызуға болады (жеке өзінің өмірлік бағыты, құқық нормалары мен адамгершілікке немкетті қарауы, өзінің мақсатына жету үшін жолдарды таңдауының немқұрайлышы, қоғамдық қажеттік пен мүддеге жат көзқарасы)²⁰.

Белгілі тұрган құрбаның жағындағы факторларды төмендегідей **үш топқа** бөлуге болады:

- *біріншіден, жәбірленушиңің тұлғасына байланысты факторлар;*
- *екіншіден, оның жағдайына байланысты факторлар;*
- *үшіншіден, оның мінез-құлқына байланысты факторлар.*

Белгілі бір қылмысты жасауға бет бұрган құқық бұзушы үшін ең бірінші итермелеші себеп көптеген жағдайда болғалы тұрган құрбаның тұлғалық қасиеті болып саналады. Мысалы, «некелік алаяқ-жылостар» өзінің құрбандарын күйеуге шығуға жолы болмай, соны армандаң жүрген әйелдер арасынан іздейді; *қарта шулері* — сенгіш, бірақ сараң адамдар арасынан; *шантажшы* — біреуден бірдене жасырып жүрген адамды, үры бай әрі дүниекоңыз адамдарды таңдайды. Кейбір жағдайларда қылмыскер өзінің құрбандарын олардың жағдайларына байланысты іздестіреді.

Қылмыскердің өзінің құрбанын таңдап алудың басты факторларының бірі адамның мінез-құлқы болып табылады. Өзінің бейкам, өркөкірек, менмендік, тәқаппар, ашқөздік мінездерін көрсететін адамдар басқаларға қарағанда белгілі бір қылмыстық әрекет ойластырып жүрген құқық бұзушы ретінде көзге көбірек түседі. Міне, осындай адамдар арасынан қылмыскерлер өзінің құрбандарын іздестіреді.

Субъективтің абайсыз, сынға бергісіз мінезі құқық бұзушыға құқыққа қайшы әрекет жасайтын құрбандарын іздестіруге «көмектеседі». Мәселен, ұрылардың қайсыбір саябакты тонауы оның иесінің қайтарында көпе-

²⁰ Кудрявцев В.Н. Причинность в криминологии. — М., 1968.

көріну есігіне үлкен қара құлып салуы, терезесін сыртынан арнағы қақпақпен жақсылап тұрып жабуы осы саябак ішінде құнды заттар бар екендігін білдіргендей болады.

Қылмыскердің өзінің құрбанын таңда алу механизмін криминогендік (құқық бұзушы жағындағы) және виктимдік (жәбірленуші жағындағы) факторларға бана басқармайды, шығын келтіруші мен құрбанның арасындағы қарым-қатынастың белгілі бір алғы шарттары себеп болады. Канада виктимологы **А. Фаттах**, виктимогендіктің алғышарттарын құрбан болғалы тұрған адамның басқаларға қараганда бейімділігімен немесе қылмыскер үшін «көз тартқыштығымен» түсіндіреді. Болғалы тұрған қылмыскер мен оның құрбанының пайда болуының алғы шарттарын талдау, осы алғышарттарды **екі топқа** бөлуге болатындығын көрсетті:

Оның **біріншісі** — қылмыстық *ниет* пен мүмкін деген құрбанды таңдауга жағдай жасаійтын алғышарттар.

Екінші топ — құқық бұзушының қылмыстық *ниетін* жүзеге асыруды жеңілдететін алғышарттар.

Екі үшты қарым-қатынас пайда болғанда құқық бұзушының қылмыстық *ниетін* жеңілдететін және көптеген жағдайда қылмыс құрбаның таңдаудың ең маңызды алғы шарттары оның алкогольдік ішімдікке мас болуы саналады.

Тіпті азған алькогольдік ішімдік ішкен адамның өзі зорлықпен және мүлік үрлау қылмысы үшін кінәлі аталатын барлық қылмыскер үшін «қолайлы» үміткер. Алкоголь мүмкін деген құрбаның сақтығы мен қарсылық көрсетуін төмendettedі, жағдайдың өзгіріп бұзылғалы тұрғандығын сезінуін және өзінің мінезін қадағалуын нашарлатады, кейде ішіп алған адамның өзі арандатуға барады.

Белгілі қарым-қатынас — болғалы тұрған қылмыскер мен мүмкін деген құрбаның арасындағы негізінде жәбірленушінің тұлғалық қасиетінің, мінез-құлқы мен өмір жағдайының ерекшіліктері немесе басқа да жағдайдың пайда болуы мен дамуы жатқан қарым-қатынас. Қарым-қатынастың бүндай түрінде жәбірленуші қылмыстық акті жасалмастан аз уақыт бұрынған белгілі болады. Мұндай қарым-қатынас әдетте қылмыстық *ниеттің* туындауы мен жүзеге асырылуы аралағындағы уақытқа сай келуімен (кей кезде бірнеше жылдар) сипатталады, сондай-ақ қылмыскер мен құрбаның арасындағы іденттегі байланыстарға (отбасылық, туысқандық, ашыналық және басқа) негізеледі.

Мысалы, кісі елтіру мен оның құрбандары туралы мәліметтерді (қылмыстық іс материалдары бойынша) талдау, сottалғандардың 42 пайызының құрбандары туысқандары, жұбайлары мен ашыналары болған, 33 пайы-

зынікі жақсы таныстары және жәбірленушілердің 25 пайызы қылмыскерге таныс емес немесе аз таныс болған¹⁹.

Тіпті алдау мен сенімді теріс пайдаланушылықпен байланысқан алаяқтың өзі де кейде құрбаннның қылмыскермен бұрынанан бергі қарым-қатынасы жағдайында болып жатады.

Дегенмен, мүмкін деген құрбаннің мінез-құлқы кейде болғалы түрган құқық бұзушының қылмыстық ынтасын түсіріп, ақылға қоңдіреді, бойына қорқыныш сезімін ұялатады және басқа жағдайлар жасайды. Әрбір жекелеген кездерде мұның өзі құрбан мен қылмыскердің арасындағы қарым-қатынастың қалыптасуы мен дамуының жағдайына, орнына, уақытына, сондай-ақ құрбанның қылмыскерге пайдалы әсер ететіндегі тұлғалық қасиеттеріне де байланысты.

Кездейсок қарым-қатынас — қылмыскер мен оның құрбанының арасындағы өзінен-өзі және қылмыска қатысуши-лардың еркіне, тілегіне және сезімінің оянуына бағынбастан болатын қарым-қатынас. Кездейсок қарым-қатынаста құрбаннның мінез-құлқы әдетте қылмыс генезисінде бейтараптық рөл атқарады, ал қылмыскерде осы құқыққа қайшы әрекетке немесе оның нәтижесіне жету ниеті болмайды. Қарым-қатынастың мұндай түрі құрбаннның виктимдігі негізінде емес, көбінесе абайсызда жасалған қылмыстарда жиі кездеседі.

Мұнымен бірге көптеген қылмыстық жағдайда қылмыскер мен оның құрбаны арасындағы қарым-қатынас пен байланыстар бола бермейді, көбінесе олар бірін-бірі танымайтын болып шығады.

Кездейсок қарым-қатынас құқыққа қайшы әрекетке бір-бірімен таныс емес қатысушилар арасындаға ғана емес, кейде бір-бірімен туыс, таныс және басқа да байланыстағы адамдар арасында болуы мүмкін, алайда мұндай байланыстар нақты қылмыстарға қатысы жоқ, ал құрбаннның мінез-құлқы қылмыскерге ешқандай әсер етпейді.

Жәбірленуші мен қылмыскерге тән қатынастардың негізінде жасалатын қылмыстағы жәбірленушінің рөлін атқаруына байланысты құрбандарды үш типке бөлуге болады: *бейтарап құрбан; қатысуши құрбан және арандатуши құрбан*.

Өмірде құрбандарды бірдей деп айыру өте қынға түседі. Жәбірленушінің аралас типі де жиі кездеседі. Алайда, құрбаннның ерекшіліктерін білу үшін әрбір типке жеке-жеке сипаттама беруге тұра келеді.

Бейтарап құрбан — бұл жағдайы, өмір салты мен мінез-құлқы құқық пен мораль тұрғысынан алғанда теріс немесе қылмыстық жағдай тұгызуға және оны өршітуге әсер етеді деп тануға болмайтын құрбан. Мұндайларды дұрыс құрбан деп айтуга болады. Оның аянышты жағдайы — мән-жайлардың ағымына орай болғалы түрган қылмыскермен белгілі бір байланыс

пен қатынаста болуында. Мұндай типтегі құрбанға қарсы қылмыстық басқыншылық актісі бір караганда себепсіз немесе халық арасында айтылатында «жабайы қылық» деп аталады.

Қатысуышы құрбан белгілі бір дәрежеде қылмысқа әсер ету нәтижесінде моральдық, дene және мүліктік шығын көреді. Құрбанның қылмысқа қатысуы (катысу қылмыстық-құқықтық туралы емес, виктимологиялық тұргыда сөз болып отыр) әдерре екі нысанда қарастырылады: белсенді және селқос. Құрбан қылмысқа саналы түрде қатысқан болса, оның қатысуы белсенді деп танылады. Мысалы, кәмелетке толмаганның қәмелетке толғанмен ерікті түрде жыныстық қатынасқа түсіү, жүкті әйелдің заңға қайшы abort жасауы. Қатысудың селқос нысанында құрабан қылмысқа қатысуға келісімін бермейді, бірақ өзінің түсінбестігінен, сенгіштігінен, көңілсіздіктен, құқық бұзушылық әрекеттін сипатын білмегендігінен, психикалық кемістігінен немесе басқа себептермен құқыққа қайшы әрекеттің жасалуына жол береді.

Арандатушы құрбан — бұл өзінің әректімен болғалы тұрган қылмысқерді құқыққа қайшы актіге итемелейді, қылмыс тудырады немесе оны жасауга қолайлы жағдай жасайды. Бұл қылмыскер мен жәбірленуші арасындағы қарым-қатынаска тән қылмыс құрбандарының көп тараған типі. Криминальдық тұргыдан алғанда арандатуды субъектінің құқыққа қайшы әрекетпен жауап беруін қоздышатын құрбанның теріс, жат мінез-құлқы деп тануға болады. Болғалы тұрган құрбанның арандатушы әрекеті **белсенді** және **селқос** нысанда көрінуі мүмкін. Арандатудың **белсенді** нысаны болғалы тұрган құрбанның қылмыскердің басқыншылығын тұра және тікелей тудырыумен көрінеді. Психикалық жағдайына байланысты мұндай құрбандардың қылмыстық әрекетке әсер етуі тұра және жанама арандату деп болінеді. Тұра арандатуда құрбан өзіне қарсы қылмыс әрекетінің жасалу бастамашылығын өзіне алады және оны қылмыкердің жасауын қалайды. Мысалы, адам әскеру қызметтөн жалтару максатында басқа біреуден өзін мүгедек етуін сұрайды. Жанама арандатуда құрбан белсенді түрде өзінің теріс әректімен өзінің қарсы қылмыстық әрекетпен жауап беруді қалайды. Мысалы, өзінің қобалжуымен; сасқалактауымен, корлаушы әрекетімен құрбанның өзінің байланысты қажетті қорғанудың шектен асып кетуіне себепкер болуы. Арандатудың **селқос** нысаны құрбанның салақтық, абайсыздық немесе басқа да әрекеттерімен көрініп, болғалы тұрган құқық бұзушының қылмыс жасауына қолайлы жағдай туғызады (мүлкін қараусыз тастан кету, тиісті мәнде сактық шарасын қолданбау және басқа да жағдайлар). Сонымен бірге арандатушы және абайсыздық мінез-құлық виктимологиялық мағынада зиян келтірушінің құқыққа қайшы әрекетіне себеп деп түсініледі.

10.3 Қылмыстан жәбірленушіні жіктеу

Жоғарыда каратырылған қылмыс құрбанының **сапалық** және **сандық сипаттараты** ең болмағанда жәбірленушілерді жүйелендіру, жіктеу жүргізуге мүмкіндік туғызды. Виктимологиямен айналысадын бірқатар ғалымдар қылмыс құрбаның жіктеудің жолдарын көрсепкен болатын. Қылмыстан жәбірленгендерді жүйеге бөлу туралы қызықтыруышылық тудыратын ұсыныстар Л. В. Франктиң, Д. В. Ривманның, шетелдік мамандар Г. Хентиг, Г. Элленбергер, Б. Мендельсон, Г. Бауэр енбектерінен орын алған.

Жәбірленушілерді жіктеуге құрбанның әлеуметтік, психологиялық және биофизикалық **сипаттары**, сондай-ақ оның зиян келтілушімен өзара қарым-қатынасы жалпы негіз болады. Жалпы алғанда, қылмыс құрбандарын төмөндегідей жіктеу жолдарын ұсынуға болады.

1. Қылмыстың субъективтік жағының мазмұны бойынша:

- a) қасақана қылмыс құрбаны;
- б) абайсыздық қылмыс құрбаны.

2. Қылмыстық қол сұгуышылықтың бағыттылығы бойынша:

а) бірнеше объектілердің қылмыс құрбаны (халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы, меншікке қарсы, басқару тәртібіне қарсы қылмыстар);
б) қылмыстың белгілі бір түрінің құрбаны (адам өлтіру, денсаулыққа зиян келтіру, ұрлық, шабуыл жасау, алаяқтық және басқалар).

3. Жәбірленушіге келтірілген шығынның сипаты бойынша:

- а) денесіне зиян келген құрбан;
- б) материалдық шығын құрбаны;
- в) қылмыстан моральдық шығын келтірілген құрбан.

4. Жәбірленуші мен қылмыскер арасындағы қарым-қатынас бойынша:

- а) күні бұрын белгіленбеген құрбан;
- б) күні бұрын белгілі болған құрбан;
- в) арандатушы құрбан.

5. Жәбірленушінің қылмыс түріндегі ролі бойынша:

- а) бейтарап құрбан;
- б) қатысуыш құрбан;
- в) арандатушы құрбан.

6. Өзге де әлеуметтік сипаттары бойынша:

а) қоғамдық қатынас жүйесіндегі құрбанның алатын орны (кәсібі, ма-
мандығы, қоғамдық құзыры);
б) қылмыскермен әлеуметтік байланысы (туысы, әріптесі және басқа)

в) шығын келтірушімен әлеуметтік қарым-қатынасы (іскерлік, жолдастық, жаулық және басқа да).

7. Психологиялық критерийлері бойынша:

а) адамгершілік-психологиялық ерекшеліктерімен көрінетін құрбан (қызба, ашууланшақ, әсіре қызыл және басқа);

б) психикасы бұзылған құрбан (есі ауысқан тұлға, маскүнем, нашақор, жыныстық сезімі бұзылған адам және басқалар).

8. Жәбірленушінің биофизикалық қасиеттерінен мыналар гылыми және практикалық қызығушылық тудырауды:

а) құрбанның жынысы;

б) оның жас шамасы;

в) ұлты;

г) құрбанның қылмыстың алдындағы және қылмыс сәтіндегі деңесінің жай-күйі (өмірге қауіпті, ауру, дәрменсіз және басқа).

9. Құрбанның қылмыска дейінгі және қылмыс жасау кезіндегі мінезд-құлқы бойынша:

а) өзіне қарсы қылмас жасалуына жағдай тұгызышу адам;

б) селқос жәбірленуші.

Әлеуметтік-психологиялық баға беруді ескере отырып, **белсенді жәбірленушілерді** төмендегідей топтарға бөлуге болады:

а) мінез құлқында қылмыстық жазалауға жетатын әрекеті бар құрбандар (бұзакылық, сабау, қорлау, жала жабу, деңсаулыққа зиян келтіру және басқа);

б) мінез-құлқы моральдық, этикалық және адамгершілік нормаларының бұзылуымен сипатталатын құрбан (жалақор, ұрысқақ, маскүнем, моральдық тұрақсыз адамдар);

в) белгілі бір себептермен өзіне зиян келтіру үшін арандатушы құрбан;

г) өзіне өзі зиян келтіретін құрбан.

Осындаid жәбірленушінің бәрінің мінез-құлқы саналы түрде зиян келтіреді-ау деген адамды арандатуы мүмкін немесе абайсыз қылық сипатына ие болады. Белсенді құрбандар тобына мінез-құлқы психикалық кінәратымен немесе жүйесінің тозуымен сипатталатын жәбірленушілерді дұк жатқызуға болады.

Селқос жәбірленушілерді былайша бөлуге болады:

а) өзінің қызмет, кәсіби немесе қоғамдық міндеттерін орындау кезінде зиян келтірілген құрбан (кузетші, инкассатор, жасақ, полиция қызметкері және басқалар);

б) азаматтық борышын орындау кезінде зиян келтірілген құрбан (жәбір көріп жатқан адамға арашашы болу, қоғамға жат әректкө тоскауыл қою);

в) мінез-құлқы бола қалған өмір жағдайына қарсы тұра алмайтын құрбан;

г) қылмыстық басқыншылықты басуға қабілеті келмейтін, белгілі бір себептермен оны басуға құлқы жоқ құрбан;

д) алданғанғыш; байбаламыш құрбандар.

Әрине, жоғарыда келтірілген қылмыс құрбандарын виктимдік мәні бар мінез-құдықтары бойынша жіктеу шартты түрде ғана және жіктеудің өзге де негіздері мен жолдары жоқ деп айтуга болмайды.

Құрбан көп жағдайда өзінің мінез-құлқымен өзіне залал келтіретін жағдайдың мүмкіндігін қалыптастырады. Мұндай виктимогенді деп аталатын және криминогенді ахуалдың құрамадас бөлігі болып саналатын жағадайлар мыналардың нәтижесінде пайда болуы мүмкін:

- құрбанның құқықça қайши, этикага жатпайтын, арандатушы сипаттағы әрекеті;

- айналадагы жағдайға сын көзben қарауын төмендететін әрекеттер (алкогольге, есурткіге құмарлық);

- шығын келтірушіге қолайлы жағдай тұгызытын болғалы тұрган құрбанның абайсыздық мінез-құлқы;

- жәбірленушінің арандатушы әрекеті;

- болғалы тұрган құқық бұзушының қылмысқа деген көзқарасын өзгертетін болғалы тұрган жәбірленушінің әрекеті.

ТАҚЫРЫПТАРДЫ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

Криминология пәні, әдістері және жүйесі

Сұрақтары:

1. Криминология түсінігі мен зерттеу заты. Криминологияның басқа пәндермен арақатынасы. Криминологиядағы жаңа бағыттар.
2. Криминология жүйесі.
3. Криминологияның дамуының негізгі салындары.
4. Криминологиялық зерттеу әдістемесінің жалпы сипаттамасы.

Тапсырма: Игерілген материалдар негізінде отандық криминологияғылымына сипаттама беру керек, криминологияның тәжірибелі маңыздылығын айқындау.

Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:

Тапсырманы орындау барысында криминология туралы түсінік, осығының дағы пәннің негізгі элементтері, оның міндеттері, криминология жүйесінің пәнге тәуелділігі, криминология пәні мен қылмыстық құқық пәнін шегі, криминологияның басқа заңғылыдарымен және қолданбалы социологиямен, экономикағылымымен, статистикамен, психологиямен, педагогикамен, демографиямен және математикамен байланысын көрсету.

Қылмыстырылыштық және оның негізгі сипаттамалары

Сұрақтары:

1. Қылмыстырылыштық ұғымы.
2. Қылмыстырылыштың сандық және сапалық көрсеткіштері.
3. Қылмыстырылыш себебі теориясы.
4. Латентті қылмыстырылыш.

Тапсырма: Қылмыстырылыштық түсінігіне криминология әдебиеттерінде берілген аныктамаларға талдау жасап, оларды салыстырыныз.

Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:

Тапсырманы орындау барысында қылмыстырылыштың ұғымын, оның тарихи шартталған және өзгеретіндігін, әлеуметтік және қылмыстық-құқықтық сипатын, қылмыстырылыштың қылмыспен қарым қатынасын қарастыру.

Қылмыстырылыш себептері

Сұрақтары:

1. Қылмыстылықтың себептері мен шарттарының түсінігі.
2. Қылмыстылықтың себептері мен шарттарының жіктелуі.
3. Себептіліктің негізгі теориясы.

Тапсырма: Криминологиялық әдебиеттердегі қылмыстылықтың себептері мен шарттарына байланысты дискуссиялық мәселелерге талдау берініз.

Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсныым:

Тапсырманы орындау барысында қылмыстылық себебінің түсінігі, олардың әлеуметтік ортадағы ерекшелігі, құбылмалылығын, қылмыстылықтың ерекшеліктері мен басқа да әлеуметтік дерптің себептерін зерттең, әдістемелік сілтеме жасау, қылмыстылық себептерін анықтау қажет.

Қылмыскер тұлғасы

Сұрақтары:

1. Қылмыскер тұлғасының түсінігі.
2. Қылмыскер тұлғасындағы әлеуметтік және биологиялық бастамалар.
3. Қылмыскер тұлғасының криминологиялық сипаттамасы.
4. Қылмыскер тұлғасының жіктелуі.

Жоғарыда көрсетілген семинар сабагы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және аузынша нысанда дайындалу керек.

Тапсырма: Қылмыскер тұлғасының қылмыска баруының биологиялық себептіліктеріне баяндама жасаңыз.

Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсныым:

Тапсырманы орындау барысында қылмыскердің жеке тұлғасын оқып білу үшін білім алушылардың назарын әдістемелік негізге аудару, оның түсінігіне, қылмыскердің тұлғасы және қылмыс субъектісі ұғымдарының айырмашылығы, тұлғаның криминогендік ерекшеліктері, қылмыскер тұлғасының ерекшеліктері, оны оку деңгейлері зерделеу қажет.

Жәбірленуші тұлғасы.

Виктимологияның криминологиялық аспектілері

Сұрақтары:

1. Виктимология ұғымы. Криминология жүйесіндегі виктимологияның орны.
2. Накты криминалдық жағдайдағы жәбірленушінің рөлі.
3. Жәбірленушілерді топтастыру деңгейі мен жағдайы.

Жәбірленушілерді топтастыруды криминология ғылымында пайдалану.

Жоғарыда көрсөтілген семинар сабағы сұраптарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек.

Тапсырма: Пәтер және қалта ұрыларынан сактануға қандай викти-мологиялық ұсныстытар бере аласыз?

Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсныым:

Тапсырманы орындау барысында пәтер және қалта ұрыларының себептері мен шарттарына токтальыңыз. Пәтер және қалта ұрыларынан сактанудағы жәбірленушілердің ерекшеліктерін сипаттаңыз. Тәжірибелік қызметте виктимологиялық зерттеулер қорытындыларын қолдану нәтиже-лерін сараптаңыз.

Қылмыстырылтықты ескертудегі криминологиялық теорияның жалпы сипаты

Сұраптары:

1. Қылмыстырылтықтың алдын алу теориясы: қалыптасуы, заты және құрылымы.
2. Қылмыстырылтықтың алдын алу жүйесі.
3. Қылмыстырылтықтың алдын алу субъекттерін жіктеу.
4. Қылмыстырылтықтың алдын аладың құқықтық негіздері.

Жоғарыда көрсөтілген семинар сабағы сұраптарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек.

Тапсырма: Қылмыстырылтықтың алдын аладың міндесті мен қызметтің атаңыз және Қазақстан Республикасының 2010 жылы 29 сәуірде «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» №271-IV Занын зерделеп, оның құқық қорғау тәжірибесіндегі мәнін анықтаңыздар.

Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсныым:

Тапсырманы орындау барысында қылмыстырылтықты ескертудің ұғымын беру, ескертудің жүйесін айқындау; ескерту, жолын кесу, болдырмау, сақтандыру, профилактика терминдерінің ара жігін ашу керек.

Криминологиялық зерттеуді ұйымдастыру және оның әдістемесі

Сұраптары:

1. Қылмыстырылтықты зерттеу мақсаты, міндесттері мен әдістемелік негіздері.
2. Криминологиялық болжам жасау жүйесі, оның мақсаттары мен міндесттері.
3. Криминологиялық болжам жасауды ұйымдастырудың негізгі әдістері.

Жоғарыда көрсөтілген семинар сабағы сұрактарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек.

Тапсырма: Криминологиялық зерттеудің негізгі сатыларының мазмұнын ашыңыздар.

Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:

Тапсырманы орындау барысында келесідей мән-жайларға назар аудару керек: қылмыстырықты зерттеудің міндеттері, теориялық негіздері, криминологиялық акпаратқа койылатын негізгі талаптарын анықтау, криминологиялық зерттеуде колданылатын сырттан бақылау жүргізу әдісінің мазмұнын ашу, криминологиялық зерттеу жүргізудегі сұхбат және сауалнама жүргізу реті, олардың айырмашылығы.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

Жаттығу жұмыстарының мақсаты:

Тақырыпты терең оқып-білу және менгеру үшін келесідей сұрақтарды қарастыру ұсынылады: Криминология түсінігі. Криминология заты: қылмыстылық, оның себептері мен жасалу жағдайлары, қылмыскердің және басқа да құқық бұзушылар категориясының жеке тұлғалары; қылмыстылықты ескерту шаралары.

Заң ғылыми және оқыту пәні санатында криминология жүйесі. Криминологиялық оқыту және жеке теориялар, олардың криминология затымен байланысы. Криминология ғылымының функциялары. Қогамының жандануы және нарықтық қатынастар құру жағдайларында қылмыстылықпен құресуде криминологиялық білімдердің маңызы. ҚР ПМ оку орындарында криминологияны оқудың өзіне тән ерекшеліктері.

Криминологиялық білімдерді менгеру, қылмыстылықты зерттеу және ескерту үшін біліктілік қалыптастыру – құқық корғау органдарына кәсіби мамандар даярлаудың маңызды бағыттарының бірі.

Криминология әдістемелігі мен міндеттері. Криминология заты мен әдістерінің өзара байланысы. Философия криминологияның әдістемелік негізі, оның басты қагидаларын қылмыстылық себептері және оны ескерту жолдары мен құралдарын зерттеуде қолдану. Криминологияның жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістері. Қылмыстылық пен оған қарсы құрсақ мәселелерін әлеуметтік және заңдық түргыдан зерттеудің өзара байланыстылығы.

Қазіргі таңда қылмыстық саясатты жүзеге асыруда криминологияның рөлі. Ғылымдар жүйесінде криминологияның алатын орны. Криминологияның философия, экономика, демография, психология мен педагогика, статистика, әлеуметтік және басқару ғылымдарымен байланысы. Криминологияның қылмыстық, қылмыстық-атқару, қылмыстық-процессуалдық және әкімшілік құқықтарымен арақатынасы. Криминологияның криминалистикамен, жедел-іздестіру қызметтінің теориясы және тәжірибесімен және ҚР ПМ оку орындарында оқытылатын басқа да құқықтық пәндермен байланысы.

Қылмыстылық және оны залалсыздандыру мәселелерін өндөумен байланысты процестер мен құбылыстарды кешенді түрде сараптау – криминологияның қоғам дамуының казіргі кездегі маңызды міндеті.

КРИМИНОЛОГИЯ ПӘНІ, ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕСІ

1-жаттығу

Криминология – қылмыстылық, оның себептері мен құрбандары туралы, қылмыскердің жеке басы және қылмыстың алдын алу, сактандыру шаралары туралы ғылым.

Кескінді-талдау әдісін пайдалана отырып, криминологияның сыйбалық пәннің бейнелендер. Оның басты мақсатты элементтің айқындандар және өз тандауында негізде.

2-жаттығу

Криминология әлеуметтік-құқықтық пән болып саналады, ғылыми білімнің әртүрлі салаларымен, атап айтқанда: педагогикамен, қылмыстық құқықпен, қылмыстық-атқару құқығымен, әкімшілік құқығымен, психологиямен, социологиямен, сот медицинасымен, сот психиатриясымен, басқару теориясымен, қылмыстық іс жүргізу құқығымен, қылмыстық статистикамен тығыз байланысты.

Заң және қоғамдық ғылымдар жүйесіндегі криминологияның орнын кескін арқылы бейнелендер.

Криминологияның заңдық емес ғылымдармен байланысы неден көрінеді?

Ол қандай заң ғылымдарымен негұрлым тығыз байланысты және бұл неден көрінеді? Криминологияның міндеттерін атап көрсетіндер.

3-жаттығу

Криминология курсының мазмұны мен жүйесін сыйба түрінде (схема) бейнелендер. Криминологияның оқу курсы қанша бөлімге бөлінеді?

Оның әрбір бөлімі қандай проблемаларды қамтиды?

4-жаттығу

Криминологияның негізгі функцияларын атап өтіндер және сипаттама беріңдер.

Келешектегі қылмыстың өзгеру үрдістері мен заңдылықтарын зерттеп-үйрену кезінде оның жетекші рөлі қандай функция атқарады?

Криминология ғылымының әдістемелік негізі болып не саналады?

Білім алушылардың өзіндік дайындығына арналған сұрақтар:

1. Қылмыстылыкты зерттеуде криминологиялық түрғыдан келудің ерекшелігі неден тұрады?
2. Криминологияның әдістемелік негізі не болып табылады?

3. Криминология үшін философиялық заңдылықтар мен өлшемдер мәні қалай негізделеді?

4. Криминологияның жедел іздестіру қызметінің теориясы мен тәжірибесінің байланысы қалай танылады?

Рефераттар тақырыбы:

1. Криминология дегеніміз не?
2. Криминологиялық зерттеулерде қолданылатын әдістер.
3. Криминологияның заңдық емес ғылымдармен байланысы.

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАСЫ

Жаттығу жұмыстарының мақсаты:

Тақырыпты терең оқып-білу және менгеру үшін келесідей сұраптарды қарастыру ұсынылады: Қылмыстылық түсінігі. Оның негізгі белгілері, сипаты, тарихи байланысы мен өзгерушілігі. Қылмыстылық - әлеуметтік-құқықтық құбылыс. Оның қоғамдық қауіптілігі және салыстырмалы түрде бұқаралығы, жаппайлышы, көп болуы. Қылмыстылық – статистикалық жиынтық ретінде. Қылмыс және қылмыстылық, олардың арақатынасы.

Қылмыстылықтың санды және сапалы сипаттамасы. Қылмыстылықтың жай-күйі, деңгейі, күрүлымы. Қылмыстылық динамикасы және оған ықпал етуші факторлар.

Қазақстанның аумақтық-әкімшілктік жағдайына байланысты қылмыстылық географиясы.

Латентті қылмыстылық және оны бағалау әдістері. Жасырын қылмыстар және оларды тіркеу. Қылмыстылықтың көрсеткішін бағалауда жасырын қылмыстарды анықтаудың әдісі.

Қылмыстылықтың әлеуметтік салдары. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасында қылмыстылық сипаттамасы. Шетелдердегі қылмыстылық, оның негізгі көрсеткіштері және тенденциялары.

Білім алушылардың білімін бақылауға арналған жаттығулар:

1-жаттығу

Абай қаласында, жыл ішінде 1120 қылмыс тіркелді. Оның халқы 425000 адамды құрайды. Осы кезеңде Саран қаласында 1030 қылмыс тіркелді. Мұндағы халықтың саны 380000 адамды құрайды.

Әрбір қаладағы 1000 адамға (халыққа) есептегендегі қылмыс коэффициентін (денгейін) есептеп шығарындар, қалалардың қайсысында қылмыс жоғары?

2-жаттығу

Төменде келтірілген қылмыстардың қайсысы:

- 1) төмен латенттілік;
- 2) баяу;
- 3) орта;
- 4) жоғарыға жататынын атап көрсетіндер. Неге екенін түсіндіріндер.

Қылмыс түрлері: кісі өлтіру, үрлық, тонау, зорлау, су жануарларын және өсімдіктерді заңсыз алу, өндіру, заңсыз аңшылық, кәмелетке толмағандарды қылмыстық әрекетке тарту, алаяқтық, қоғамдық міндеттерді орындаудан жалтарушылық, баланы ауыстырып алу, балаларды және еңбекке қабілетсіз ата-аналарды ұстауға арналған қаражаттарды төлеуден қасақана жалтару, қылмыстық жолмен өндірілген мүлікті алу немесе еткізу.

Латенттік қылмыстық ашу әдістерін атап көрсетіндер.

Белгілі бір тұлға оған белгілі қылмыс туралы хабарламайтын жағдайтын криминогендік сипатын ашындар.

3-жаттығу

Қостанай облысында жыл ішінде 9320 қылмыс тіркелген. Оның халқы – 700 мың, оның ішінде 180 мың – он төрт жасқа дейінгі балалар. Көрші облыста сол кезең ішінде 8750 қылмыс тіркелді. Оның халқы 680 мың адамды құрайды, олардың ішінде 80 мыңы он төрт жасқа толмағандар.

Әрбір облыстағы халықтың қылмыс жасаушылық коэффициентін (денгейін) есептеп шығарындар, қылмыстың қай облыста жоғары екендігін анықтаңдар.

4-жаттығу

«Қылмыстың әлеуметтік зардабы» түсінігін тұжырымдаңдар.

Қылмыстық қоғамға қауіпті белгілерінің жиынын құрайтын зардалтардың әлеуметтік құрамы қандай?

Әлеуметтік проблемаларды шешудегі қылмыс зардалтарына әрекет ету бағыттары неден тұрады?

Білім алушылардың өзіндік дайындығына арналған сұрақтар:

1. Латентті қылмыстылық дегеніміз не, оның түрлері және теріс зардалттары?
2. «Қылмыстылықтың құны» дегеніміз не?
3. Сотталғандардың кай жасынан бастап қылмыстылықтың коэффиценті анықталады? Қылмыстық жауаптылық жасын қарамай қылмыстылық коэффицентін шығаруға бола ма?
4. 350 мың тұрғыны бар аймақта 14 жастан асқандары 85% құрайды, егер 2021 жылы сол аймақта 1800 қылмыс тіркелсе қылмыстылықтың коэффиценті қанша болатынын анықтаңыздар.

Рефераттар тақырыбы:

1. Қылмыстылық – тарихи өтпелі немесе мәңгілік құбылыс?
2. Қылмыстылық динамикасына занышгару факторларының, әлеуметтік және экономикалық детерминанттарының әсер ету сипаты.

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ СЕБЕПТЕРИ

Жаттығу жұмыстарының мақсаты:

Тақырыпты терең оқып-білу және менгеру үшін келесідей сұрақтарды қарастыру ұсынылады: Қылмыстылықтың себептерінің түсінігі. Қылмыстылықтың себептерін түсіндірудегі колданылатын себептілік теориясы. Қылмыстылықтың себептерінің таптық шарттары, өзгеруі және тарихи ауыспалы сипаты.

Криминологиялық детерминанттардың ұғымы. Қылмыстылықтың басқа да детерминанттары және себептері.

Шешуін қажет ететін түрлі әлеуметтік мәселелерді кеш қарастыратын түрлі институттардың қызыметіндегі кемшіліктер, шынайы әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың қылмыстылықпен байланысы.

Қылмыстылықтың себептері мен шарттарын сараплау және олардың критерилері. Қылмыстылықтың әлеуметтік себептері. Қылмыстылықтың объективтік және субъективтік себептері. Қылмыстылықтың себептері мен шарттары және оның сан алуан түрлері.

Нақты әлеуметтік жағдайдағы адамгершіліктік санада кемшіліктер мен оның қайнар көздері. Қазіргі заманғы экономикалық қатынастағы әлеуметтік айырмашылықтар мен қарама-қайшылықтар.

70-80 жылдардағы шет елдердегі пайда болған әлеуметтік бұзылу элементтерінің криминологиялық рөлі және қоғамның сол ерсі қылықтарға іштей қалыптасуы.

Маскүнемдіктің, есірткі заттардың таралуы, қылмыстылықтың өсуі адамгершіліктің төмен түсү көрсеткіші.

Қылмыстық жолға түсуге ықпал ететін ерсі көзқарастар қалыптастыратын азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне мемлекет органының қызметіндегі, лауазымды тұлғалардың немікрайды-бюрократтық, тәрбие қызметінің кемшіліктер.

Экономиканы басқарудагы, мәдени құрылыштарды ұйымдастырудагы кемшіліктер және оның криминогендік мәні.

Қылмыстылықпен күресу бойынша құқық қорғау органдары қызметіндегі кемшіліктер. Жаңарған қоғамдағы және нарықтық қатынастың құрылутындағы қылмыстылықтың өсуі мен даму қарқыны.

Білім алушылардың білімін бақылауға арналған жаттығулар:

1-жаттығу

Сіздің пікіріңіз бойынша: жұмыссыздық бағаны ырықтандыру, экономикалық санадағы өзгерістер (материалдық әл-ауқатқа, жеке бастамаға бағдарлану), өндіріс көлемінің күрт төмендеуі, «төлемеушілік дағдарыс», әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландырудың төмендеуі, инфляцияның жоғары қарқыны сияқты келесідей әлеуметтік процестер мен факторлардың қылмыска әсер ету механизмдері қандай?

2-жаттығу

а) әрекет ету деңгейі;
б) мазмұны;
в) табигаты бойынша қылмыстың себептері мен жағдайын жіктендер.

Жіктеудің өзіндік нұскасын ұсынындар.

3-жаттығу

Келесідей теориялар:

а) «классикалық мектеп» (Ч.Беккария, И.Бектам);
б) биологиялық, социобиологиялық және психологиялық бағыттар (Ч.Ломброзо, Э.Ферри және басқалар), қазіргі биокриминология (Рей Джейфри);
в) социология теориялары бойынша қылмыс себептері мен жағдайларын түсіндірудің артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстырындар.

Білім алушылардың өзіндік дайындығына арналған сұрақтар:

1. Кылмыстылықтың «себебі» мен «шарты» үғымының ара-жігі қандай? Олардың әрекеттестіктері қалай туындауды?

2. Кылмыстылықтың себебі мен шартын анықтауда деңгейлік тұрғыдан келуге сипаттама беріңіз.

3. Кылмыстылықтың себебі мен шартын мазмұны бойынша жіктеңіз және мысалдар көлтіріңіз.

4. Кылмыстылықтың себебі мен шартын түсіндіруде келесі теориялардың артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстырыңыз:

а) «классикалық мектеп» (Ч.Беккариа, Дж. Бентам); классикалық емес теориялар;

б) биологиялық, социобиологиялық және психологиялық бағыттар (Ч.Ломброзо, Э. Ферри, Э. Хутон және т.б.);

в) социологиялық (Р. Мертон және т.б.)

Рефераттар тақырыбы:

1. Кылмыстылықтың себебі мен шартын анықтаудың ғылыми және тәжірибелік мәні.

2. Заманауи қылмыстылықтың туындауына жағдай жасаушы әлеуметтік қарым-қатынас.

ҚЫЛМЫСКЕРДІҢ ТҮЛГАСЫ

Жаттығу жұмыстарының маңыздылығы:

Тақырыпты терең оқып-білу және менгеру үшін келесідей сұрақтарды қарастыру ұсынылады: Қылмыскердің жеке түлғасы түсінігі. Қылмыскердің жеке түлғасының әлеуметтік және құқықтық сипаттамасы. Қылмыскердің жеке түлғасы және аралас үғымдар.

Қылмыскердің жеке түлғасында әлеуметтік және биологиялық қасиеттердің арақатынасы. Қылмыскердің жеке түлғасы мен әлеуметтік орта. Жеке түлғаны әлеуметтендірудің маңызы мен рөлі. Қоғамға қарсы көзқарас және түсініктерді жеке түлғаның менгеру механизмі.

Қылмыскердің жеке түлғасы сипаттамасының негізгі белгілері. Әлеуметтік-демографиялық, қылмыстық-құқықтық белгілер, әлеуметтік мәртебе және рухани-психологиялық қасиеттер. Қылмыскердің жеке түлғасын құрайтын белгілер жиынтығы.

Қылмыскер жеке түлғасының кейіптері және саралануы. Қылмыскерлерді саралау нышандары және оның криминологиялық ескерту үшін маңызы. Қылмыскер жеке түлғасының негізгі кейіптерінің криминологиялық сипаттамасы.

Құқық қорғау органдарының жедел-іздестіру қызметінде қылмыскер жеке тұлғасын зерттеудің негізгі бағыттары, көлемі мен тәсілдері.

Білім алушылардың білімін бақылауға арналған жаттығулар:

1-жаттығу

Жалпы жеке адам және жекелей алғанда қылмыскердің жеке басы түсінігін анықтандар. Осы түсініктер арасындағы өзгешелікті қандай өлшемдер (белгілер) бойынша жүргізген дұрыс?

2-жаттығу

Қылмыскердің жеке басы құрылымы дегенді түсіндіріндер. Оның элементтерін құрайтын сипаттамаларды атап өтіндер.

3-жаттығу

Қоғамға қауіптілігі, оның көрініс берушілігі мен белсенділік дәрежесі бойынша қылмыскердің жеке басының жіктеуін беріңіз.

4-жаттығу

Егіздердің келісілген немесе келісілмеген мінез-құлықтары, тұқым қуалаушылық, организм конституциясы, хромосомы акомапиясы және т.б.с. сияқты жеке бастық осындағы сипаттамаларын заң бұзушылар мен заң тыңдайтын халық арасындағы өзгешеліктерін іздеу үшін зерттеп үйренудің маңызы бар ма, соны түсіндіріндер.

Тұқым қуалаушылыққа басым түрде жеке бастың қандай қасиеттері қатысты болады, тәрбиенің әлеуметтік жағдайларына жеке бастың қандай қажеттері қатысты болады, атап көрсетіндер. Көрсетілген қасиеттерге тұқым қуалаушылықтың қатыстылығын түсіндіру үшін, егіздердің қандай жұбын салыстыру керек?

5-жаттығу

Тәменде келтірілген тізімдерден жеке адамның қандай белгілері мен қасиеттері, аталмыш адамның қылмыс жасауға потенциалды дайындығы бар екендігін растай алады, соны атап көрсетіндер:

- жоғары қозушылық, ұшқалактық; сергек көңіл-күй, эмоционалды әлсіз қызушылық; желігүшілік жағдай; өзіне сенімсіздік; сәтсіздіктер кезінде өзінің есесін басушылық, төзімділік; анық сөйлемеушілік; салақтық, менмендік; сарандық; ұжымшылдық, өтірік айтушылық; қаталдық; мәдениетсіздік; интеллектуалдық.

6-жаттығу

Нақты қылмыстық іс бойынша қылмыскердің жеке басы қандай шекке дейін зерттелетіндігін түсіндіріндер. Олар қандай нормалармен регламенттеледі?

Қылмысқа криминологиялық зерттеулер жүргізу кезінде ақты қылмыстық іс бойынша қылмыскердің жеке басын зерттеудің шегі ажыратыла ма?

Білім алушылардың өзіндік дайындығына арналған сұрақтар:

1. Қылмыскердің жеке тұлғалық ерекшелігі қандай, оның негізгі белгілері?
2. Қылмыстық мінезд-құлықтағы детерминациясында жеке бастың қандай ерекшелігі бастаның рөл атқаратынын анықтаңыз.
3. Қылмыскердің жеке тұлғасындағы әлеуметтік және биологиялық қатынасты ара-жігі, қылмыс жасауда осы факторлардың қайсысы көбірек әсер етеді?
4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Жарлығын зерделеп, криминология гылымының одан әрі дамуының негізгі бағыттарын анықтаңыздар.

Рефераттар тақырыбы:

1. Қылмыстық заңнама үшін қылмыскердің жеке тұлғасын криминологиялық сипаттаудың мәні.
2. Жазаны жекелеуде қылмыскердің жеке тұлғасын криминологиялық зерттеудің мәні.
3. Жаза өтеп шыққан адамдарды криминогендік субъекті ретінде қылмыскердің жеке тұлғасын криминологиялық сипаттаудың мәні.

НАҚТЫ ҚЫЛМЫС СЕБЕПТЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ

Жаттығу жұмыстарының мақсаты:

Тақырыпты терең оқып-білу және менгеру үшін келесідей сұрақтарды қарастыру ұсынылады: Нақты бір қылмыс себептері және жасалу жағдайлары түсінігі. Олардың қылмыстылықтың жалпы себептерімен өзара қарым-қатынасы. Нақты бір қылмыс жасаудың әлеуметтік-психологиялық механизмі. Қоғамға карсы әдettену және

көзқарастар қажеттілігі, мүдделері, себеп-салдар және мақсаттарының жеке мінез-құлық генезисіндегі рөлі. Олардың жеке тұлғаның рухани қалыптасуы және нақты бір қылмыс жасалу жағдайымен байланысы.

Қылмыс – жеке тұлғаның өзіндік қасиеттері және нақты бір өмірлік жағдайдың өзара қатынасының нәтижесі. Нақты бір өмірлік жағдай түсінігі, оның қылмыс жасаудағы түрлері мен рөлі. Жағдайдың обьективтік мазмұны мен субъективтік маңызы. Қылмыскердің әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерінің жағдайды қабылдауга ықпалы әрі оның сондагы мінез-құлқы. Қылмыс жасауга себеп және оның криминологиялық мағынасы.

Нақты бір қылмыс жасауга себеп болатын жағдайлар: үйымдастыру-басқарушылық, шаруашылық және құқық қорғау қызметінің олқылықтары.

Жәбірленушінің криминогендік жағдайдың пайда болуындағы рөлі.

Білім алушылардың білімін бақылауға арналған жаттыгулар:

1-жаттығу

Нақты қылмыс жасаудың психологиялық механизмінің негізгі құрылымдық элементтерін атаңдар.

Жеке қылмыстық мінез-құлық механизмінде оларды қанағаттандырудың тұлға таңдал алған тәсілі мен қажеттіліктерінің рөлі қандай?

2-жаттығу

Нақты қылмыс жасау мен қылмыстың өмір сүруінің себептері мен жағдайларының бірдейлестірілуі мүмкін бе?

3-жаттығу

К.Е.Ағабаев, 44 жаста, таукен-шахты жабдықтары зауытының инженері, ұжымда беделді және құрметке ие, жақсы отбасы, үш баласының тәрбиесіне көп көніл бөлінген.

Күндердің бірінде ол үйіне телефон шалып, ертерек келетінін және олар балалармен бірге циркке бара алатынын эйеліне хабарлады. Сол күн жаңбыр қатты жауып тұрған, тұманның болуына байланысты жолдың көрінуі шектеулі болатын. Машинаны (12 жылдан асады) жүргізу degi өзінің үлкен тәжірибесін ескере отырып және берген уәдесін орындағысы келген Алтынбаев машинаны сағатына 80-90 км. жылдамдықпен жүргізді. Бұрылыштардың бірінде алда жүріп келе жатқан «Волга» машинасының жүргізуішісі күтпеген жерден тежегішті басып және бұрылу сигналын

қосусыз солға бұрылуға дайындалды. Машиналар арасындағы қашықтық ете жақын болатын, Алтынбаев «Волгамен» соғысуды болдырмау үшін күрт төжеліп, машинаны оң жакка қарай алды. Бірақта, жолдың тайғақтығы машинаны бірден алып кетіп, оны тоқтату мүмкін болмады және жол шетімен келе жатқан адамды оң жақ бүйірі қағып кетті.

Абайсызда жасалған қылмысқа ықпал ететін себептері мен жағдайларға сипаттама беріндер және жеке адам мен ахуал ролін сипаттандар.

4-жаттығу

Төменде келтірілген Орловтың ісі бойынша анықтамамен танысындар және келесі тапсырмаларды орындаңдар:

1. Орлов өмірінің қандай жағдайы оның адамгершілігінің қалыптасуына қолайсыз әсер етуі мүмкін екендігін атап көрсетіндер.

2. Орлов жасаған қылмыстық ахуалға криминологиялық сипаттама беру: алғашки ұрлық, қаракшылық шабуыл, билік өкілдеріне қатысты күш қолдану. Осы қылмыстардың әрбірінің жасалуындағы Орловтың жеке басының қасиеттері мен ахуалдың рөлі қандай екендігін анықтандар.

3. Орловпен жеке алдын-алу жұмыстарын жүргізу кезінде оның жеке басы мен оның өміrbаянының қандай жағымды жақтары және ерекшеліктеріне сүйенуге болады?

Орлов, масаң жағдайда үйіне қарай бет алды. Дүңгіршектің жанынан өтіп бара жатып, полиция қызметкері Ноғайбаевтың бұзақылық әрекет жасаған Мукинді ұстaugа ұмтылғанын көрді. Орлов болған оқиғаны бақылап тұрған азаматтардың тобына келіп, солардың бірінің: «Көмектесу керек» деген сөзін естіп қалды. Ол полиция қызметкерінің аяғынан теуіп, оның денсаулығына орта дәрежелі зақым келтіріп, оған бірнеше соққы жасады, Мукинді өзімен бірге ілестиріп, қаша жөнелді. Белсенді карсылық көрсетулеріне қарамастан, оларды құып жетіп, үлгерген патрульдік постыдағы қызметкерлер кінәлілерді ұстады. Оқиғаны көзben көргендер мен қатысушылар арасында Орловтың таныстары болған жоқ. «Көмектесу керек» деп айтқан азаматтың кім екендігі анықталып, ол бұзақыны ұстau кезінде полиция қызметкері Ноғайбаевқа көмек көрсетудің қажеттілігін айтқанмын деп түсіндіреді. Бұл түсініктеме шынайы деп танылып, атальмыш азаматқа қатысты қылмыстық кудалау тоқтатылды.

Орловтың жасы 37-де. Білімі 8 сынып, мамандығы, КСК-да сантехник болып жұмыс істейді, бойдақ. Бұрын екі рет сотты болған: ұрлық үшін және қаракшылық шабуыл үшін. Ата-аналары арасында тұрақты ұрыс-керіс және төбелес болатын үйінен кетіп қалғаннан кейін, ол қылмысты 17 жасында жасады. Әкесі – мүгедек, айықпас маскунем, анасы азғындық өмір салтын серік етіп, қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін

жауапкершілікке тартылған. Үйінен кеткеннен кейін Орлов, қылмыстық жауапкершілікке тартылған тәжірибелі бұзықтардың ортасына түскен. Оның шынайы мойындауы бойынша б үрлікқа қатысқан, бірақта олардың біреуі үшін ғана жазаланған. Колонияда өзі жасаған басқа қылмыстар туралы да ашық айғақ берді. Өзінің қылықтарын түсіндіре келіп, былай деп мәлімдеді: «Отряд бастығы ашық, шын жанымен ауыратын және ұқыпты адам және әділ болды. Сондықтан да оның алдында ештемені бүтіп қалуга болмайтын».

Колониядағы мінездемесі жақсы. Жазасын өтеп үйге қайтқан соң «адал өмір сүргісі келген», бірақ та үйге оралғаннан соң «барлығы бұрынғыша, тіпті одан жаман болды». Танысының үйінде тұрды, одан соң көнілдесінің үйінде болды. КСК-ға сантехник болып жұмысқа орналасты.

Орлов жузу бассейніне, ипподромға барып жүрді, теледидар бағдарламаларын көрді, негізінен спорттық, сондай-ақ «Саяхатшылар клубы» қызықтырыды. Спирттік ішімдіктер ішкен жок, қоғамға жат мінездемесінің үлкен құлқы бар адамдардан бойын аулақ ұсталды.

Орловтың ескі танысы Сычевпен басының қосылып қалуы, оны есірткілер тұтынуға тартты. Орлов осы жағдайды былай түсіндіреді: «Алғашқы бетте шегіп көрсем деген қызығушылық қана болды, содан соң білімсіз оған қалай үйір болып кеткенін байқамай қалды».

Содан көп уақыт өтпей Орлов пен Сычев қарақшылық шабуыл үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Жазасын өтеуге кетіп бара жатып Орлов өзін тәртіпті қасақана бұзушы ретінде көрсетті: жұмыс істеуден бас тартты, есірткілер қолданды, карта ойнады, әкімшілік талаптарына бағынбады, оның өкілдеріне қатысты ашу шақыруышылық көрсетті.

Бас бостандығынан айырылудан босап шықкан ол, тиісті емделуден соң есірткі қолдануын тоқтатты. Бұрынғы көнілдесімен бірге тұрған өмірін қайта қалпына келтіруге тырысты, бірақ та көнілдесі одан бас тартты. Қоғамға жат өмір салтын серік еткен анасымен бірге тұрды, бұл кезде әкесі қайтыс болған. Бос уақытын негізінен, қоғамға жат өмір салтын серік еткен, бұрын сottalған және өзге де адамдармен, солардың ортасымен бірге өткізді. Спирттік ішімдіктер ішті. Колониядан босап шыққаннан соңғы қылмыс жасағанға дейін еткен уақытта (5 ай) полиция участекілік инспекторы Орловпен 2 рет әңгімелесу өткізді (бірі – тіркеу туралы мәселені шешу кезінде, екіншісі – ұсақ бұзықтығы үшін тұтқыннан босаған соң). Басқадай алдын алу шаралары Орловпен жүргізілген жоқ.

Ғылыми қызметкерлермен әңгімелесу кезінде Орлов, «өзін «жоғалған» адаммын, өмірден ешқандай болашағым бар екенин көрмеймін. Ата-аналарыма, көнілдесіме, полиция қызметкерлеріне ашулымын» - деп мәлімдеді.

5-жаттығу

Жеке адамның адамның адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына әсерін тигізетін әлеуметтік микро ортаның түрлерін атаңдар.

Отбасынан тыс айналадағы тұрмыстың жеке бастың адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың жағымсызы әсері нeden тұрады?

6-жаттығу

Криминогендік ахуалдардың түрлерін атаңдар:

- а) пайда болу көзі бойынша;
- б) мазмұны бойынша;
- в) кінәліге әсер ету сипаты бойынша.

Осы ахуал түрлері қандай роль атқарады?

Білім алушылардың өзіндік дайындығына арналған сұрақтар:

1. Накты бір қылмыстың себебі мен шарттарына түсініктеме берініз және олардың жалпы қылмыстылық себептерімен арақатынасын көрсетіңіз.

2. Жеке қылмыстық әрекет механизмінде қажеттілік және оны тұлғаның таңдау алған қанағаттандыру тәсілінің рөлі қандай?

3. Жануядан тыскары жердегі қоршаган органдың тұлғаның рухани қалыптасуына тигізетін кері ықпалы неде? Осыған байланысты түрлі ресми емес ұйымдар қызметінің теріс жақтарын Сіз қалай бағалар едініз?

4. Қылмыс жасау ситуациясы-жағдайы деген не және оның жеке қылмыстық әрекет механизміндегі рөлі қандай?

5. Виктимологиялық жағдайлар деген не және олардың құқық қорғау органдары қылмыстылықтың алдын алу шараларын жүргізудегі маңызы?

Рефераттар тақырыбы:

1. Накты бір қылмыстың себебі мен шарттарын анықтау ішкі істер органдарының қызметіндегі тәжірибелік мәні.

2. Накты бір өмірлік жағдайдың накты бір қылмыс жасаудағы рөлі.

3. Қылмыс жасауга себеп және оның криминологиялық мағынасы.

ЖӘБІРЛЕНУШІНІЦ ТҰЛҒАСЫ. ВИКТИМОЛОГИЯНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Жаттығу жұмыстарының мақсаты:

Такырыпты терең оқып-білу және менгеру үшін келесідей сұрақтарды қарастыру ұсынылады:

Виктимология түсінігі және оның негізгі баптары. Виктимологиялық терминдер: виктимдік, виктимизациялау, жәбірленуші, виктимгендік факторлар, потенциалды, латентті және қаныпезерлік жапа шегуші.

Виктимология ойларының көздері: құқықтық танымдар, әдеби шығармалар, адам тәжірибесі. Виктимологияның ғылыми бағыт ретінде пайда болуы. Жәбірленушінің жеке тұлғасы мен мінезд-құлқын зерттеудің құқықтық негіздері.

Виктимологиялық зерттеулердің басты бағыттары және оның криминологияда ғылыми бағыт ретінде қылыштанасу жолдары.

«Қылмыскер-жапа шегуші» байланысы. Жәбірленушінің жеке тұлғасы мен мінезд-құлқын зерттеу, виктимдік пен виктимизациялау - виктимологияның негізгі функциясы. Жәбірленушінің криминогендік жағдайдағы пайда болуындағы рөлі. Жәбірленушілерді саралау.

Тәжірибелік қызыметте виктимологиялық зерттеулер қорытындыларын қолдану.

Білім алушылардың білімін бақылауға арналған жаттыгулар:

1-жаттығу

Ресми мәліметтер бойынша тапсырыспен адам өлтірудің күрбандары:

- кәсіпкерлер болды - 32%,
- билік органдарының басшылары болды - 4%,
- қызыметтік міндетті қаржыны бөлумен, оның айналымына бақылау жасаумен байланысты болды - 9%,
 - қылмыстық топтардың үйымдастыруышылары немесе оның мүшелері болды - 37%,
 - мемлекеттік билік органдарының әр түрлі деңгейдегі саясаткерлері, журналистері, қоғамдық немесе діни үйымдар мен бірлестіктердің жетекшілері болды - 4%.

Виктимділіктің жоғарыдай әркелкі бөлінуі қандай жағдаймен түсіндіріледі.

2-жаттығу

Адамдардың қауіпсіздігіне байланысты виктимология келесідей факторларға бөлінеді:

- ақпараттық;
- ұйымдастырушылық;
- психологиялық;
- психофизиологиялық;
- адамгершілік;
- идеологиялық;
- мәртебелілік;
- материалдық.

Әрбір фактордың мәнін ашыныз.

3-жаттығу

Виктимділікті қалай азайту жөнінде ұсыныстар дайындаңыз.

Білім алушылардың өзіндік дайындығына ариалған сұрақтар:

1. Жәбірленуші мен қылмыскер арасындағы қатынастың жалпы сипаттамасы, олардың өзара байланысы.
2. Виктимділікті жіктеңіз.
3. Криминологиядағы виктимділікті ескертудің міндеттері.

Рефераттар тақырыбы:

1. Қылмыс болған нақты өмірлік жағдайдағы адам және құрбаннаның мінез-құлқы.
2. Адамның және жәбірленуші мінез-құлқының жасырын қылмыстырылған байланысы.
3. Жәбірленушінің криминогендік жағдайдың пайда болуындағы рөлі.

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ

ЕСКЕРТУДЕГІ

Жаттығу жұмыстарының мақсаты:

Тақырыпты терең оқып-білу және менгеру үшін келесідей сұрақтарды қарастыру ұсынылады:

Қылмыстырылышты ескерту, оның алдын алу теориясы түсінігі. Қылмыстырылышты ескертудің криминологиялық теориясы затының

мазмұны. Қоғамның жаңару және құқықтық мемлекет құру жағдайларында қылмыстырылғыты ескерту ролінің артуы. Экономика және әлеуметтік саясат салаларында, қоғамның рухани өмірінде сапалы оң өзгерістердің болуы – құқық бұзушылық пен қылмыстырылғыты ескертудің, әлеуметтік өмірдің барлық саласында тәртіпті нығайтудың түп тамыры.

Құқық бұзушылық пен қылмыстырылғыты ескерту - әлеуметтік процестерді реттеу саласына тән нысан. Қылмыстырылғыты ескерту деңгейлері. Қылмыстырылғытың алдын алудың арнайы криминологиялық деңгейінде оның себептері мен жасалу жағдайларын анықтау. Қылмыстарды жеке дара ескерту. Қоғамға қарсы мінез-құлық танытушылықтың түрлі кезеңдеріндегі алдын алу қызметінің ерекшеліктері.

Құқық бұзушылық пен қылмыстырылғыты ескертудің негізгі принциптері: демократизм, гуманизм, заңдылық, ғылыми негіз, шындылық, кешенді жолдар және жіктең-сарапалау.

Құқық бұзушылық пен қылмыстырылғыты ескертудің елімізде құқықтық реформаның Мемлекеттік бағдарламасына сай /12.02.94ж./ негізгі жүйелі шаралары. Құқық бұзушылық пен қылмыстырылғыты ескерту шаралары, оларды сипаттамасы, колдану көлемі мен ауқымы бойынша, ықпал ету объектісі және ескерту қызметінің субъектілері бойынша саралау.

Алдын алу қызметі субъектілерінің жүйесі, олардың ескерту қызметтерінің мазмұны, міндеттері мен функциялары.

Құқық бұзушылық пен қылмыстырылғыты ескерту, оларды тудыруышы себептерді болдырмау – құқық қорғау органдарының аса маңызды функциясы. Құқық қорғау органдарының құқық бұзушылық пен қылмыстырылғыты ескерту қызметінің объектілері және кешенді сипаттамасы. Олардың әртүрлі әлеуметтік өмір салаларындағы мәні.

Құқық қорғау органдарының ескерту қызметінің міндеттері мен негізгі бағыттары. Олардың өзара және басқа да криминологиялық ескерту қызметі субъектілерімен әрекеттестігі.

Құқық қорғау органдарының қылмыстырылғыты ескерту бойынша бұқаралық ақпарат күралдарымен әрекеттестігі, құқық бұзушылықпен күрес мәселелері туралы қоғамдық пікірді зерттеу, қалыптастыру және пайдалану.

Білім алушылардың білімін бақылауға арналған жаттыгулар:

1-жаттығу

Қылмыстың алдын алу түсінігі мен жүйесін айқындаңдар.

Қылмыстың алдын алудың негізгі принциптерін атаңдар және олардың әрбірінің мазмұнын ашындар.

2-жаттығу

Төменде көлтірілген анықтаманы назар салып зерттеп, алдын алу қызметінің түсінігін олардың қайсысы толық ашатындығын атап көрсетіңдер:

1. Сотталғандарды түзету, оларға сол сияқты өзге тұлғаларға әсер ету.

2. Қоғамға қарсы қызмет жолына түсүі мүмкін тұлғаларды анықтау.

3. Қылмысты толық және тез ашу, заңды дұрыс қолдануды қамтамасыз ету, сол арқылы әрбір қылмыс жасаушыны әділ жазаға тарту және бірде бір кінәсіз адам қылмыстық жауапкершілікке тартылып, сотталмауы тиіс.

4. Халықтың материалдық әл-ауқатын, мәдениет деңгейін және санаасын көтеру.

5. Қылмысты ауыздықтау және қылмысқа ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мақсатында билік және басқару органдарының, құқық қорғау органдарының, қоғамдық ұйымдар мен жекелеген азаматтардың жүргізетін шараларының жиынтығы.

6. Қылмыспен құрес мақсатында ішкі істер органдары жүргізетін шаралар кешені.

3-жаттығу

«Ескерту», «жолын киу», «тойтарыс беру» және «профилактика» терминдерінің ара жігін ашындар.

Қылмыстан сақтандыру түрлерін атандар және олардың мазмұнын ашындар.

4-жаттығу

Октябрь полиция бөліміне Р.Н.Юсиповадан, оның көршісі А.С.Мухин, 1982 жылы туған, бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған, соңғы 6 ай ішінде спирттік ішімдік ішіп, ұзак уақыт бойы жұмыс істемейтіндігі туралы арыз түсті. Ишіп алған ол, сағат 20.00-дің шамасында баспалдақпен шығатын алаңда көрініс берді, бұл жерде көршілері – Р.Н.Юсупова мен М.Е.Носова тұрған болатын. Юсупованың жасаған ескертпесіне А.С.Мухин балағат сөзбен жауап беріп, кетіп қалды.

Қоғамдық тәртіпті бұзу фактісін тексеру кезінде Мухиннің балағаттағаны расталды. Осы ретте ол мұны былайша түсіндірді: сол күні кеште танысымен кафеде «артық ішіп қойып», сол жерден бірден үйге келіп, жатып, ұйықтап қалды. Біршама уақыт өткеннен кейін бөлмесінен

шығып, әжетханаға барды, қателесіп сыртқа шығатын есікті ашты, одан арғысының барлығын қатты мас болғандықтан білмейді. Ол өзінің кінәсін мойындағы және Юсупова мен Носовадан кешірім сұрады. Одан өзге, Мухин, үш айдан бері еш жерде жұмыс істемейді, оның алдында слесарь болып жұмыс істеген болат құю зауытынан штаттың қысқаруы бойынша жұмыстан шыққандығын түсіндіреді.

Материалдың анығына жеткен соң полиция участекелік инспекторы Мухиннен келесідей тәртіpte қолхат алды: «Мен, азамат А.С.Мухин, енді қайтып қоғамдық тәртіпті бұзбауга және қоғамдағы тәртіп ережелерін сактауға, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті бұзушылықпен құресте полицияға белсенді көмектесемін деп міндеттенемін».

Оның занға сәйкес келушілігі және ведомстволық нормативтік актілер талаптарына сәйкестігі көзқарасы түргысынан участекелік инспектордың әрекетіне талдау жасандар.

Участекелік инспектор А.С.Мухинге қандай шара қолдануы қажет.

5-жаттығу

Соңғы 4 жылда кәсіптік-техникалық мектеп оқушылары 12 қылмыс жасады. Олардың ішінде: төрт оқушының 6 пәтер тонаушылығы; үш оқушының – 3 бұзақылық жасауы; үш оқушының – автомобильді зансыз иеленгені және кәмелетке толмағанды топ болып зорлауы бар.

Одан өзге, төрт оқушы ұсақ бұзақылық жасады, екеуі – қолдан жасалған көлік күралдарын зансыз жасаумен және пайдаланумен айналысты.

Екі оқушының есірткілік құралдарды алу және бір рет қолданғандағы фактісі анықталған. Оқушылардың спирттік ішімдіктерді бірнеше рет ішкендігі белгілі болған.

Қызмет көрсететін аумақта медициналық және заң институты, механикалық және автомобиль-құрылым зауыты бар.

Кәсіптік техникалық мектептің (КТМ) директоры, оқушылар арасында тәрбие алдын-алу жұмыстарын, оның ішінде лекция циклдерін өткізу және моральдық-құқықтық тақырыптарға өзге де тәрбиелік шараптар өткізуде көмек көрсетуді сұрап аудандық полиция бөліміне өтініш жасады.

Кәсіптік техникалық мектептің (КТМ) оқушыларымен лекция циклдарын үйімдастыру және өзге де тәрбиелік шараптарды үйімдастыру кезінде, осы жұмыстарға қатысатын тұлғалар шенбері анықталуы тиіс жағдайлар айқындалуы қажет. Кәсіптік техникалық мектептің (КТМ) оқушыларымен жүргізілетін әңгімелер мен лекциялардың тақырыптарын әзірлеңдер.

Білім алушылардың өзіндік дайындығына арналған сұрақтар:

1. Кылмыстылықтың алдын алу анықтамасын беріңіз.
2. Кылмыстылықтың алдын алудың негізгі қағидаларын атаңыз, ерқайсысының мазмұнын қысқаша ашыңыз.
3. Кылмыстарды «ескертү», «алдын алу», «сақтандыру», «болдырмау», «жолын кесу» ұғымдарының қатыстылығы қандай?
4. Кылмыстылықтың алдын алудың түрлерін ашыңыз.
5. Кылмыстылықты ескертудің шаралар жүйесін ашыңыз.
6. Қазақстан Республикасының 2010 жылы 29 сәуірде «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» №271-IV Заңын зерделеп, оның құқық қорғау тәжірибесіндегі мәнін анықтаңыздар.

Рефераттар тақырыбы:

1. Ишкі істер органдарымен жүзеге асырылған кылмыстылық пен қылмыстың ерекшелігі неден тұрады?
2. Кылмыстылықтың алдын алудың міндеті мен қызметі.
3. Кылмыстылықтың алдын алудың жеке субъектілері, мақсаты мен мазмұны.

КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕСІ

Жаттығу жұмыстарының мақсаты:

Тақырыпты терең оқып-білу және менгеру үшін келесідей сұрақтарды қарастыру ұсынылады:

Криминологиялық зерттеудің міндеттері мен объектісі. Қылмыстылықты зерттеу – оны алдын алудың тиімді және ғылыми негізделген қажетті шарты. Қылмыстылықты зерттеудің теориялық негіздері және оның себептері мен қылмыскердің жеке тұлғасы. Түрлі деңгейде құқық қорғау органдарының құқық бұзушылықтар мен қылмыстылықты зерттеулері.

Криминологиялық ақпараттардың түсінігі, оған қойылатын негізгі талаптары: толықтығы, нақтылылы, уақытылы. Криминологиялық ақпараттардың кайнар көздері және олардың жалпы сипаттамасы.

Криминологиялық зерттеулерде қолданылатын әдістер: сұрау жүргізу, сұхбат алу, сұрау-сауал жүргізу, қылмыстық істер материалдарымен және басқа да құжаттармен танысу, сыртынан бақылау, тәжірибе жүргізу және т.б.

Криминологиялық зерттеулерді ұйымдастыру. Жоспар – зерттеудің бағдарламасы. Зерттеудің дайындық кезеңі. Эмпирикалық ақпараттарды жинау және талдау. Талдаудың қорытындылары, оларды қылмыстырыпен күресуде тәжірибеде колдану. Қылмыстырықты саралау әдісін игеру – жедел-қызметтің тиімділігін арттырудың қажетті шарты.

Білім алушылардың білімін бақылауға ариалған жаттыгулар:

1-жаттығу

Криминологиялық зерттеу кезеңдерін логикалық жалғастықпен баяндаулар және оның мазмұнын ашындар.

Криминологиялық ақпарат қандай негізгі талаптарға жауап беруі тиіс?

2-жаттығу

Келтірілген белгілердің қайсысы сауалнама жүргізуге тән, ал қайсысы сұхбат жүргізуге тән:

- а) авторсыз (кол қойылмаушылық);
- б) сырттан айтудың мүмкіндігі;
- г) уақыт пен құралдарды аз жұмсау;
- д) жауаптан бас арту ықтималдығы

3-жаттығу

Жеке обьектіде құқық бұзушылықты зерттеу.

Қала шахталарының бірінде еңбек тәртібінің жағдайы мен бұзакылық көріністермен күресті зерттеу керек деп шешілді. Бұл үшін зерттеушілер бригадасын құру қажет болды. Сіздің пікіріңіз бойынша, бригада мүшелерінің әрбірі орындау қажет болатын, бұзакылықпен күрес жағдайы мен тәжірибесін зерттеу міндеттері алға қойылған болса, оның құрамына қандай мамандар кіруі тиіс?

Бригада өзінің зерттеуін «Қарағанды көмір» бірлестігі бойынша тұластай деректер жинаудан бастады, ол үшін төменгі тармақтардан тұратын жоспар жасалған болатын. Олар дәл тұжырымдалды ма, бұзакылықты зерттеу мақсаттарына жауап берे ме, іс жүзінде оған қол жеткізуге бола ма; зерттеу үшін қандай маңызды сұрақтар қажет, қандай кемшіліктер жіберілуі мүмкін, осыларды анықтау көзделеді.

1) соңғы бес жылдағы бүкіл «Қарағанды көмір» бірлестігі бойынша бұзакылық жағдайы туралы деректерді зерттеу және оны зерттеліп отырған шахта деректерімен (элеуметтік-демографиялық, криминологиялық және өзге көрсеткіштермен) салыстыру;

2) шахтадағы бұзақылық туралы деректерді бірлестіктің өзге шахталарындағы соған ұқсас деректермен салыстыру;

3) соңғы бес жылдағы зерттеліп отырған шахтада жасалған ұсақ бұзақылық туралы барлық материалдарды зерттеу;

4) соңғы жылдағы шахта жұмыскерлерінің мәдени, көпшілік және спорт шараларына қатысуы туралы деректерді зерттеу;

5) бұзақылардың орташа жалақысы туралы деректерді, сондай-ақ соңғы бес жылдағы отбасының бір мүшесіне есептегендегі табыс туралы деректерді зерттеу;

6) соңғы алты айдағы шахтерлердің медициналық айықтырығышқа түсүі туралы материалдарды зерттеу;

7) жұмыс орны бойынша ұсақ бұзақыларға, оның ішінде әкімшілік және қоғамдық ұйымдар қолданатын әрекет ету шараларын зерттеу;

8) атальыш шахта жұмыскерлерінің абсолютті басым көпшілігі тұратын шағын аудандағы қоғамдық тәртіп қорғау пунктінің жұмысын зерттеу.

4-жаттығу

Криминологиялық зерттеулер барысында сұхбат жүргізу тәртібін баяндандар.

Криминологиялық зерттеулер жүргізу кезінде сауалнама жүргізуінегізгі ережелері туралы айтып беріндер.

Олардың әрбірінің артықшылықтары мен кемшіліктері қандай? Жауапты негіздендер.

5-жаттығу

Өзгенің меншігіне қарсы олардың жасаған қылмыстарының себептері мен жағдайлары бойынша сottалған бұрынғы ЖШС қызыметкерлерінің пікірін зерттеу жөнінде шешім қабылданды. Атальыш жағдайда қандай болімдерде сауалнама және қандай сұрақтар болуы тиіс? Сіз әрбір болімге қандай сұрақтар енгізген болар едіңіз?

Оны сұраққа жауап берушіге жолдай отырып, сауалнаманың үлгі сұрақтарын жасаңыз. Онда сауалнаманы толтыру ережесін тұжырымдаңыз.

Білім алушылардың өзіндік дайындығына арналған сұрақтар:

1. Кылмыстылықты зерттеудің міндеттері мен теориялық негіздері қандай?

2. Криминологиялық ақпарат қандай негізгі талаптарға жауап беруі тиіс?

3. Криминологиялық зерттеуде қолданылатын сырттан бақылау жүргізу әдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері нeden тұрады?

4. Криминологиялық зерттеу әдісінің бірі ретіндегі құжаттарды зерттеу қандай талаптарға жауап беруі керек?

Рефераттар тақырыбы:

1. Криминологиялық зерттеудің негізгі сатыларының мазмұны.

2. Криминологиялық зерттеу жүргізудегі сұхбат жүргізудің ерекшеліктері.

3. Криминологиялық зерттеу жүргізудегі сауалнама жүргізудің ерекшеліктері.

ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз. — Алматы, «ЮРИСТ» баспасы (соңғы өзгерту және толықтыруларымен).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 03 шілде. — Алматы, «Норма-К» баспасы.
3. «Қазақстан Республикасының Халық денсаулығы және денсаулық сактау жүйесі туралы» Кодексі 18.09.2009 ж. ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Зан» МБ.
4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары туралы Заны 23 сәуір 2014 жыл. Қазақстан Республикасы ӘМ «РҚАО» РМК «Зан» МБ.
5. Қазақстан Республикасының дағы «ҚР Үлттық қауіпсіздік туралы» № 527-IV ҚРЗ Заны. 2012 жылғы 6 қаңтар (соңғы өзгер. және толықтыр.). Қазақстан Республикасы ӘМ «РҚАО» РМК «Зан» МБ.
6. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» № 267-1 ҚРЗ Заны. 1998 жылғы 2 шілде (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Зан» МБ.
7. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заны. 1999 жылғы 15 наурыз, (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Зан» МБ.
8. Қазақстан Республикасының «Жекелеген кару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заны, 1998 жылғы 30 желтоқсан (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). Қазақстан Республикасы Р ӘМ «РҚАО» РМК «Зан» МБ.
9. Қазақстан Республикасының «Есірткі заттар, жүйкеге есеп ететін заттар және оларды заңсız айналдыруға қарсы шаралар туралы» Заны, 10.07.1998 ж. (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). Қазақстан Республикасы ӘМ «РҚАО» РМК «Зан» МБ.
10. Қазақстан Республикасының «Бас бостандығынан айыру орындағынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Заны, 15.07.1996 ж. (соңғы өзгер. және толықт.). Қазақстан Республикасы ӘМ «РҚАО» РМК «Зан» МБ.
11. Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» Заны, 22.07.2011 ж. (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Зан» МБ.
12. Қазақстан Республикасының «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» № 271-IV Заны. 2010 жылғы 29 сәуір (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Зан» МБ.

13. Қазақстан Республикасының «Терроризмге қары іс-қымыл туралы» № 416-І ҚРЗ Заңы. 1999 жылғы 13 шілде (соңғы өзгерт. және толықтыр.). Қазақстан Республикасы ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.
14. Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қары іс-қымыл туралы» № 31 ҚРЗ Заңы. 2005 жылғы 18 ақпан (соңғы өзгерт. және толықт.). Қазақстан Республикасы ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.
15. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың сыйбайлас жемкорлықпен байланысты қылмыстар жөніндегі қылмыстық істерді практикасы туралы» нормативтік қаулысы, 13 желтоқсан 2001 ж. Қазақстан Республикасы ЖС Бюллетені, 2001 ж. № 12.
16. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Пленумының «Парақорлық үшін жауапкершілік жөніндегі заңды соттардың қолдану тәжірибесі туралы» қауылысы, 22.12.1995 ж. Қазақстан Республикасы ЖС Бюллетені, 1995 ж.
17. Алауханов Е.О. Криминология: Оқулық. — Алматы: Жеті жарғы, 2005.
18. Алауханов Е.О. Криминология (Қылымстану): Оқу құралы (Конспекті үшін). — Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2006. — 120 бет.
19. Комментарий к Закону Республики Казахстан «О профилактике правонарушений» / Под общ. Ред. И.И. Рогова, С.С. Молдабаева. — Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2011. — 100 б.
20. Алауханов Е.О., Зарипов З.С. Профилактика преступлений. Учебн. — Алматы: Зан әдебиеті, 2008. — 376 б.
21. С.Қ. Алтайбаев. Виктимология негіздері: Оқу құралы. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2014 — 77 бет.
22. С.Қ. Алтайбаев. Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған дін ағымдарының қысқаша түсіндірмесі: Ақпараттық-танымдық басылым. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2014 — 13 бет.
23. Алтайбаев С.Қ., Жанхан Н., «Шкі істер органдарымен қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу»: Дәрістер жинағы. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015 — 78 бет.
24. Алтайбаев С.Қ., Жанхан Н., Криминология. Ерекше бөлім: Оқу құралы. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015. — 256 бет.
25. Алтайбаев С.Қ. Криминология: Дәрістер курсы. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2016 — 191 бет. — 2-басылым.

26. Алтайбаев С.Қ., Жанхан Н., «Криминология» пәні бойынша практикум. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015 — 50 бет.
27. Р.Б. Құлжақаева, М.А. Қызылов, С.Қ. Алтайбаев. Қәмелетке толмағандардың қылмыстырығы және оның алдын алу: Оқу құралы. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2014 — 87 бет.
28. Құлжақаева Р.Б., Жанхан Н. Қажетті корғану: Оқу құралы. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2014 — 127 бет.
29. Құлжақаева Р.Б., Мергембаев Д.А. Ұйымдастырылған қылмыстардың жауапкершілктері: Оқу құралы. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015 — 74 бет.
30. Мухамадиева Г.Ж. Криминологическая характеристика фальшивомонетничества: Учеб. пос. — Караганда: Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова, 2013. — 70
31. Мухамадиева Г.Ж. Уголовно-правовая характеристика фальшивомонетничества: Учеб. пос. — Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б. Бейсенова, 2009. — 115.
32. Криминология / Ответ. ред. Рогов И.И., Балтабаев К.Ж.). — Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2004. — 336 б.
33. Криминология: Курс лекций / Под. ред. И.Ш. Борчашвили. — Караганда: КарЮИ МВД РК им. Б. Бейсенова, 2002.
34. Криминология: Учебн. Т00 «Қазығұрт» баспасы. — 2006. — 584с.
35. Каиржанов Е.И. Криминология: (Общая часть). — Алматы, 1995.
36. Жадбаев С.Х. Криминология: Краткий курс лекций. — Алматы: Жеті жарғы, 2002. — 144 с.
37. Абдрахманов С.З. Коррупционные преступления: Монография. — Караганда: Изд-во КЮИ МВД РК, 2006.
38. Алауов Е.О. Проблемы правовой борьбы с вымогательством. — Алматы, 1997.
39. Борчашвили И.Ш. Квалификация отдельных видов должностных преступлений. — Караганда, 1991.
40. Борчашвили И.Ш. Коррупционные преступления: закон, теория и практика. — Алматы: ЖЕТІ ЖАРГЫ, 2009.
41. Жұмағали А. Криминология [Электронный ресурс]: Жалпы бөлім: дәрістер / А. Жұмағали. — Электрон. текстовые дан. (27.3Мб) и Электрон. текстовые дан. (123Мб). — Алматы: Нұр-пресс, 2004. — 1 эл. опт. диск (CD-ROM). — (Электронная книга).

42. Криминология: [электронный ресурс] [Электронный ресурс]: Учебн. — Электрон. текстовые дан. (4.28 Мб). — Б.м.: [Без изд-ва], [Без года]. — 1 эл. опт. диск (CD-ROM)
43. Ибраев А.З. Понятие, предмет и система криминологии: Лекция. — Костанай КВШ МВД РК, 1999.
44. Фокс В.М. Введение в криминологию. — М., 1980.
45. Герцензон А.В. Введение в советскую криминологию. — М., 1965.
46. Жасубиев С.Т. История криминологии. — Костанай, 2002.
47. Шнайдер Г.И. Криминология: Учебн. — М., 1994.
48. Антонян Ю.М., Блувштейн Ю.Д. Методы моделирования и изучения преступника и преступного поведения. — М., 1974.
49. Панкратов В.В. Методология и методика криминологических исследований. — М., 1972.
50. Долгова А.И. Преступность и общество. — М., 1992.
51. Джекебаев У.С. Преступность как криминологическая проблема. — Алма-Ата, 1971.
52. Мауленов Г.С. Основные характеристики преступности в Республике Казахстан. — Алматы, 1999.
53. Кузнецова Н.Ф. Преступление и преступность. — М., 1969.
54. Лунеев В.В. Преступность 20 века: Мировой криминологический анализ. — М., 1997.
55. Антонян Ю.М. Изучение личности преступника. — М., 1982.
56. Антонян Ю.М. Психологическое отчуждение личности. — Ереван, 1987.
57. Кудрявцев В.Н. Личность преступника. — М., 1975.
58. Урмонас А.И., Босхолов С.С. Формирование личности преступника. — Минск, 1987.
59. Антонян Ю.М. Роль конкретной жизненной ситуации в совершении преступления. — М., 1973.
60. Антонян Ю.М. Социальная среда и формирование личности. — М., 1975.
61. Номоконов В.А. Преступное поведение: детерминизм и ответственность. — Владивосток, 1989.
62. Ривман Д.Я. Криминологическая виктимология. — СПб., 2002.
63. Чукмайлов Д.С. Криминологическое прогнозирование и планирование борьбы с преступностью. — Алматы, 1998.
64. Аванесов Г.А. Планирование и организация борьбы с преступностью. — М., 1992.
65. Всеобщая декларация Прав Человека от 10.12.1948 г.
66. Декларация о правах ребенка от 20.11.1959 г.

67. Каиржанов Е.И. Профилактика правонарушений среди несовершеннолетних. — Караганда, 1989.
68. Ветров Н.И. Профилактика правонарушений среди несовершеннолетних. — М., 1990.
69. Каиржанов Е.И., Накипов Б. Рецидивная преступность: состояние и профилактика. — Алматы, 1996.
70. Мауленов Г.С. Криминологическая характеристика организованной преступности. — Алматы, 1997.
71. Чукмайтов Д.С. Организованная преступность и коррупция. Их предупреждение. — Алматы, 1998.
72. Гуров А.И. Профессиональная преступность: прошлое и современность. — М., 1990.
73. Чукмайтов Д.С. Применение уголовного наказания в целях предупреждения рецидивной преступности. — Алматы, 1997.
74. Қызылов М.А. Қызметтік жалғандық жасау: з.ғ.к. дәрежесін алу үшін авторефераты. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Заң институты, 2004.
75. Барсукова Р.А. Уголовно-правовая борьба со служебным подлогом: Автореф. дисс. ... канд.юрид.наук. — Караганда: Изд. КЮИ МВД РК, 2002.
76. Тургумбаев Е.З. Уголовная ответственность за превышение власти или должностных полномочий: Учеб. пос. — Алматы, 2004.
77. Сейтхожин Б.У. Квалификация коррупционных преступлений: Теория и практика применения. — Караганда, 2014.
78. <http://adilet.zan.kz/rus> Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми Web-сайты
79. <http://web.kzi.kz/index.php/ru/ob-akademii> Қазақстан Республикасы ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ресми Web-сайты
80. www.mvd.kz — Қазақстан Республикасының ПМ ресми Web-сайты
81. <http://prokuror.kz> — Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының ресми Web-сайты
82. <http://pravstat.prokuror.kz/> — Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының жаңындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ресми Web-сайты
83. www.zakon.kz — Қазақстан Республикасының заңнамаларының Web-сайты
84. <http://stat.kz> — Қазақстан Республикасының статистика бойынша агенттігінің ресми Web-сайты
85. <http://prg.kz/> — «Параграф» ақпараттық жүйесі

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1. КРИМИНОЛОГИЯНЫҢ ПӘНІ, ӘДІСІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕСІ.....	5
1.1 <i>Криминологияның ұғымы және әдісі</i>	5
1.2 <i>Криминология жүйесі, оның басқа ғылымдармен байланысы.....</i>	8
1.3 <i>Криминологияның әдістемесі мен міндеттері</i>	12
2. КРИМИНОЛОГИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ, ДАМУЫ ЖӘНЕ ТАРИХЫ.....	15
2.1 <i>Қылмыстырылғы ілімінің тарихы.....</i>	15
2.2 <i>Криминологияның ғылым ретінде қалыптасуы</i>	17
2.3 <i>Криминологияның дамуы және қазіргі жағдайы.....</i>	19
3. ҚЫЛМЫСТЫРЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ	22
3.1 <i>Қылмыстырылғы ұғымы және негізігі белгілері</i>	22
3.2 <i>Қылмыстырылғытың сандық және сапалық сипаттамасы</i>	23
3.3 <i>Жасырын қылмыстырылғы</i>	26
4. ҚЫЛМЫСТЫРЫҚ СЕБЕПТЕРИ.....	29
4.1 <i>Қылмыстырылғы себептерінің ұғымы</i>	29
4.2 <i>Қылмыстырылғы себептерін жіктеу</i>	32
4.3 <i>Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік демографиялық үдерістердің криминологиялық талдауы.....</i>	34
5. ҚЫЛМЫСПЕН КУРЕСТИ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ БОЛЖАУ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ	37
5.1 <i>Криминологиялық болжау мен жоспарлау ұғымы</i>	37
5.2 <i>Криминологиялық болжау мен жоспарлаудың түрлери</i>	43
5.3 <i>Жеке қылмыстық мінез-құлқыты жоспарлау және болжау</i>	48
6. КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕСІ.....	52
6.1 <i>Қылмыстырылғыты зерттеудің міндеттері және теориялық негіздері.....</i>	52
6.2 <i>Криминологиялық зерттеулердің әдістері</i>	55
6.3 <i>Криминологиялық зерттеуді ұйымдастыру</i>	59

7. ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫ ЕСКЕРТУДЕГІ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ТЕОРИЯНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ.....	62
7.1 Қылмыстылықты ескерту және жақын ұғымы.....	62
7.2 Қылмыстың алдын алу, оның түрлері мен әлеуметтік-құқықтық қамтамасыз етілуі	66
7.3 Қылмыстың алдын алу жүйесі оның іс жүзіндегі бағдары	70
8. НАҚТЫ ҚЫЛМЫС СЕБЕПТЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ	75
8.1 НАҚТЫ ҚЫЛМЫС ЖАСАСАУ СЕБЕПТЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ ҰҒЫМЫ.....	75
8.2 НАҚТЫ ҚЫЛМЫС ЖАСАУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МЕХАНИЗМІ.....	76
8.3 НАҚТЫ ӨМІРЛІК ЖАСАДАЙДЫҢ НАҚТЫ ҚЫЛМЫС ЖАСАУДАГЫ НАҚТЫ РӨЛІ	78
9. ҚЫЛМЫСКЕР ТҮЛГАСЫ.....	86
9.1 Қылмыскер түлгасының ұғымы	86
9.2 Қылмыскер түлгасының құрылымы. Қылмыскер түлгасының криминологиялық сипаттамасын құрайтын негізгі қасиеттер.....	88
9.3 Қылмыстық түлганың қалыптасуындағы әлеуметтік және биологиялық байланыстар	93
10. ЖӘБІРЛЕНУШІ ТҮЛГАСЫ. ВИКТИМОЛОГИЯНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТИЛЕРІ	96
10.1 Виктимология ұғымы	96
10.2 Криминалдық жағдай туындағандагы жәбірленушінің рөлі	100
10.3 Қылмыстан жәбірленушінің жіктеу.....	105
ТАҚЫРЫПТАРДЫ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН СҮРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР.....	108
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР.....	112
ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:	108

КРИМИНОЛОГИЯ

Oқу құралы

Совет Қапашұлы Алтайбаев

Техникалық редактор: С. М. Аубакирова

Тексеруге 01. 09. 2022 ж. Басуға 30. 11. 2022 ж. қол қойылды.

Қалыбы 60×84¹/₁₆. Офсеттік қағаз. Офсеттік баспа.

Шартты баспа табақ 6,7. Есепті баспа табақ 5,8.

Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 1225.

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа
жұмысын ұйымдастыру бөлімі.

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының 2022 жылға арналған әдебиеттер
шығару жоспарының № 21 тақырыбы.

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының баспаханасында басылды.
Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 124.